

ISSN 1563-0323, eISSN 2618-0782

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Филология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия филологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

EURASIAN JOURNAL

of Philology: Science and Education

№3 (179)

Алматы
«Қазақ университеті»
2020



ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ №3 (179) қыркүйек

ISSN 1563-0323, eISSN 2618-0782



04. 05. 2017 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінде тіркелген

Қуәлік № 16497-Ж

*Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)*

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Зуева Н. Ю. – ф. ф. к., доцент (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбдиманұлы Ө., ф. ф. д., профессор (ғылыми редактор)
(Қазақстан)

Досанова А. М., PhD, доцент м. а. (ғылыми редактордың
орынбасары) (Қазақстан)

Таева Р. М., ф. ф. к., доцент (редактордың көмекшісі)
(Қазақстан)

Алинтаева Л. Т., ф. ф. к., доцент м. а. (редактордың
көмекшісі) (Қазақстан)

Джолдасбекова Б. У., ф. ф. д., профессор, ҰҒА
корреспондент-мүшесі (Қазақстан)

Қарағойшыева Д. А., ф. ф. к., PhD, доцент (Қазақстан)

Мадиева Г. Б., ф. ф. д., профессор (Қазақстан)

Темірболат А. Б., ф. ф. д., профессор (Қазақстан)

Тымболова А. О., ф. ф. д., профессор (Қазақстан)

Донна Орвин, ф. ф. д., профессор, Торонто университеті
(Канада)

Евдокимова С. Б., PhD, асс. профессор, Браун
университеті (АҚШ)

Жаң Жин Жин, доктор, профессор, Пекин ұлттық орталық
университеті (Қытай)

Кибальник С. А., ф. ф. д., профессор, Орыс әдебиеті
институты (Ресей)

Морхье Пост, PhD, профессор, Берген университеті
(Норвегия)

Насие Йылдыз, ф. ф. д., профессор, Гази университеті
(Түркия)

Риверс Уильям П., ф. ф. д., профессор, Ұлттық кеңес және
тілдерді дамыту жөніндегі халықаралық оқыту (АҚШ)

Сэт А. Агбо, PhD, асс. профессор, Лейкхэд университеті
(Канада)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Тонкер А. (Қазақстан)

«Филология сериясы» қазіргі тіл білімі мен әдебиеттану және аралас мамандықтардың өзекті мәселелерін жария-
лауға арналған.



Министерство образования и науки
Республики Казахстан
Официальный интернет-ресурс
Комитета по контролю в сфере
образования и науки



РОССИЙСКИЙ ИНДЕКС
НАУЧНОГО ЦИТИРОВАНИЯ
Science Index



Жоба менеджері

Гульмира Шаккозова

Телефон: +7 708 2709681

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева

Ағила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

ИБ № 13877

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 10,8 б. т. Тапсырыс №12495.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

1-бөлім
ӘДЕБИЕТТАНУ

Section 1
LITERARY CRITICISM

Раздел 1
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

З.-Г. Бисенғали*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

*e-mail: zinolgabden@hotmail.com

ҰЛЫ ҰСТАЗДЫҢ ҚАСИРЕТІ

Мақала филология ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі Қ. Жұмалиевтің қазақ әдебиеттануына қосқан еңбектеріне арналады. 1932 жылы КазПИ-ді бітірген Қ. Жұмалиевті Қазақстан Халық ағарту комиссариаты Орал қаласында жаңадан ашылған педагогикалық институтқа оқытушылық қызметке жібереді. Оқулықтар мен оқу құралдарының жоқ кезі. Жас маман әдебиет тарихы мен теориясы туралы оқулықтар жазуды ойластырады. Сауатты оқулық жазу үшін поэтика мәселелеріне көңіл бөледі. Тақырыпты қаза зерттеу жолында әдебиеттегі «ұлттық рух», «характер» туралы ұғымдарға көңіл аударады. Оқу құралдарының алғашқы үлгілерін жазу барысында әдебиет теориясының қадау-қадау қағидаларын қайта қарау қажет болды. Бұлардың арасында қазақ әдебиеті мәселелерімен үйлеспейтін орыс оқулықтарының күмәнді жерлері жеткілікті еді. 1941 жылы «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген тақырыпта кандидаттық, 1946 жылы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» тақырыбындағы докторлық диссертация қорғайды. Бірақ, академик-ұстаз, ғалымның Кеңес одағы идеологиясының ұлттық рух пен ұлтшыл әдебиетке жапқан сорақы жалалары бағытында қудалауға ұшырап түрмеге қамалады. Бұл зерттеулер тоқталады. Кейін ақталып шыққан соң да оған арнайы орала алмайды. Қазақ әдебиеті тарихында дара орны бар ірі ғалымның қиындыққа толы ғылыми жолы мына мақалада жан-жақты деректі талдаулар негізінде қозғалады.

Түйін сөздер: әдебиет тарихы, теориясы, оқулықтар, оқу құралдары, ұлттық рух, ұлтшыл әдебиет, кеңес үкіметі идеологиясы.

Z.-G. Bisengali*

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

*e-mail: zinolgabden@hotmail.com

The tragedy of the great teacher

The article is devoted to the contribution of the doctor of philological sciences, academician of the National Academy of Sciences K. Jumaliyev in the study of Kazakh literature. K. Jumaliyev, who graduated from KazPI in 1932, was sent by the People's Commissariat of Education of Kazakhstan to teach at the newly opened Pedagogical Institute in Uralsk. At that time there were no textbooks and teaching aids. The young specialist plans to write textbooks on the history and theory of literature. In order to write a competent textbook, he began to pay attention to the issues of poetics. In the process of studying the topic, he draws attention to the concepts of "national spirit" and "character" in the literature. In 1941, he defended his thesis on "Kazakh literature of the 18th-19th centuries", and in 1946, his doctoral dissertation on the theme "Kazakh poetry before Abai and the language of Abai's poetry." However, the academic teacher, scientist was persecuted and imprisoned as a result of the malicious slander of Soviet ideology on the national spirit and nationalist literature. These studies have been discontinued. Even after being acquitted later, he could not return to them. This article is based on a comprehensive documentary analysis of the difficult scientific path of the great scientist, who played an important role in the history of Kazakh literature.

Key words: history of literature, theory, textbooks, teaching aids, national spirit, nationalist literature, ideology of the Soviet government.

З.-Г. Бисенғали*

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

*e-mail: zinolgabden@hotmail.com

Трагедия великого учителя

Статья посвящена доктору филологических наук, академику Национальной Академии наук К. Жумалиеву, внесшему бесценный вклад в изучение казахской литературы. Окончив Казахский педагогический институт им. Абая в 1932 году, К. Жумалиев был направлен

Наркоматом просвещения Казахстана преподавателем в только что открывшийся в Уральске педагогический институт. В то время не было учебников и учебных пособий. Поэтому молодой специалист решает самостоятельно написать учебники по истории и теории литературы. Причем большое внимание было отведено вопросам поэтики. В процессе изучения истории он обращает внимание на такие понятия, как «национальный дух и характер» в литературе. В 1941 году К. Жұмалиев защищает кандидатскую диссертацию на тему «Казахская литература XVIII-XIX веков», а в 1946 году докторскую на тему «Казахская поэзия до Абая и язык поэзии Абая». К сожалению, за освещение вопросов «о национальном духе в национальной литературе» молодой академик подвергся жестким репрессиям со стороны блюстителей советской идеологии, в результате которых известный ученый подвергся преследованиям, и даже тюремному заключению в результате злобной клеветы. Естественно, задуманные и запланированные ученым работы и исследования по поэтике были прекращены, а учебники и учебные пособия запрещены. Даже будучи оправданным позже, он не смог вернуться к ним. Данная статья написана на основании всестороннего изучения материалов о жизни и научно-педагогической деятельности великого ученого, сыгравшего важную роль в истории казахской литературы.

Ключевые слова: история литературы, теория, учебники, учебные пособия, национальный дух, национальная литература, идеология советского правительства.

Кіріспе

1967 жылдың соңғы күндері. Студенттер арасындағы көп кездесулердің бірінде Абай атындағы педагогикалық институт студенттері мен біз, ҚазМУ студенттері, кезекті бір жиындарда бас қостық. Жәй әңгімеден басталған сырласу күтпеген жерден салмақты пікірталасына, одан дауға, бірте-бірте қызыл кеңірдек айтысқа ұласты.

Мұны бастаған – біз, ҚазМУ студенттері. Бас қосуға үлкен бір әсер үстінде келгенбіз. Әдебиеттануға кіріспеден З. Қабдоловтың таяуда оқыған дәрісінің ғажаптығын, ұстаздың шеберлігін, күрделі ойларды дәл бейнелеген көркем тілін айтып, таласа сөйлейміз, әсер үстіндеміз. Соны ретін тауып мына бас қосудағы әңгімеге де қыстыра бастағанбыз ғой, сірә..

Мұны жаратпаған көршілеріміздің бірі бұл әңгімемізді аяқ астынан бұзды:

– Менің білуімше, З. Қабдолов дәрісті бәрібір Қ. Жұмалиевтей оқи алмайды, – демесі бар ма. Дауысын асыра, батыл сөйлегеніне қарағанда жоғары курста оқитын болуы керек. Сендер, қала зиялыларының қазан мәжілісіндегі ұстаздың сөзін естідіңдер ме?

– Естідік, – деді қызына бастаған біреуміз ежірейе. Сен, Қабдоловтың дәрісінде болған жоқсың ғой, неге олай дейсің?

Қарсыластарымыз бұған шамданып қалды...

– Біздің Қажекен барлық эпостарды жатқа біледі, классиканы да, әсіресе, Белинскийді, оны кез келген адам қайталай алмайды. Қажекеннің Ұлттық ғылым академиясының академигі екенін білесіздер ме? Басқасын былай қойғанда «Эпостар және әдебиет тарихы» мен «Абайтану поэти-

касы» туралы еңбегін оқыдыңдар ма, өзі? – деді, үшінші біреуі кекеткендей.

Әңгіме осы бағытта көтеріліп барып, әрең басылды.

Ертеңіне кітапханаға барып Қ. Жұмалиев еңбектерін, өмірбаянын қолға алдық. Ұстаз қазақ әдебиеттануында бірінші болып, 1941 жылы кандидаттық, 1946 жылы докторлық диссертация қорғапты. Әрі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың отаны атанған Ленинград қаласында мүйізі қарағайдай атақты орыс ғалымдарының алдында қорғаған екен, ойлана бастадық.

«Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» тақырыбындағы осы іргелі зерттеуі үшін сол жылы Қазақ ССР ҒА мүше-корреспондент сайлаған.

1967 жылы Ғылым академиясының толық мүшесі, академик. Қазақ әдебиеттанушылары арасында құрметті бұл атақты ғылыми еңбек қорғап, ғылым докторы дәрежесі бойынша алғашқы алғандардың – бірі.

Осы дауласу үстінде Қажым Жұмалиевтің дәрістерін тыңдаған шәкірттері аңызға бергісіз біз білмейтін де біраз әңгімелер айтты. Қазақ әдебиеттануының қалыптасуы мен дамуы үшін өмірі мен білімін аямай-ақ жұмсаған бір адам болса сол – Қажекен, – дейді. Өзінің көрмегені жоқ, әдебиеттегі ұлттық рух туралы пікірлері үшін жер аударылды, түрмеге қамалды, бірақ әділдік үшін айтысып, соттасып жүріп, бәрін жеңіп ақталады.

Шындық жеңіп шықты, – дейді. Бұл тарихтың шет жағасын, ҚазМУ де оқи бастағанда-ақ естігенбіз. Ұлтшыл ойлары үшін ұсталды, қамалды, кейін ақталды дегендерді.. Әсіресе, дәрістері ғажап дегенді көп айтатын.

Енді ұстаздың дәрістерін тыңдап көру керек екен, – деген ойда қалдық..

Алайда академиктің дәрістерін тыңдау бізге бұйырмаған екен. 1968 жылы академик-ұстаз дүние салды. Енді академик-ұстаздың өмірі мен мінез құлқы туралы ерекше сезіммен жазылған естелік, мақалаларды көңіл қойып оқи бастадық. Аңызға ұласқан тарихтың шындығын білу үшін, бірде ұстазымыз З. Қабдоловтан осы «аңыздың шындығын» сұрадық.

Зейнағаң асықпады. Сәл ойланып барып үлкен әңгімеге көшті. Сол сөздерінің кейбір үзінділері кейінгі кітаптарына енді: «Әрине, Қ.Жұмалиев кітабының («Әдебиет теориясы». – З.Б.) қазақ әдебиеттану ғылымындағы орнын да, тек мектеп оқушылары ғана емес, қалың көпшіліктің эстетикалық талғамын қалыптастыруда ондаған жылдар бойы атқарған ролін де ешкім жоққа шығара алмайды.

Алайда бұл әдебиет теориясының келелі мәселелерін кеңірек және тереңірек зерттеуді күн тәртібінен түсірген жоқ, қайта бізді сол әрекетке меңзей береді..» дей келе, бұл бағытта Қаз МУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасы жоспарлап жатқан жаңа зерттеулерге көшті.., әдебиеттануда көріне бастаған жаңалықтарға орай жаңа бағдарлама жасадық.., сол бойынша дәрістер оқып келеміз. Енді соның негізінде арнайы еңбектер, оқулық жазу міндеті пайда болды...т.с.с....Ал Қажекеннің қазақ эпосы мен әдебиет классиктерінің көптеген шығармаларын жатқа білетіні, әсіресе, В.Белинскийді – шындық» деген. (Кабdulov, 1976:4)

Қ.Жұмалиевтің ғылыми еңбек, мақалаларымен жете танысуда ғалымның ұлы сыншының еңбектерін жете білетініне көз жеткіздік. Әрі қайран да қалдық. Көркем әдебиеттің жаны, күре тамыры шындық пен көркемдік ізденістің бәрі содан басталады, соған оралады деген пікірлері үшін талай дауласқанбыз (Belinskiy, 1976: 128). Оның арты Н.Чернышевскийдің «Өнер мен өмірдің эстетикалық қатынасы» туралы еңбектері жайлы таластарға ұласты (Chernyshevskiy, 1939: 686), Мұнда да бір шешімге келе алмай, жоғары курс студенттерінің ақылы бойынша Н.Доболубовтың әдеби сын мақалаларына кірісіп «Қапас патшалықтағы күн нұры» т.б. оқып жүргенде студенттік емтихандар келіп, амалсыз тыныштық таппағанда біраз жерлерге баратын едік. Алайда сондағы іздегеніміз В. Белинскийден басталған дауларға жауап болтын,шынын айтқанда, тұшымды жауаптарды әлі іздеп келеміз деуге болады.

Ұстаздармыз, Зейнолла Қабдолов академик М.Әуезовті көп аңыздайтын. Оның аңыз тәрізді

дәрістерін тыңдап отырып қайран қалушы едік. Осының бәрі шын ба екен? – деп, есейе келе бұған көзіміз жетті.

Қ.Жұмалиев қазақ қоғамдық санасының ірілігін тарата жазам деп елуінші жылдардың орта тұсында көп еңбектенген,кейбір әріптеслері тарапынан қаншама күстаналау көрген. Бірақ, бүгінгі әңгіме бұл туралы емес.

Ұлы ғалым туралы негізгі ойлар мен талдаулар

Академик З.Кабдолов дәрістері кезінде біз жас едік. Бірақ мамандық туралы армандарымыз өте көп, ойларымыз тым ірі еді. Ал студенттік қызықтарымыз.....қайсы бірін айтайын, «махаббат, қызық мол жылдар..» дегендей арман мен үміті жетегінде жүздік емес пе? Болашаққа ұмтылған сол күндер-ай десеңші... Әсіресе, мақтануға болатын бәрімізге ортақ бір ерекшелігіміз болды. Баспадан шыққан жаңа кітап, көркем шығарма мен әдеби сындағы маңызды мақалаларды іздеп оқушы едік. Алматыдағы өнер мен әдеиетке тарихқа қатысты ірі оқиғаларды жібермеуші едік.

Соның бірі 1967 жылы 25 қазан күнгі М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми сесиясында Қажым Жұмалиев «Қазақ совет поэзиясының қазіргі жайы туралы» баяндамасы болды. Оның әсерін біздің ұстаздармыз әр сабақтарында айтып отыратын.

Естеліктерге де жазды: «Қолда түк қағаз жоқ, кафедраға шығып алды да баяғының шешендері сияқты суырыла сөйлеп кетті. «Қазақ совет поэзиясының қазіргі жайы» туралы тым әріден бастады. В.Белинскийдің «Поэзияны жігіне және түріне қарай бөлу» деген мақаласынан екі беттей цитатаны жатқа айтып шықты да, міне біз соның бір түріне тоқталамыз деп әдебиеттің басқа жанрларынан таза поэзияны бөліп алды. Қазіргі поэзиямыздың тақыр жерде тұмаған дүние екенін дәлелдеу үшін эпикалық әдебиеттің басқа жанрларынан таза поэзияны бөліп алды. Қазіргі поэзиямыздың тақыр жерде тұмаған дүние екенін дәлелдеу үшін эпикалық шығармалардан: «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қамбар батыр», жырларынан, лиро-эпикадан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман Шолпан», поэзияның қысқа көлемді түрінен: «Жар-жар», «Сыңсу», «Беташар», айтыстың түрлерінен мысалдар келтіре отырып, Бұқар жырау шығармаларына келіп бір-ақ тоқтады.

Бұқарға келгесін-ақ шын жүйріктің көмейі ашылып, көсіле түсті. Оған жалғас Махамбет пен

Шернияз, Азаматқызы мен XIX ғасырдығы қазақ поэзиясының мұнаралы биігі Абайға келгенде қазіргі дәуір поэзиясының аулы Қажекеннің аяқ астында тұрды».

Бұл баяндама қазақ қоғамдық санасында, әсіресе, ғылыми ортада біраз әңгіме болды. Қ. Жұмалиевтің қазасынан кейін мерзімді баспасөз беттерінде ғалымның баяндамаларын, лекцияларын тыңдаған ағалары мен замандас әріптестерінің ғылыми, деректі мақалалары қардай жауды. Талай шындақтар айтылды. М. Әуезов, Ә. Марғұлан, С. Мұқанов, Е. Исмаилов, З. Ахметов, С. Қирабаев, З. Қабдолов, Х. Әдібаев, М. Мырзахметов, Ә. Тәжібаев, М. Ғабдуллин, Х. Ерғалиев, Х. Есенжанов, Ә. Дербісәлин, М. Атымұмов, М. Хасенов, Ы. Дүйсенбаев, Б. Ысқақов, С. Сейітов, С. Талжанов, А. Нұрқатов, Т. Әбдірахманов т.б. еңбектерінде үлкен құрметпен атайды. Іргелі зерттеулер мен байсалды әдеби-сын еңбектердегі ғылыми бағыттары туралы да біраз жазылды. Осы екпін 70-жылдардың ортасына дейін жалғасып келеді де біртіндеп азая бастайды.

Шын мәніндегі ұстаздар сирек, сирек емес-ау, өте аз, дегенді З. Қабдолов жиі айтатын.

Академиктің көңіл бөлген жұмыстарының басты арнасы – ұстаздық екенін көрдік, білдік. «Дүниедегі ең ардақты, қасиетті, киелі мамандық – ұстаздық. Бірақ бұл жол оңай жол емес. Ел білетін көрініп тұрған «ақты қара, қараны ақ» деп ұстаз ешқашан айта алмайды», – деген сөздерді айрықша мән бере айтатын ұстаздары Х. Досмұхамелұлы, С. Асфендияров, С. Сейфуллин т.б. мұраланған тәрізді. Бұл ұстанымды академиктің өзі жиі жиі айтқан, – деп атақты шәкірттері аз жазбаған. Сол естеліктерге жәй ғана көз жүгіртудің өзі талай ойларға қозғау салады:

Академик С. Қирабаев: «Қажым – педагог ұстаз еді. Өмірінің 35 жылын бала оқытушылық қызметпен өткізді. Қажым шәкірттерінің қатарына мен тек Орал пединституты КазПИ-де, ҚазМУ мен Қарағанды пединституттарында оның лекциясын тыңдаған жастарды ғана емес, осы 35 жыл ішінде қазақ мектептерінде оқып, қазақ әдебиетінен дәріс алған шәкірттердің бәрін де қосар едім. Олардың бәрі әдеби білімді алғаш Қажым оқулығы арқылы алды. <...> Оның оқулықтары негізінде орта мектепте қазақ әдебиетін пән ретінде жүргізу іс жолға қойылды» (Qirabayev, 2007: 315).

Қажым Жұмалиевтің жетекшілігімен 32 адам ғылым кандидаты, 8 адам ғылым докторы дәрежесін алыпты. Олардың ішінде филоло-

гия ғылымдарының докторлары, профессорлар Е.В. Лизунова (орыс), А.И. Харисов (башқұрт), К.Р. Рсалиев (қырғыз), Н.Т. Сағитов, Н.Ж. Жапақовтармен (қарақалпақ), қатар қазақтар С. Қирабаев, М. Мырзахметов, Ф. Оразаев, Б. Наурызбаев, және М. Атымұмовтар бар. Ал бұл тізімге филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алған З. Серікқалиев, З. Жұмағалиев, Ә. Тілегенова, С. Құспанов, С. Тойшыбаева, З. Серікқалиев, Ш. Әділбеков, Қ. Тоқтамысов, Қ. Мырзағалиев, Қ. Жүсіпов, Б. Асылбеков, А. Ламашев т.б. жолдастардың аттарын қоссақ мұның өзі ұстаз еңбегінің өресі биік, өрісі кең болғанын аңғартады» (Атымұмов, 1987: 160).

Профессор М. Мырзахметов: «Қ. Жұмалиевтің саналы өмірі түгелдей ұстаздық жолға арналды. Ол дәріс оқу үстінде ешқандай конспект, қағазға қарамайтын. Әдеби шығармаларды талдау үстінде кез-келген ақын, жыраудың өлеңін жатқа соғып, сөз маржанын нәсерлеткенде тыңдаушысын сілтідей тындарып керемет әсерде қалдыратын.

Шәкірт атаулыға біліміне қарап бағасын, ынта-талабына қарай құрметін аямаса, ойында нәрі бар творчество адамына деген ықыласы да бөлекше болатын» (Myrzakhmetov, 1977:3).

Академик Зейнолла Қабдолов: «...Қажым Жұмалиев – шын мәніндегі сирек кездесетін ұстаздың бірі: ол – буын-буын жас ұрпаққа үлгі беруден, өнеге дарытудан, ғұмыр бойы «үйретуден жалықпаған» нағыз педагог. <...>

Қ. Жұмалиев – көп қырлы кісі: ғалым, жазушы, ұстаз.

Ол өзінің өзге қырларымен қатар, ұстаздық қызметке 40 жылға жуық ғұмырын жұмсаған екен.

Бұл, мүмкін, оның өзге қызметіне (мәселен, жазушылығына қажет уақытқа біраз қиянат жасаған-ды. Асылы Жан-Жак Руссо-ның байлауы дұрыс:

Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау.

Бірақ бұған өкінбеу керек. Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ.

Ұстаздық – ұлы нәрсе!» (Kabdulov, 1983: 414).

Мұндай пікірлерді жалғастыра беруге болады. Олардан Қ. Жұмалиевтің ұстаздық қызметі мен дәріс оқудағы шеберлігі мен шешендігіне, әмбебап білімділігіне айрықша тоқталғандарды ғана алдық.

Қ. Жұмалиевтің ғалымдағы және қазақ әдебиеті тарихын жасаудағы ғылыми-теориялық

еңбектері, оқулықтары мен оқу құралдары туралы жазылған материалдар қаншама! Сан алуан мәжіліс пен жиналыстардағы шешендікке ұласып жатқан сөздері мен баяндамалары жарық көрген емес. Ұстаздық шеберлік туралы жарық көрген аз-кем толғамдары мен естеліктері өз алдына. Мұндағы ойлар ешқашан күмән-күдіктерге айналған емес.

Қорғамдық-гуманитарлық білім саласының қызметкерлері, әсіресе, қазақ әдебиеті тарихы мен теориясының мамандары өздеріне дәріс оқымасда ұстаз санаған академик-ғалымға тиісті құрмет көрсете алдық па, өзіне лайық. Мәселе – осында.

Қажым Жұмалиевті егемендік алған жылдан бері оқытып келеміз – деп айтқымыз келеді. Бірақ осында бір түсініксіз самарқаулық бар, ықылассыздық байқалады. Осы бір түсініксіз жайдың қазірге жастарға әсері бардай. Қажым Жұмалиевтің кім екенін интернет пен алуан түрлі қызықтарға алаң бүгінгі ұрпақ біле ме, ойланып көргендері бар ма екен? – деп ойлайсың осындайда. Оқырмандар арасында аты-жөнін білетін біреулер кездесер. Бірақ қазақ қоғамдық санасы мен мәдениетіне сіңірген еңбегі туралы жақсы білетіндер көп болмас.

Біздің ойымызша, Егемен Қазақстанның болашағы туралы ойланушылар, әсіресе, оқу-тәрбие ісінің типтік оқу бағдарламасын жасаушылар, еліне сіңген ерен еңбегі бар, бүгінде аразамызда жоқ азаматтарды қуғын көрген, түрмеден шыққан «бейшаралардың» бірі демесе екен.

Алдымен мына тарихи деректерді еске түсірейік. Қажым Жұмалиев – М. Әуезовтің қанаттас әріптесі, қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетінің аса ірі маманы. Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы туралы алғашқы жүйелі зерттеулер мен еңбектер, оқулықтар мен монографиялар жариялаған, жоғары мектептерде дәріс оқыған ұстаз. 1941 жылы «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген тақырыпта кандидаттық, 1946 жылы «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған.

Көркем шығарма поэтикасы тәрізді екіншісі бірі ұға бермейтін аса қиын тақырыпқа, қазақ әдебиетінде бірінші болып кірісіп, докторлық жұмысты тез жазып қорғауына ықпал еткен жоғары мектепте әдебиет теориясы мен тарихынан дәрістер оқып тәжірибе сабақтар жүгізуі және теориялық, практикалық, дайындығының мықтылығы еді. Жұмыста орыс ғалымдарының еңбектерін мейілінше мол қарастырады: В. Виноградов, Ротбуня, (1922), Beselovskiy, (1940),

(Zhirmynskiy, 1928), Б. Буров М. Горький, Г. Абрамич, Л. Тимофеев, Ф. Головенченко, Л. Щепилова, В. Сорокин, И. Гуторов және дүние жүзі әдебиет институтының 3 томдық іргелі еңбегіне де сүйенеді. Бұл көрнекті ғалымдар арасынан Қ. Жұмалиевтің көп көңіл бөлгені курсивпен берілген ғалымдар болатын. Олардың көркем әдебиет поэтикасына арналған аса маңызды еңбектерімен, тіпті өзекті мәселелерін қозғайтын мақалаларымен жете таныс еді. Жаңа концепциялар мен маңызды ойларды саралайды, салыстырады. 1946 жылы СССР Ғылым академиясының шығыстану институтында қорғайды (Zhumaliyev, 1960: 123).

Поэтикалық зерттеулердің теориясы, әдіснама, тәсілдерімен жақсы таныс атақты орыс ғалымдары И.И. Мещанинов, С.Е. Малов, Ю.И. Крачковский, Н.Ф. Бельчиков, Н.К. Дмитриев, А. Боровковтар мен Абай шығармашылығын жан-жақты зерттеген (Auezov, 1985: 246), Mukapov, 1967: 301), Nurkatov, 213: 384) жоғары бағалаған.

Қ. Жұмалиев әдеби үдеріске үзбей араласқан ҰҒА алғашқы академиктерінің бірі. Қазақстан мектептеріне арналған сан-алуан бағдарламаалар, оқу құралдары мен оқулықтардың авторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасын 30 жыл басқарған, жалпы ұстаздық өтілі – 36 жыл.

Ғалымның 1958, 1960 жылдары жарық көрген қазақ әдебиеті тарихының мәселелеріне арналған қос томдығы: «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» және «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» қазақ әдебиеттануы үшін үлкен табыс, құбылыс болды. Бұған қосымша сан мәрте қайта басылған «Әдебиет теориясы», «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті», Махамбеттануға арналған зерттеулері мен монографияларын да айтуға болады.

Қажым Жұмалиевтің туғанына 110 жыл толуы туған жері Оралда Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің педагогика факультеті халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция түрінде атады. Бұған да шүкірлік етуге болады. Өйткені, бұрынғыдай студенттерді мәжіліске мәжбүрлеп жинап, іш пыстырарлық көшірме баяндамаларды тыңдататын қалыптан шыққан тәріздіміз.

Осы жолы университет ғалымдары Ләззат Тұяқбайқызы Рысбекова, Баян Ғаббасқызы Шынтемирова, тарих ғылымдарының докторы, Тұяқбай Рысбековтер, тарих ғылымдарының

докторы және Орал облысы әкімшілігі бұрынғы сірескен тоңды бұзыпты. Алғаш рет академик, ғалым-ұстаз, ақын-жазушы мерейтойы Орал қаласындағы драма театры ғимаратында, қазіргі үрдіспен жаңаша айтқанда, жаңа форматта өтті.

Оралдықтар академик ұстаздың көзін көрген, сөзін естіген, өмірі мен шығармашылығын, еңбегін жақсы білетін ардагерлерді, Алматыдан, Өзбекстаннан, Нүкістен, Ресейден, Уфадан шақырылған ғалымдармен халықаралық деңгейдегі салтанатты, ғылыми конференция өткізді.

Ең қуаныштысы мәжіліске Орал қаласы әкімшілігінен, Қажым Жұмалиевтің туған жері Қаратөбеден аудан басшылары келді. Есімі мен еңбегі Қазақстандықтарға ғана емес, одан тыс жерлерде белгілі атақты жерлестері туралы оралдықтар ойлана бастаған сыңайлы. Оған Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті Азамат Мамыровтың Қ.Жұмалиев шығармаларының, бір бөлігін ғана, 7 том түрінде жариялауы (2010 ж.) қозғау салған сияқты. «Ештен де кеш жақсы» дегендей бұған да шүкір. Бұл жеті том Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасы жанынан құрылған арнайы комиссия мәжілісінде мақұлданып, облыстық тілдерді дамыту басқармасының тапсырысы, тікелей қаржыландыруы бойынша баспаға ұсынылған екен.

Ұстаздың болашақ ұрпақ тәрбиелеудегі ерен еңбегі – ұлттық идея мен ұлттық рухты, сананы қалыптастыруға арналған болатын. Ғұлама ғалымның аңызға айналған дәріскерлігінен өзге де аса маңызды идеяларды еркіндік пен азаттықты насихаттауға арналған ғылыми зерттеулері мен өзекті мақалалары бар.

Ұлттық рух пен сана, тәуелсіздік пен бостандық туралы еркін ойлауға мүмкіндігі мол шығармашыл адамдардың отаршыл кеңес үкіметіне жақпайтыны аян.

Қ. Жұмалиевтің «тар жол, тайғақ кешу» жолдары тап осыдан, Кеңес үкіметіне жақпайтын идеяларды қозғаудан басталады.

Кейінгі ойларымыз түсінікті болуы үшін алдымен алдымен Қажығали Жұмалиевте бұл идеялар қайдан және қалай басталды, берік сенімге, дүниетанымға қалай айналды, сол туралы өмірбаяндық деректерден бірер сөз.

1907 жылдың 28 желтоқсанда, Батыс Қазақстан облысының бұрынғы Қаратөбе ауанында дүниеге келген. Атадан төртеу, анадан екеу дегендей жалғыз емес. Әке шешеден ерте айрылса да бауырмал туыстарның арқасында қақпай көрмей еркін өскен.

Хат танытын үлкен ағаларының жатқа соғатын, батырлар және ғашықтар туралы жыр-дастандарды түрлі эпостарды тыңдайды, өзі олардың көбін сол кездерде-ақ жаттаған. Көпшілік бас қосқан шағын жиындарда орындаған көрінеді. Осыған қарап ауыз әдебиеті, батырлық және лиро-эпостарына ерекше ықыласы болған түсінесің. Ел аузындағы аңыз-әңгімелер мен тарихи жырларға әуес. «Жастайымнан әңгіме-жыр, дастандарға құмар болдым», – деп өзі айтатын. Бұл – талантты баланың тумысынан мұраланған ерекше қасиеттері – болашақ ізденістерінің мықты іргетасы еді. Осы таным 1923 жылға дейін ауылдық мектепте оқыған зерек, талапты жасты Орынбор қаласындағы «Ересектер» мектебінде алып келді.

Бұл жылдар еліміздің тарихындағы аштық аталатын обырмен ұштаса келді. Орынборға ағайындарының рұқсатын алмай өз бетімен келген талабы таудай болса да тәжірибесі жоқ жасты аштық пен жоқтықтың қандай сынақтан өткізгені, әрине, басқа әңгіме.

Бірақ бұл Қажым Жұмалиев өз бетімен қабылдаған алғашқы шешім болатын. Осы қиын жылдарда іздеп келген оқуына түсе алмай, барар жері, бастар тауы қалмай аш-жалаңаш құрдымға кеткелі тұрған балаға көмектесетін, «Ересектер» мектебіне қабылдататын Сейітқали Меңдешев еді. Ол сол жылдарда Қазақстан Советтік Социалистік Автономиялы Республикасы Орталық Атқару Комитетінің Председателі болатын (Zhumaliyev, 2010: 40).

1925 жылы Шымкент қаласындағы ауыл шаруашылық техникумына оқуға түседі де оны бітірмей жатып Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың хабарландыруы бойынша жаратылыстану факультетінде оқуға 1929 жылы түседі. Оқуға түсу үшін «Абай Құнанбаев туралы» жазған шығармасын тексерген бір қаламгер институт ректоры С.Асфендияровқа айтып, әдебиетке ерекше қабілеті студентті филология факультетіне ауыстырады. Соған қарағанда Абай туралы жазғандарында өзіндік таным әрі тілдік сәтті қолданыстарды байқаса керек. Бұл Қажым Жұмалиев қабылдаған екінші шешім еді.

Қ. Жұмалиевке осы бір қиын жылдарда көмектескен С. Сейфуллин, Х. Досмұхамедұлы, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Камалов т.б. есімдерін ерекше атауға болады. Олар туралы академик-ғалым естеліктерінде жазды. Тек қана үлкен ұстазы, аса ірі ғалым Халел Досмұхамедұлы туралы жағандары әлі табылмай отыр. Осы естеліктердің жаңа басылымына да ен-

ген жоқ. «Жайсандары қазақтың» (Zhumaliyev, 2019:348).

Сан түрлі қиындықтар мен сергелдендерді бастан кешкен ғалымның дүниетанымына ықпал жасаған ірі тұлғалар – осылар.

С. Асфендияровтың тарих, әсіресе түрік елдерінің тарихы туралы пікірлері, С. Сейфуллиннің фольклор, ұлттық сана туралы дәрістері, Х. Досмұхамедұлының Алаш әдебиеті, ұлттық рух, тіл туралы әңгімелері, кеңестері, шығармалары, Б. Майлин, І. Жансүгіровпен таныстық, т.б. кездесу-сұхбаттардың қазақ әдебиеті мен ел тарихы, ұлттық сана туралы ойларға бастау болғаны даусыз.

Сол жылдарда ауыз әдебиеті мен фольклор, әдебиет тарихы туралы толғаныстар Алматы зиялыларының түрлі сипатты бас қосуларында айтыс-тартыстарға айналып, студенттер арасындағы дауларға көшетін. Қ.Жұмалиев шындық туралы ойларды дәлелдеу үшін нақты дерек пен дәйектің қажеттігін осы айтыстарда ұқты.

Кеңес үкіметі идеологиясының тап тартысы және саясатқа негізделетін «ақиқат» пікірлері Қ. Жұмалиевтің оқу орнында ұстаздарынан алған теориялық білімдері мен еркін ойларына, толғамдарына кереғар келетін. Қазақ қоғамдық санасы мен ел тарихы, өнері мен әдебиеті туралы ойлы пікірлер айтып зерттеу еңбектер жаза бастаған ұстаздары мен көрнекті қоғам қайраткерлері Кеңес идеологиясының ақылға қонбайтын, ғылыми зерттеулер жүйесіне сыйматын қағидаларын сынға аламыз деп қуғынға ұшырай бастады.

Қудалаудың себебін Кеңес үкіметі олардың ұлтшылдық пікірлерде, үкіметке қарсы әрекеттерде деп, көрсетіп мерзімді баспасөз беттерінде қапталты. Әрі бұл пікірлерін деректермен дәлелдеу түгіл талдаулар да жасаған жоқ. Шындыққа пысықырып қарамайтын отаршыл империяның астамшыл саяси пиғылы сауатты жандарға түсінікті болды. Өтірікке белшесінен батқан Кеңес идеологиясы азат ойларға мүмкіндік бермеді. Оны үкімет хабарларына имандай сенетін шала сауатты аңқау жастар білмеді. Ұлттық сананы қудалау, қамау, жөнсіз жазалау туралы әңгімелер ел ішін керней батады. Сауатты жастарда туған еліне қызмет ету туралы ойлар күшейді.

Қазақ әдебиеті тарихын жазу үшін материал жинап, зерттеулермен айналыса бастаған Қ. Жұмалиев бұл жылдарда В. Белинскийдің әдебиет тарихына байланысты еңбектерімен шындап шұғылданды. Әдебиеттің халықтығы, тегі, мамұны мен көркемдігі, түрі, стилі т.б.

туралы күрделі мәселелерді классицизм, романтизм, реализм бағыттарында жазылған шығармалардан, теориялық еңбектерден іздеп, салыстыра зерттеуге ден қойды. Қиындығы көп, терең зерттелері жоқ маңызды іске, арман жолына шыққандай болды.

1932 жылы Қазақ педагогикалық институтын бітірген Қ. Жұмалиев Қазақстан Халық ағарту комиссариаты шешімімен Орал қаласында жаңадан ашылған педагогикалық институтқа оқытушылық қызметке келді. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен фольклордан, әдебиеттарихынан дәріс оқуға кірісті. Оқу құралы ретінде ұсынатын оқулық пен оқу құралдары болмады. Алматыдағы да жағдай соған жуық еді. Оқу орнынан ала келген кітаптары мен жазбаларын пайдаланды. Дәріс мазмұнын студенттерге жазғызуды, конспектілеуді қолданды. Асығыс жазылған оқу құралдары талапқа сай келмеді. Соған қарамастан кітапсыз оқыту жалғаса берді.

Қ. Жұмалиев алдында тұрған аса маңызды жұмыстармен осылай жолықты. Әдебиет тарихын жазуды оның даму жолдарының басты арнасы мен жүйелерін табуды көрсетуден бастау керек. Бірақ шешімін таппаған түйіндер мұнымен бітпейді. Өзекті мәселелер көп болғандықтан көмек сұрап мерзімді баспасөз беттеріне жазып көрді. Хабарласушылар болды, біліктілер табылмады.

Ғалым қаламгерлердің өмірбаянын жазып шығармаларын талдауда поэтика мәселелеріне, әсіресе, әдеби-тарихи деректер арасындағы сезімдік, психологиялық жайларды мұқият талдау қажеттігін аңғарды. Көркем шығарманы поэтикалық бағытта жан-жақты талдаусыз оқулық немесе оқу құралын жазу бекер болмақ.

Әдебиет теориясының қадау-қадау қағидаларына тереңдеу, қайта қарауды талап ететін мәселелер мен сұрақтарды көрсетті. Теориялық ұғым, заңдылықтарды айқындамайынша алға жылжу алысқа апармайтындай. Ең күрделісі алда тұрған мәселелерді қатар қозғап, салыстырасалғастыра талдап қолдану қажет. Әрқайсысы мықты ғалымға өмірлік жүк боларлық жұмыстарды қатар жүргізу міндет.

«XVIII-XIX ғасыр әдебиетінің тарихы» алғашында осылай жазылды. Әрине, ол бәріміз бүгіндері жақсы білетін кітап емес. Оқулықтың кейінгі басылымдары кеңестік идеология нұсқаулары мен баспасөз беттеріндегі сындарға орай сан түзетіліп, тиісті тексерулерден, редакциядан өткен. Кейінгі әр өзгерістердің ұзақ өз тарихы бар.

Академик ғалымның шәкірт дайындауда үнемі ойында болған үлкен жоспарларының

бірі теориядан мамандар дайындау еді. «Нағыз әдебиетші болғыларын келсе, сол әдебиеттің әліппесі болып есептелетін әдебиет теориясын білулерің керек... Әдебиет теориясын үзбей оқып қарап жүріңдер...» дегенді шәкірт болған әр талапкерге айтып отыратын. Ұлттық ғылым академиясы теория бөлімін ашса, соның жұмыстарына басшылық жасасам деген армандарын да айтып жүрген. Ғалым армандаған бөлім ол дүние салғаннан кейін 18 жыл өткен соң ашылды. Кейінрек жабылады.

«30 жылдардың орта тұсынан басталған ұзақ жылдық зерттеулерімен Қажым қазақтың әдебиет тарихының бастауы мен дамуының заңды тарихи жолын дәлелдеді – деп жазады С.Қирабаев, – Әсіресе ол ХҮІІІ – ХІХ ғасырлардағы әдебиет тарихын жете зерттеді. Өзінің еңбектерінде ол ауызша және жазба әдебиетінің өзара байланысы мен айырмашылықтарын терең қарастыра келіп, ауыз әдебиетінен жазба әдебиеттің туып бөлініп шығуын ХVІІІ ғасырда басталады деген қорытынды жасады» (Qirabayev, 2007::311).

Бірі көркем туындылары жарық көрген Қ. Жұмалиевке Орал облыстық жазушылар ұйымы бастығы қызметін қоса тапсырылды. Осы жұмыстарда Қ.Жұмалиевтің дүниетанымы мен шығармашылығына өшпестей із қалдырған қаламгер шәкірттерін атар болсақ: Қ. Аманжолов, А. Жұмағалиев, Х. Ерғалиев, Ж. Тілеков, С. Сейітов, Қ. Тастайбеков т.б. айтуға болады. Дүниетанымдық, шығармашылық істерде тез көтеріліп келе жатқан талантты жастардың алдында заманауи сұрақтар да аз болмайтын: Әдеби шығармада шындықты жазу керек дейміз, бірақ өмірде олай емес. Сезімді, махаббатты т.б. неге жазбасақ! Күнделікті тірлікте көрініп тұрған шындықты айтуға неге болмайды? Идеологияда неге өтірік мол т.с.с. Бұл сұрақтардың шешімі көбіне теорияға тірелтіндіктені жауапты институт оқытушысы Қ.Жұмалиевтен күтеді.

Қазақ қоғамдық санасында орны бар бұл тұлғалардың бәрі ұстаз-ғалымның Оралда басталған шығармашылығы мен ізденістері, толғаныстары туралы талай деректі естеліктер жазды.

Орал қаласындағы ұстаздық және саяси әлеуметтік, қоғамдық қызметтер Қ.Жұмалиев үшін аса үлкен мектеп болды. Белгілі ұстаз, қоғам қайраткері ретінде қалыптастырады.

«...1937 жылы Халық ағарту комиссияларының шақыруымен Алматыға оралып, Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институттың қазақ әдебиеті кафедрасына қазақ әдебиеті тарихы мен әдебиет теориясынан оқы-

тушы болып орналасады. Көп кешікпей-ақ кафедра меңгерушісі болып тағайындалады. Содан өмірінің соңғы минутына дейін 30 жыл бойы үзбестен сол қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып істеді» (Atymov, 1987::66).

Алматыға келіп Абай атындағы педагогикалық институтта ұстаздақ шығармашылық қызметке кіріске сәттердің бірінде 1938 жылғы Махамбет поэзиясы туралы мақаласында Мұхтар Әуезовты сынайды (Үзінділер қысқартылып алынды.).

Біз «Қазақ әдебиеті» газетінде жазған мақаламызда Исатай, Махамбет көтерілісін туғызған жағдайлар, ол көтерілістің негізгі күші, оның Кенесары, Қайыпхан көтерілісінен айырмасы, бұлардың көтеріліске келіп қалай қосылғаны, кім үшін, не үшін көтеріліс жасағанын айттық. Көтеріліс және оны басқарушылар туралы өз пікірімізді жұрт алдына салып оған бірнеше дәлелдер келтірдік. Енді осы көтерілістің жыршысы болған Махамбетке, оның поэзиясына тоқтадық.

Күні бүгінге дейін Махамбет поэзиясына сын өте аз. Ол жөніндегі біркелкі пікір айтқан Мұхтар болды. Мұхтар Исатай, Махамбет көтерілісін қате түсініп, Махамбеттің кімнің ақыны екенін дұрыс бағалай алмады.

Махамбет творчествосы жөніндегі қателесудің негізі түйіні, түпкі қазығы – көтерілісті феодалдық деп ұғынуында жатыр. Көтерілісті солай деп түсінгесін, Махамбет творчествосына қате баға берулері өзінен өзі анық. Үйткені, Махамбетті, көтерілісті бөлек алып қарауға болмайды.

Мұхтардың Махамбет творчествосы жөніндегі қатесі: Махамбетті феодал ақыны деуі.

«ХІХ ғасыр әдебиеті» деген кітабындағы Махамбетке берген анализінде, басынан аяғына дейін феодал ақын деп дәлелдеген болады.

Ол үшін әуелі Бұқар жырауды алып, оның творчествосына анализ беріп келеді де, Бұқарға Махамбетті тели салады.

Бұқар мен Махамбеттің бағытын, шығармаларының идеалық мазмұнын алғанда еш айырма жоқ, әдіс жақтарында кей бір өзгешелік болмаса, екеуі – бір, Махамбет Бұқардың шәкірті, Бұқардың айтып кеткенін іс жүзіне асырушы деген қорытынды шығарады <...>

Өмір бойы хан мен ханның қол шоқпары билер, қожа молдалармен қырқысып өткен, ақырында солардың қолынан қаза тапқан Махамбетті ханның оң көзі Бұқармен бірдей деп қарау қате. Ол не түсінбегендік, не шындықты бұрмалағандық.

Махамбет пен Бұқар поэтикасын тіл жағынан алсақ та бір-бірінен алшақ жатыр. Бұқардың тілі жұмбақ, көршілікке түсініксіз, ол әр ойдың ұшығын көрсетіп қана сөйлейді. Оның поэтикасының тілі белгілі, өз оқушыларына – үстем тап адамдарына, өзі мен бастас, істес, идеялас, достарына арналған тіл

Махамбет поэзиясының тілі Бұқардан мүлде өзге. Бұл көпшілікке арналған поэзия, сондықтан оның тілі көпшілікке ұғымды. Оның жеке сөз қолданыстары да сол көтеріліс қарқынынан туған күрес, тартысты атражайт ететін, соған үндейтін айқын, ашық образдар бар боп келеді. Бұған кейін тоқтаймыз» (Zhumaliyev, 1938: 53-54 бб).

М. Әуезов Қ. Жұмалиевтің фольклор және ауыз әдебиеті, әдебиет тарихы және теориясы туралы ойларын жоғары бағалаған. Оның пікірлерімен санасқан. Әсіресе, Махамбеттануда оның басты орнын мойындаған. Бірақ дәл осы тақырыпта сын айтқан тұстары да бар (Aueзов, 2017:313)

М. Әуезов Қ. Жұмалиевтің «Махамбет Өтемісов» кітабының ең соңғы жинақы еңбек екенін айта келе, кейінгі зерттеушілердің жаңалықтар қоспайтынын ескерте отырып, енді тың зерттеулердің қажеттігін көрсетеді.

Қ. Жұмалиевтің өмірі мен шығармашылығы туралы қайталауларға толы жауыр болған арзан, дерексіз мадақтаусымақ жазбаладыды оқып отырып «неге бұлай?» – деген ойлардан құтыла алмайсың. Ғылым мен білім саласының бірегей тұлғасы, алғашқы академик-ғалымдардың бірі, жазушы, сыншы, Ұлы ұстаз, ел тарихы үшін аса қажетті зерттеулердің, оқулықтардың авторы қандай құрметке болса да лайық.

Оның шығармашылық келбетіне, қайсар тұлғасына күйе тәрізді жағылған бірер «дерек» бар, егер солай деп айтуға жарар болса. Бірі, Қ. Жұмалиевтің екі рет Кеңес үкіметінің жазалаушы ұйым орындары тарапынан қуғын көріп, 25 жылға сотталды. Алайда кінәсіздігін дәлелдеп, «қуынып, арыз жазып, қылмысы жоқ болғандықын ақталды» деген Кеңес үкіметтің ресми құжатын алып бостандыққа шықты. Бірақ ғалымға күдіктене қарау кейбір әріптестері тарапынан сақталды. Себептері де сан түрлі. Қаламгер мінез-құлқындағы бірбеткейлік, тура сөйлеу т.б. шет жағасы жоғарыда айтылды. Екіншісі «кінәсі» – әдебиетші әріптестері тарапынан айтылатын қанқу сөздер. Олар сөйлеген сөздерінде шәкірттеріне, тыңдаушыларға Қ. Жұмалиевті жамандап бақты. Әрі бір рет қана емес.

Үнемі қақсаумен болды. Бұл сөздерді студент жылдарда біз де естігенбіз (-З.Б.).

Бұған негізді жауапты ресми атак дәрежелері бар академиктер мен профессорлар, ғылым докторлары айтқан және бір рет емес. Сан мәрте дәлелден. Мәселен, академик С.Қирабаев былай айтады: «Әдебиетіміздің бастауын кейінге тартты» деген сөз үлкеннің де кішінің де аузында жүр. «Толыққанды авторлық әдебиет критериллеріне жауап беретін өкілдер қазақ жұртында XVIII ғасырдан бастап көріне бастады» деген пікірді айтқан бір ғана Жұмалиев емес. Бұны Бұқардан бастайық деген әңгімені Мұхтар да айтқан. Бұл мәселеде Қажым Жұмалиев Әуезовпен ақылдасып келісімге келген.

Қазақ әдебиеті тарихын Бұқардан бастау керегін Қажыкеңе Мұхтардың өзі айтқан. Бұл шындығында, Мұхтар Әуезовтің концепциясы болатын...

...Қажым Жұмалиев қазақ әдебиеті тарихының басы XVIII ғасырдан, Бұқардан басталады деген пікірді сол кездегі бар дереккөздерге сүйеніп айтты» (Mamyrov, 2017:17).

Қажымның әдебиет тарихының бастаулары туралы ой-пікірлері мен тарихи тұлғаларды жүйелеп, оларды орын орнына қоя қарастыруы XVIII-XIX ғасыр әдебиеті үшін күшінде қалды, – деп жазады академик С.Қирабаев. Ол осы дәуір әдебиетінің көрнекті өкілдері жайлы зерттеулер жасады. Ғалымның бұл зерттеулері оның 1958-1960 жылдары шыққан екі томдық кітабына кірді» ((Qirabayev, 2007:312).

Шығармашылық жоспарлы жұмыстар мен ғылыми зерттеулердің екпінді күйге енген шағында, қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясына қатысты іргелі жұмыстарға кіріскенде 1940 жылдың 20 апрель күнгі «Ленинская смена» газетінде А.Токмағанбетов, С.Жүсіпбековтердің «Кенесары» қозғалысы туралы кітабында ұлтшыл идеяларды насихаттайды, – деп Қ. Жұмалиевті кінәлайтын мақаласы жарық көреді. Мәселе партия жиналысында талқылынды, ғалымға ескерту жасаумен тынғандай болады.

Бірақ сәл кейінірек өзге бір авторлардың мақалаларында осы кінәлаулар жалғасты. Дулат, Бұқар, Шортанбай, Мұраттардың теріс көзқарастағы шығармаларын мадақтайды, сол арқылы «жастардың санасын ұлтшылдықпен улауда» деген айыптау реңкті сындар көріне бастайды.

Бірақ бұл әлі ресми қуғын емес еді. Беті қайтпаған талантты жас ғалым жоспарлы зерттеулері мен қолына алған істерін жалғастыра берді.

1941 жылы «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 1946 жылы СССР Ғылым академиясының Шығыстану институтында «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» атты докторлық диссертация қорғайды. Осы жылы Қазақ ССР ғылым академиясының мүше-корреспонденті болып сайланады.

Махамбет поэзиясының тілі, көркемдігі туралы зерттеулерге тереңдей бастайды (Zhumaliyev, 1938). 1948 жылы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» атты монография жариялайды.

Қ. Жұмалиевтің докторлық жұмысын туралы белгілі орыс ғалымы Н. Дмитриев айтқан пікірі ғалымның болашақ ірі зерттеулерінің іргетасы еді. Абай творчествосының поэтикасы туралы осы көлемде әлі ешкім зерттелмегеніне тоқталды; қазақ әдебиеттану ғылымында монографияның мұндай түрінің жаңалық екенін айтты; зерттеу жұмысының анағұрлым жоғары белесі саналатын поэтика саласында орындалғанын атап көрсетті; ұлт әдебиеті классиктерінің тілін зерттеу ісі біздің одақтас және автономиялық республикаларымызда шын мәнінде әлі басталмағанына тоқталды.

Өкінішке орай, ғалымның қуаншы болуға тиісті осы жылдар оны қудалау мен жазалаудың бас болды. Бұл тәуелсіздік пен бостандық, азаттық туралы ойларды қыркуға, құртуға бағытталған Кеңес империясы жоспарының, кезекті қимыл еді.

Бәрі «Правда» газетіндегі (1950 ж.) «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» мақаласынан басталады. Кесір мақаланың (Жоғарыда айтылған, 1940 жылдың 20 апрель күнгі) кеселі «ұлтшылдық» туралы пікірлері бар, жазғандары көп деп «аса саяси қырағылық танытып жүрген» айқайшылардың ойбайымен қабаттасып ең беделді, белгілі талантты ғалымдар Е. Бекмаханов, Б. Сүлейменов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Қ. Мұқамедхановтар қуғын-сүргінге ұшырады. Осы айыптаулар дүмпуі ғалымды 1951 жылы абақтыға жатырды. Оны 1950 жылдардан бастап қудалап, түрмеге қамағанда аса ірі ғалымның ел алдындағы қорғамдық, саяси-әлеуметтік қызметтері мен ғылыми еңбектерін, заттеулерін әріптестерінің бәрі білетін. Бірақ, Кеңес үкіметінің 1928-29, 1936-37 жылдардағы қуғын-сүгінін көрген, жөнсіз, жолсыз әрекеттерін, жабайы зорлықтарынан тіксінген сауаттылыр бұғып қалды. «Ақылдыларға» тән «өздерін сақтау» ...

түйсіктері әншейінде ауыздарынан тастамайтын ар-ұждан, ұят деген адами қасиеттерден басым түскен.

Бірақ әлденеге «өшіккен замандас-әріптестерінің» домалақ хаттарын дерек деп тауып 1953 жылы «халық жауы» ретінде қайта қамап, енді 25 жылға соттайды. Тағы да «қуыну-шағым арыздары» бойынша қылмыстық деректерінің жоқтығынан 1956 жылы ақталды. Тағы деректердің жоқтығынан ақталып отыр. Сонда, осының бәріне кім кінәлі? Сұрақ көп. Жауап та аз емес. Бірақ мұндай сұрақ қоюға болмайды? Заңға қайшы көрінеді.

Одақтас елдер әдебиеті мен мәдениетінің ешқашан шешілмейтін қайшылықтары ғылыми орта құбылыстарының небір сұрқия түрлерін туғызды. Соның бірерін Қ.Жұмалиев те бастан кешті.

Түнек түрмеден оралған соң әріптестері мен кейбір замандастары тарапынан күткендей жылылық, көре алмады. Мұны көрген Қ. Жұмалиевтің оларға жауабы да оңып тұрмады. Мінезді ғалым бойында жиналған өкпе, ашу-ызысын әркез ауыздықтай алмады. Қазақ қоғамдық санасының, әдебиетінің, тарихының көрініп тұрған шындықтарын айтамын деп көрмегеніні жоқ. Дерксіз қамаған үкімет ақтады. Сонда сағынып келген ғылыми орта неге құбылады? Мұның жазығы шындықтарды айтқаныма? «Жындарда, ғылыми қорғауларда Қажекеңнің терең білімділігі, сөзге ұстаз кедігі көрініп тұратын. Өз ойын бүкпесіз екендігі көрініп тұратын. Өз ойын бүкпесіз тіке айтатын. Бұл біреулерге жақпайтын, – деп жазады Қ.Жұмалиевтің шәкірті, академик, С.Қирабаев, – Өмірде шындықты, тазалықты сүйетін. Команда құруды, жершілдікке бөлінуді білмейтін. Шәкірттері Қазақстанның түкпір-түкпірлерінен болатын.

Менің шәкіртімсің, менің айтқаныммен жүріп тұр деп қысым көрсеткен емес. Әдебиет адалдықты сүйеді деп отыратын. Бізден де соны талап етті» ((Qirabayev, 2007 316).

Ұлы ұстаз шәкірттерінен талап еткен шындықты берік ұстанымға айналдыру үшін сырғымайтын, орғымайтын мықты бір тірек, дерек керек екенін сезді. Соны іздеді. Тапқан тәрізді болды. Халық ел тарихындағы уақыт сынынан өтіп, оның жадында мәңгі сақталған, әдебиетінде, қоғамдық санасында таңбаланған шындықтарға көңіл аударды. Тарихи оқиғалар мен қоғамдық құбылыстар – ақиқаты соны меңзейді.

Алайда Кеңес үкіметі үшін бұл шындықтардың жарамайтынын көрді. Халық мұны мен

қасіретін азайту қолынан келмейтін үкіметке өзіне қажет лепірме, дерексіз шындықтар ғана керек екен. Осыны халық санасына сіңіру үшін ел білетін шындықтарды бұрмалауға, өңін айналдырып өтірік айтуға кірісті. Бірте-бірте осы өтірікке өзі сенетіндей күйге енді. Енді бұл заманнан не күтуге болатынын ойлаудың өзі оңайға түспейтіндей. Сенімі селкілдеген жастар мына өтірікпен былыққан, болашағы былқылдаған идеологиядан жастарды сақтау, құтқару керек. Бұл да шындық. Жаратқан ие табиғатына талант берген тұлғалардың ерекше қасиеті – елінің болашағын ойлауды адам қоғамы туралы толғамдармен ұштастыруға саяды. Сондықтан да олардың көбінің тағдырының ерекше ауырлығы. Бәлкім, кейбіреулерінде сәл өзгелеу болатын да шығар. Дегенмен негізі ортақ болатын.

Қ. Жұмалиевтің өмірбаяндық деректерін: сырлас достары мен әріптес ғұламалардың жазғандарын оқи отырып, шығармашылығына үңілгенде аңғарғаным... «өмір кейде өз дегенін істеп, адамды езіп жібере жаздайтын кездері болатын көрінеді...» – деп ғалым айтқандай, небір қиын кездерде шындыққа адал болған адамдар тағдыры ерекше тазалығымен аспандап тұрады екен.

Кейінде шәкірттеріне философ Диогеннің мына сөздерін жиі айтатын көрінеді «...еркін, азат болсам деген қоғам арасында болмайды мықты болсаң да, жаман болсаң да жақпайсың?!» Бұл сананы езген үнсіздіктер ізіндегі келеңсіздіктер көлеңкесі болды ма екен білмеймін. Ғалым көп ойланды, толғанды. Ақыры, бір күні өзгеру керек деп шешті. Бірақ өзгеру үдерісі тіпті оңай болмай шықты. Сапырылысқан ойлар тірек таба алмай бөлінеді. Әділетсіз сынға жауап жазу мен күнделікті тірліктер ойда піскен зерттеушілік идеяларын астан-кестен қылды, ұзатпай тұсайды. Ұстаздық қызметіне қоғамдық жұмыстар ғана емес «жұғымсыз» өзгерістер туралы ойлар да бөгет. Негізгі ой, толғаныстарға алаңсыз кірісе алмау, азаптың азабы көрінеді, қабаттасқан өзге де қиындықтарды кімге айтарсың, кім тыңдайды.

Қ. Жұмалиевтің өмірі мен ұстаздық қызметі және ғылыми зерттеулеріндегі тарихи оқиғалар жүйесіне, талдаған деректеріне ой жүгірте отырып басты арнасының шындыққа ұмтылу боланын оңай байқайсың. Шындыққа ұмтылған еңбектеріне әдейі «теріс баға» беретін, кеңестік кесел идеология әләулайлары әшкере болды. Алайда, оның шырмауығына оралып, шылауында жүргендердің дерексіз былдырлары мен бұралқы лақаптарға сүйенген пікірлері әлі кездеседі. Оның бәрін түптеп айтуға уақыт керек, әрі қажетте емес тәрізді.

Қ. Жұмалиевтердің түрмеден шыға сала сол идеологияға қайта қызметке кірісіп, ұлттық рухын сақтағандарына қайран қаласың. Осындайда «Ұлылық деген қолда тұрған бар мүмкіндікті пайдалану, рухыңды жоғалтпау» – деген ұлы күрескерлердің сөзі еске түседі. Олардың көбі ұлттық рухтарын жоғалтқан жоқ. Алайда, елде аман қалған замандастарының өзгерістерін көріп, жаңа әрекеттерге көшті. Алайда, олардың көбі ұлттық рухтарын үнсіздікте сақтаған. Кейбірі ұлттық идеяларынан бас тартқан,

Кенесары қозғалысына қатысты ойлары мен Шортанбай, Мұраттар шығармалары туралы көп қозғаған пікірлерін ұмытқандай, әлде «бас тартқан ба екен»... Отаршыл үкіметтің тәуелсіздік, ұлттық рух туралы ойларды жою үшін жоспарлаған сұрқия әрекеттері жемісін бергендей. Адам төзгісіз қинаулар мен айтуға ауыр жазаларды бастан кешкен адамдар сеніміндегі ұстанымдар үнсіздіктен ғана жұмбақ жауап тапқандай.

Талқылау қорытындысы

Қ. Жұмалиевтің ғылыми еңбектері мен ірі мақалаларын кейбір ғалымдар көп пайдаланады. Бірақ, оның атын атамай ойларын сәл өзгетіп қайталайды. Көшіріп алушылар да болған.

Қазақ әдебиеті тарихының 60 жылдары жарық көрген 6 кітаптан тұратын үш томдығында Қ. Жұмалиевтің еңбектерін пайдаланушылар көп болды деп жазады. ұстаздың шәкірті проф. М. Атымов. «Ғалымның аты-жөні аталмайтын еңбектері барлық томдардан да кездеседі (Atymov, 1987:103).

Ғылым академиясы шығарған ірі еңбектегі зерттеулерін, басты ойларды пайдалана отырып аты-жөнін атамау ғалымға өте ауыр тиген. Олардың бәрін көріп, біліп тұрса да Қ. Жұмалиевте үнсіз қалған. Бұл сірә, ақиқат шындықты дәлелдеу қиындығын анық білген ғұлама ғалым, ұлы ұстаздың дара шындығы ма?

Қ. Жұмалиев Қазақ ССР ҒА академигі болып сайланғаннан кейін академияға бұрынғыдан да гөрі жиірек келетін болды... Қажекең М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жанынан «Әдебиет теориясы» бөлімін ашпақшы болып біраз істер істеді. Бірақ оның бәрі Қажекең қайтыс болғаннан кейін аяқсыз қалып қойған еді. Ол іс 1986 жылы қайтадан қолға алынып, арада 18 жыл өткеннен кейін әдебиет теориясы бөлімі ашылды». Бірақ кейін жабылып қалды. Негізгі себебі, әдебиет те-

ориясымен түбегейлі айналысатын, мықты мамандардың аздығынан болса керек.

Бүгінгі таңда өмірбаяндық, шығармашылық мерей тойлардың ресми түрде мүлде аталмауы қазақ әдебиеттануы үшін бір кісідей-ақ еңбектенген ірі ғалым, көрнекті жазушы. Ұлы ұстаздың ірі еңбектерін бүгінгі ұрпақтарының білмеуіне әкеліп отыр. Артында қалған әдеби мұраларын күні кешеге дейін қозғап жүрген бірер бірер зерттеушіден өзгелер көрінбейді.

Бірақ әлі де Қ. Жұмалиев еңбектерін қолданамыз, пайдаланамыз содан бастау, ой-түрткі табамыз, бірақ есімін көбіне ұмытып кетіп жатамыз.

Үнсіз үніндегі ойлар, түсінетін адам табылса, әлі де жалғасуда!

Қазір Қ. Жұмалиев туралы не айтсаң да болатын тәрізді. Дерек те жеткілікті. Бірақ бір қарағанда ғана. Аңызға бергісіз тағдыры, ертегіге сай еңбегі зор академик-ғалым, ұстазға, Ұлы ұстазға, лайықты құрмет көрсету бүгінгі ұрпақтарының парызы. Жақсы білетін замандастары мен шәкірттері ауық-ауық мәселе көтеріп, жазып та жүреді. Ол туралы қозғасы келмейтіндер мен үндемейтіндер де кездеседі ортамызда.

Алайда, мұнда біз анық білетін бір шындық бар. Әдебиет тарихы туралы өзі ақиқат деп ұққан деректерді ұрпақтарына жеткізу, таныту, оқыту үшін іргелі зеттеулер мен көптеген оқу құралдарын, оқулықтар жазған, киын жылдарда қоғамдық сана назарын аударған көкейтесті мәселелерді қозған ғалым-ұстаз еңбегі дерексіз, жүйесіз сөздерге бола ұмытылмауға тиіс.

Әдебиеттер

- Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 374 б.
Белинский В.Г. Собр. соч. В 9-ти томах. Т. 1. – М., 1976. – 736 с.
Чернышевский Н.Г. Эстетическое отношение искусства к действительности. – Полн. собр. соч. Т. 2. – М., 1939. – 86 с.
Қирабаев С. Көптомдық шығармалар жинағы. Т. 3. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 315 б.
Атымұмов М. Қажым Жұмалиев: (өмірі мен творчестволық қызметі). – Алматы: Ғылым, 1987. – Б. 216-217.
Мырзахметов М. Ғұлама ғалым // Лениншіл жас, 1977. 24 декабрь.
Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т. 2. – Алматы: Жазушы, 1983. – Б. 406-414.
Потебня А.А. Мысль и язык. – Одесса, 1922.
Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Ленинград, 1940.
Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 364 б.
Жирмунский В. Поэтика // Сборники по теории поэтического языка. – Ленинград, 1928. – 377 с.
Әуезов М. 50 томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1997.
Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 16 томдық. – Алматы: Жазушы, 1979. 16 т. – Б. 301-392.
Нұрқатов А. Шығармалары. Т. 1. – Алматы: Ана тілі, 2013. – Б. 384.
Жұмалиев Қ. Жайсаң жандар. Естеліктер. – Орал: Ағартушы, 2010. – Б. 296.
Жұмалиев Қ. Жайсаңдары қазатың. – Тарыз, 2019. – Б. 348.
Жұмалиев Қ. Махамбет поэзиясы туралы // Әдебиет майданы. – 1938. – №4. – 53-55 бб.
Мамыров А. Академик Қажым Жұмалиев архивінен. – Тараз: Қарахан РБӨ. – Б. 217. – 440 б.

References

- Atumov M. (1987) Q. Zhumaliyev omiri men shygarmashylygy.estelikter. [The Life and work Q. Zhumaliyev memories]. Almaty: 11 p. (in Qazaq)
Auezov M. (2010) Qazaq adebiati tarihyndagy kornekti qalamgerler M.Auezov pikiri, qazaq adebiati tarihyin Abaitanudagy orny] atalady. [M. Auezov's opinion about the popular representatives of History of Kazakh literature, role of History of Kazakh literature in Abai studies]. 50-volume collected works. Almaty: 2010. (in Qazaq)
Belinskiy V. (1976) Collected works in nine volumes.v.1."Adebiat turaly tolgamdar' atty gylimi maqalalar. [The great critic writes that a history of literature should begin with writing literature]. Moskow: p. 47-128. (in Russian)
Chernyshevskiy N. (1939). Onerdin shiindyqqa estetikalq qatynasy osy taqyrypqa arналган dissertacia negizinde zhazyлган zertteu. [Q. Zhumaliyev draws on this opinion and develops in the new situations]. Full composition of writings. T. 2. Moscow: p. 86. (in Russian)
Qabdulov Z. (1976). Soz oneri (The art of word): monographiya qazaq adebiatinin teoriyasyna arналган [Theory of literature and its evaluation by scientists, students]. Almaty: 374 p. (in Qazaq)
Qabdulov Z. (1983). Ustaz Q. Zhumaliyevtin lektorlyq sheberligi turaly [A scientific article about Q. Zhumaliyev's lecture mastery] Almaty: p. 406-414. (in Qazaq)
Qirabayev S. (2007) Qazhym turaly soz (Words of the great teacher), Qazaq adebiati tarihyin mektep programmalaryna pan etip

kirgizuge sinirgen Q. Zhumaliyev enbegi turaly [about the merit of Q. Zhumaliyev in the introduction of History of Kazakh literature into school programs]. Almaty: Qazygurt. P. 315-317. (in Qazaq)

Mamyrov A. (2017) Akademik Q. Zhumaliyev arhivinen. Q. Zhumaliyev qazaq zhazba adebiyeti tarihy XVIII gasyrdan, B. Zhyraudan bastau kerek degen pikir M. Auezovpen aqyldasyp alghan. [Q. Zhumaliyev takes the opinion that the history of Kazakh writing literature should be begun from 18 century, zhyrau after consultation of M. Auezov]. Taraz: p. 17. (in Qazaq)

Mukanov S. (1967) Qazaq adebiyatinin kornekti zhazushylary turaly gylimi maqalalar, Abaitanudagy Q. Zhumaliyev zertteulerinin, asirese, 1960 zhyldary zharyq korgen monographiyasy turaly .. [Scientific articles about the popular writers in Kazakh literature] Selected works in 16 volumes. T. 16. p. 301-392. (in Qazaq)

Myrzakhmetov M. (1977). Q. Zhumaliyevtin lektorlyq sheberligi turaly gylimi maqala [A scientific article about Q. Zhumaliyev's lecture mastery] The Great Scientist. Leninskaya smena, 1977, December 24. (in Russian)

Nurkatov A. (2013) Qazaq adebiyeti tarihyndagy manyzdy enbekter turaly zertteulerdin biri Abaitanu turaly tolganystar. [One of the researches on the important works in the history of Kazakh literature – thoughts about Abai studies] Selected works in 5 volumes. T. 1: Almaty, 384 p. (in Qazaq)

Potebnya A. (1922.) [Korkem adebiyet poetikasy turaly algashqy enbekterdin biri]. [Thought and language. One of the first works about artistic literature poetics.]. Odessa: 1922. (in Russian).

Veselovskiy A. (1940) Historical poetics. Tarihi poetika turaly aigili enbekterdin biri [Q. Zhumaliyev qazaq adebiyeti tarihy zhazuda manyzdy oilaryna siltemeler zhasagan]. [One of the popular works about historical poetics] Leningrad: 406 p. (in Russian)

Zhirmunskiy V. (1928) Adebiyet teoriyasy maseleleri. Poetikalyq zertteulerdin adebiyet tarihy zhazudagy manyzy turaly zhinaqta zharyq korgen maqalamen galy m zhaqsy tany bolgan. [The scientist knew about article published in miscellany about the importance of poetic researches in writing of history of literature]. Leningrad, 1928, p. 17-88. (in Russian).

Zhumaliyev Q. (1960). Qazaq adebiyeti tariqynin maseleleri Zhane Abay poeziyasynin tili. [Problems of the history of Kazakh literature and the language of Abay's poetry]. Almaty: 364 p. (in Qazaq)

А.Е. Алпысбаева* , **С.А. Ашимханова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

*e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

**М. ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ
АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
(түрік, орыс, ағылшын тілдері)**

Мақалада қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің түрік, орыс және ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері қарастырылады. Нақтырақ айтқанда, ақын қолданған қазақ отбасы институтының моделіне тән, тілдік болмысында қалыптасқан төрт-түліктің төл атауларымен байланысты, метафоралық образда балаға еркелетіп айтылатын (қозым, құлыным, құлыншағым, ботам, марқам) тәрізді тіл бірліктерінің туыстас түрік, туыстас емес, бірақ жергілікті деңгейде халық тұрмысында біте қайнасып қолданылып келе жатқан орыс және әлемдік ағылшын тілдеріне аударылуының лингвомәдени аспектісі негізінде талдау жасалынған. Талдаудың негізін осындай мәдени сипаттағы бірліктерді аударуда аса белгілі шетелдік ғалымдар Э. Дэйвистің (2003) аударма амалдары мен Л. Венутидің (1995) аударма стратегияларының (форенизация және доместикация) арақатынасы құрайды. Яғни, ұлттық нақыштағы қаратпа сөздер аудармада қаншалықты бейімделіп, аударма мәтінін қабылдаушы мәдениетке жақындатылды немесе сақталды деген сұрақтарға жауап берілді. Аталмыш екі стратегияның бірінің қолданылуының себептері мүмкіндігінше түсіндірілді. Мақалада белгілі түрік мағжантанушы әрі ақын өлеңдерінің аудармашысы Фархат Тамердің аудармалары, орыс тілінде Әуезхан Қодардың аудармалары қолданылды. Түрік аудармашысының аудармаға байланысты жеке өзінен сұхбат барысында алынған ескертпелер келтіріледі. Сонымен қатар, орыс тілі мен ағылшын тілдерінде аудармалары жоқ өлеңдердің тәржімасын авторлар өздері жасап, ұсынады. Аталмыш аудармалар жоғары поэтикалық аударма деңгейінде болмағанымен, болашақта тәржімалауға талпынатын аудармашыларға анықтамалық ретінде, алғашқы қадам ретінде әбден қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: көркем аударма, поэтикалық аударма, түпнұсқа, аударма мәтіні, мәдениет, төл атаулары, қаратпа сөздер.

A.E. Alpysbayeva*, S.A. Ashymkhanova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

*e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

**Translation features of the appeal words
of a national character in the poems of Magzhan Zhumabayev
(Turkish, Russian and English languages)**

The article discusses the features of the translation of words of appeal of a national character in the poetry of the Kazakh akyn Magzhan Zhumabaev into Turkish, Russian and English. More precisely, an analysis has been done on the basis of the linguocultural aspect of the translation of linguistic units used by the author, and the Kazakh family's institute models are inherent in its linguistic picture when children are treated with love and affection in a metaphorical way by the names of young cattle (my lamb, kid, calf, foal, camel). Conclusions are drawn on their reflection in the language picture of another language, related to Turkish, unrelated, but rooted in the Kazakh life and society, regional Russian language and world English. The analysis is based on the works of famous foreign scientists whose work is highly cited in this direction. These are E. Davies (2003), translation methods of culture-specific items, and L. Venuti (1995), strategies for translating culture-specific items as domestication and forenization. That is, according to the translation methods, the ratio of the strategy is determined, how much the words of addressing the national flavor to the host culture of the translated text were adapted or the original essence was preserved. The article uses Turkish translations of the famous Turkish scholar of the poet and the translator of his work, Farhat Tamer and Auezhan Kodar in Russian. An analysis of the translation into Turkish is accompanied by the comments of the translator based on the material of a personal live interview. Also,

translations of a poem that are not in Russian or English were translated and proposed by the authors themselves. Although they cannot be considered a high poetic translation, they can very well serve as a reference, additional material or an assistant for translators who will take up this work in the future.

Key words: literary translation, poetic translation, source text, target text, culture, words of appeal, names of young cattle.

А.Е. Алпысбаева*, С.А. Ашимханова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

*e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

**Особенности перевода слов обращения
национального колорита в поэзии М. Жумабаева
(турецкий, русский и английский языки)**

В статье рассматриваются особенности перевода слов обращения национального характера в поэзии казахского акына Магжана Жумабаева на турецкий, русский и английский языки. Точнее говоря, проделан анализ на основе лингвокультурного аспекта перевода используемых автором языковых единиц, присущих модели института казахской семьи и сформировавшихся в ее языковой картине, когда к детям с любовью и лаской обращаются в метафорическом образе, называя их детенышами домашнего скота (ягненок мой, козленок, теленок, жеребенок, верблюжонок). Сделаны выводы по их отражению в языковой картине другого языка – родственного турецкого и неродственного, но укоренившегося в казахском быту и обществе, регионального русского языка и мирового английского языка. Анализ опирается на труды известных иностранных ученых, чьи работы высокоцитируемые в данном направлении. Это «Переводческие методы перевода культурно обусловленных единиц» Э. Дэйвиса (2003) и «Стратегии перевода культурно обусловленных единиц как доместикация и фореинизация» Л. Венути (1995). То есть, по методам перевода определяется соотношение стратегии, насколько были адаптированы слова обращения национального колорита к принимающей культуре переводного текста или же сохранена исходная сущность. В статье используются переводы на турецком языке известного турецкого Магжанаведа и переводчика его творчества Фархата Тамера, а также Ауезхана Кодара на русском языке. Анализ перевода на турецкий язык сопровождается комментариями самого переводчика по материалам личного живого собеседования. Также в статье даются переводы стихотворений, которые отсутствуют в русском или английском языке, переведенные и предложенные самими авторами. Хотя они не могут считаться высоким поэтическим переводом, однако вполне могут служить справочным, дополнительным материалом или помощником для переводчиков, которые в будущем возьмутся за это дело.

Ключевые слова: художественный перевод, поэтический перевод, исходный текст, переводной текст, культура, слова обращения, названия молодняка скотины.

Кіріспе

Кез келген халықтың санасында қалыптасқан отбасындағы қарым-қатынас моделі ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тәрбие, салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр, тұрмыс-тіршілік, мәдениет, дүниеге, әлемге деген көзқарастың бейнесімен тығыз байланысты. Әрі отбасылық институт қай қоғамның болса да маңызды элементі саналып, табиғи болмысынан әрбір адам өмірінде отбасын құрып, ұрпақ тәрбиелеу мақсатына ұмтылатындықтан, халықтың тілдік бейнесінде де отбасылық мәнмәтін барлық қырынан көрініс табады. Мәселен, отбасы жайлы нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, символдар, реалийлер, мәдени шартталған ұғымдар және тағы да басқалары. Қазақ халқы «Отан – отбасынан басталады» деп отбасының мемлекет деңгейіндегі маңызын анықтаса, «Бала ұйда

не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп отбасының ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін ашып көрсетеді. «Ата көрген – оқ жанар, Ана көрген тон пішер» деп отбасының негізін қалаушы – ана мен әкенің рөлін анықтаса, «Қарға баласын аппағым дейді, Кірпі баласын жұмсағым дейді» деп ананың балаға деген махаббатын табиғатпен шендестіре отырып, өте дәл суреттейді.

Бұл мысалдар – тілдік құралдардың ұрпақтың тұлғалық ерекшелігінің қалыптасуында алатын орнын ертеден ескерген, тәрбие құралына айналдырған қазақ халқындағы мыңдаған өнегелі сөздердің бір бөлшегі ғана. Белгілі халықтың отбасылық мәдениет моделін көрсететін аталмыш тілдік белгілер бұқаралық ақпарат құралдары, көгілдір экран, интернет желісі, күнделікті тіршілік болмысынан көрініс табады. Бірақ оның ең көркем көрінісі әрине әдебиетте. Әдебиет осы құндылықты өн бойында сақтап

қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, өсиет қылып, мәдени бірегейлікті танытуға өз үлесін тигізсе, аударма арқылы басқа мәдениет өкілдері бір-бірінің отбасылық ұстанымдар, құндылықтарымен танысып жатады. Бірақ, белгілі бір мәдениеттің отбасылық болмысына тән құбылысты басқа бір мәдениетке қалай жеткізілуі мүмкін?

Мәселен, адам жаратылысынан ең күшті, алып сезімдердің бірі – адамның ұрпағына деген махаббаты әр халықта әр түрлі көрініс табады. Тіл – қарым-қатынас құралы болғандықтан, адам баласына деген сүйіспеншілігін иіскеп, құшағына алып, сүйіп қана қоймай, жылы сөздер арқылы еркелетіп жеткізіп жатады. Бірақ ондай сөздік қордың қалыптасуы тағы да әр халықтың танымдық дүниесіне қарай ерекшеленеді. Мысалы, қазақ халқы ерте замандардан көшпенді өмір салтын кешіп, табиғатпен астасып, төрт-түлік малды күнкөріс көзі ретінде көріп, жүрсе – көлік, сүтін ішсе – сусын, етін жесе – ас, жүнін иірсе – киім қылған. Төрт-түлік малдың қыр-сырын түгел біліп қана қоймай, олардың халық дүниетанымындағы орнын «Ат – ердің қанаты. Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар», «Жылқының сүті – шекер, еті бал», «Жылқы – малдың патшасы», «Семіздікті қой ғана көтереді», «Түйе ботасымен жарасты, Тамақ батасымен жарасты», «Бір қозы туса, бір түп жусан артық өсер», «Тай мінген балаға жарасар», «Түйе – шудасын, Жылқы – жалын, Сиыр – мүйізін төсейді...» деп мақалдап жеткізсе, балаларын төрт-түліктің төлінің атауларымен «қозым, құлыным, құлыншағым, ботам, марқам менің» деп еркелетеді.

Қазақ халқының отбасылық болмысына қатысты тілдік бейнесіндегі осы ерекшелікті ақын Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінен айқын байқауға болады. Атап айтқанда, «Ұлан», «Бесік жыры», «Ата, бата» атты өлеңдерінде ұлттық нақыштағы *құлыным, марқам, қозым, ботам* секілді балаға еркелетіп айтылатын қаратпа сөздер қолданыс тапқан.

Ал, осы мәдени шартталған қаратпа сөздер туыстас түрік, басқа тілдік топтарға жататын орыс, ағылшын тілдеріне қалай тәржімаланды. Мақалада осы сұраққа жауап беріледі.

Эксперимент

Мақалада белгілі түрік Мағжантанушысы, ақынның 160-қа жуық өлеңдерін түрік тіліне прозалық аударма арқылы тәржімалап, 1993 жылы Анкарада 338 беттен тұратын, «Мағсан

Cumabayulı'nın şiirleri» (Мағжан Жұмабай-ұлының өлеңдері. Латын әріптері мен Түркия түрікшесіне аударылған) атты кітап ретінде жарық көрген еңбегі (Тамер, 1993), Әуезхан Қодардың орыс тіліндегі аудармалары қолданылды. Өкінішке орай, Мағжан ақынның Мичиган университетінің профессоры Тимур Кожаноглу ағылшын тіліне аударған өлеңдерінің ішінде аталмыш «Ұлан», «Бесік жыры», «Ата, бала» өлеңдері жоқ. Бірақ ол болашақтың еншісінде. Себебі профессор берген сұхбатында келешекте тағы да бірталай аудармалар жоспарлағанын айтты. Дегенмен, мақалада авторлармен жасалған ағылшын тіліндегі жақындатылған аударма ұсынылады.

Талдаудың теориялық негізін мәдени ерекшеленген ұғымдарды аударуда ең көп қолданылатын, аса танымал шетелдік ғалымдар Л. Венутидің Лондондағы Рутледж баспасынан жарық көрген «The translator's invisibility: A history of translation» (1995) (Аудармашының көрінбеуі: аударма тарихы) еңбегі мен Э. Дейвистің «The Translator» (Аудармашы) журналында жарық көрген «A Goblin or a Dirty Nose? The treatment of culture-specific references in translations of Harry Potter book» (2003) («Сумұрын Гоблин». Гарри Поттер кітабының аудармаларындағы мәдени ерекшеленген ұғымдардың өңделуі) мақаласы құрайды.

Э. Дэйвис мәдени ерекшеленген немесе шартталған сөздерді, тіл бірліктерін аударуға қатысты жазылған еңбектерді саралай келе, preservation (сақтау), addition (қосу): addition outside the text (мәтіннен тыс қосу; ескертпе), addition inside the text (мәтін ішінде қосу), localization (жергіліктендіру), globalization (жаһандандыру), transformation (трансформация), omission (омиссия түсіріп тастау) және creation (ойдан құру) секілді аударма амалдарын ұсынады (Дэйвис, 2003: 173). Мысалы, егер аудармашы ұлттық нақыштағы, немесе құрамында мәдени шартталған бірлігі бар метафораны дәл сол қалпында емес, мақсатты мәдениетте бар, дәл сондай функция атқаратын басқа бір элементпен алмастырса, ол локализация болып табылады және доместикация ұстанымына жатады. Ал, аудармашы мақсатты мәдениетте мүлдем жоқ бір элементті түсіріп тастауға шешім қабылдаса, ол омиссия болып табылып, тағы да доместикация ұстанымына әкеледі. Аудармашы түпнұсқадағы мәдени нақыштағы сөзді сақтап қалып, оған жақша ішінде немесе мәтін соңында түсінік беріп, мақсатты оқырманға сол қалпында жеткізгісі келсе, ол

сақтап қалу және қосу әдісіне жатады және форенизация ұстанымына бағынады (Венути, 1995: 54). Белгілі бір мәдениетте бар ұғымды әлемдегі барлық халықтарға түсінікті жаһандық

ұғыммен алмастырса, ол глобализация амалы болып саналып, доместикацияға алып келеді. Бұл жүйе төмендегі кестеден аса түсінікті болады (Brasienè, 2013: 14):

1-кесте

Venuti's Concept of (Венутидің концептілері)	Davies' Strategy for the Translation of CSIs (Мәдени ерекшеленген бірліктерді аударуға арналған Дэйвистің стратегиялары)
Foreignisation (Форенизация)	Preservation (Сақтау) Addition (Қосу)
Domestication (Доместикация)	Creation (Ойдан қосу) Transformation (Трансформация) Localisation (Жергіліктендіру) Globalisation (Жаһандандыру) Omission (Түсіріп тастау)

Нәтижелері және талқылау

Мағжан ақынды зерттеп қана қоймай, түрік тіліне тәржімалаған Фархат Тамер бізге берген сұхбатында «Мағжан – ұлы ақын. Мағжанды дәл сол қалпында аудару үшін менің де ақын болуым керек. Бірақ ондай қабілетке ие

болмағандықтан, прозалық аударма жасадым» дейді. Аударманың қай түрі болмаса да, рухани, практикалық мақсатта болмасын, ол өте құнды. Ұлттық нақыштағы балаға қатысты айтылатын қаратпа сөздері жиі қолданылған «Ұлан» өлеңінің үзінділері мен аудармалары төмендегідей:

2-кесте

Түпнұсқа		Ф. Тамердің түрік тіліндегі аудармасы	Дэйвис (2003) бойынша аударма амалдары	Венутти (1995) бойынша аударма принципі
1.	Неге ойлайсың, құлыншағым? Не мұның бар, айт, қарағым! Жассың, ойға әуес болма, Ой жеткізбес, ол – бір сағым! (Жұмабаев, 1995, 62)	Kuluncuğum! ¹ Niye düşünüyorsun? Canım, söyle, ne üzüntün var? Gençsin, düşünseye heves etme. (Тамер, 1993: 333)	Сақтау (Preservation)	Форенизация
2.	Беттеріңнен қан тамып тұр, Тал қызығады бойыңа тал. Неге ойлысың, ерке марқам, Бір қаракөз болмай ма жар? (Жұмабаев, 1995, 62)	Onların yanaklarından kan damlamakta.. Senin dal gibi boyunu söğüt ağacı bile arzuluyor.. Nazlı kuzum! Niye düşüncelisin? Bir kara gözlü sana yâr olmuyor mu? (Тамер, 1993: 333).	Сақтау (Preservation)	Форенизация
3.	- Сені тапқан мен анаң ғой, Қарашығым, сен балам ғой! Алыс жолға кетсең, қозым, Күтіп, күйіп, мен жанам ғой. (Жұмабаев, 1995, 62)	Gözümün nuru! Ben, seni doğuran ananim, esn benim çoçuğumsun. Kuzum! Sen uzak yola gidersen, ben, bekleye bekleye yanarım. (Тамер, 1993: 333)	Сақтау (Preservation)	Форенизация
Alty aylık olana kadar at yavrusuna verilen ad (алты айлық болғанша жылқы малының төліне берілетін ат). (Тамер, 1993: 333)				

Демек, түрік тілінде аудармашы түпнұсқадағы мәдени болмысты сақтап, форенизация болмысын ұстанады. Кейбір жағдайда, туыстас ел, тіл болғандықтан тіпті форенизация деп айтуға да келмейтіндей. Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, қазақ халқы төрт-түлік малдың қыр-сырын түгел біліп, бағып-қағу, физиологиялық ерекшеліктеріне аса мән берген. Жас ерекшеліктеріне қарай жеке-жеке атау қойған. Мысалы, қой атаулары:

«Арамза – қыста туған қозы.

Көбдік – тоқты болған арамза.

Көрпеш немесе көрпей – мезгілінен кешірек туған қозы.

Марқа – жарты жастағы қозы.

Тоқты – бір жасқа толғаны.

Ісек – екі жасқа толған еркегі.

Саулық – екі жасқа толған ұрғашысы.

Саулық – қоздаған қой.

Ту қой – қоздамаған қой.

Қошқар – тұқымдыққа жіберілген еркек қой» (Нысанбаев, 1998: 167). Демек, *марқа* дегені жарты жастағы қозы болса, *қозы* – қойдың 6 айға толмаған жас төлі. Бірақ түрік тіліне аудармашы *қозым мен марқам* деген қаратпа сөздерді бірдей *қозым* деп тәржімалайды. Яғни, генерализация (жалпылау) әдісі қолданылған. Аудармашымен тілдескенде Түркия мемлекетінде адамдардың баласын қозым – **kuzum** деп айтатыны бар, бірақ ботам, құлыным деп атамайтынын ескертті. Себебі түрік халқы жылқының төлін тек тай деп атайды. Сол себептен де аудармашы құлын сөзінің қолданысы бар жерлерде мәтін соңында қосымша түсінік береді (Кестедегі 1. Ескертпені қараңыз).

Орыс тіліндегі аударма авторы Әуезхан Қодар:

3-кесте

	Түпнұсқа	Ә. Қодардың орыс тіліндегі аудармасы	Дэйвис (2003) бойынша аударма амалдары	Венутти (1995) бойынша аударма принципі
1.	Неге ойлайсың, құлыншағым? Не мұның бар, айт, қарағым! Жассың, ойға әуес болма, Ой жеткізбес, ол – бір сағым! (Жұмабаев, 1995, 62)	Мой мальчик славный, что ты киснешь, Тебе грустить ли, мой ребенок? Ты мал, не будь привязан к мысли, Она мираж – что не догонишь. (Кодар, 2006: 66)	Трансформация	Доместикация
2.	Беттеріңнен қан тамып тұр, Тал қызығады бойыңа тал. Неге ойлысың, ерке марқам, Бір қаракөз болмай ма жар? (Жұмабаев, 1995, 62)	Во всю щеку горит румянец, Собой твой стан чинару манит. Найди себе ты черноглазку, Она тебе женою станет. ((Кодар, 2006: 66)	Омиссия (түсіріп та- стау)	Доместикация
3.	- Сені тапқан мен анаң ғой, Қарашығым, сен балам ғой! Алыс жолға кетсең, қозым, Күтіп, күйіп, мен жанам ғой. (Жұмабаев, 1995, 62)	Я мать твоя, рожден ты мною, Мой сын, ты счастья достоин. Зачем собрался в путь далекий, Печалась, стану я больною. (Кодар, 2006: 66)	Омиссия (түсіріп та- стау)	Доместикация

Кестеден көріп отырғанымыздай, ұлттық нақыштағы балаға еркелетіп айтылатын қаратпа сөздер аудармада көрініс таппаған. Яғни, бірінші мысалда аудармашы орыс тілінде де төл атауларымен байланысты балаға еркелетіп айтылатын қаратпа «жеребенок мой, ягненок мой, теленок» деген сөздердің барына қарамастан

құлыншағымды – Мой мальчик славный деп трансформациялайды. Ал, екінші, үшінші мысалдарда бұл қаратпа сөздер мүлдем түсіп қалған.

Ал, «Бесік жыры» өлеңіндегі ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің түрік тіліндегі аудару ерекшелігі төмендегі кестеден көруге болады:

4-кесте

	Түпнұсқа	Ә. Қодардың орыс тіліндегі аудармасы	Дейвис (2003) бойынша аударма стратегиясы	Венути (1995) бойынша аударма принципі
1.	Күнім, айым, Еркетайым, Бөлейін енді. (Жұмабаев, 1995, 92)	Güneşim, ayım, nazlı tayım! Şimdi beleyeyim. (Тамер, 1993: 226)	Сақтау (Preservation)	Форенизация
2.	Жұмсақ бесік, Жылы төсек, Жата ғой, қозым. (Жұмабаев, 1995, 92)	Rahat beşik, ılık döşek.. Kuzum yat.. (Тамер, 1993: 227)	Сақтау (Preservation)	Форенизация
3.	Қуанып, қалқам, Ерке марқам, Қысып сүйермін.	Yavrum! Nazlı kuzum! Sevinip, kucaklayıp seni severim. (Тамер, 1993: 227)	Сақтау (Preservation)	Форенизация
4.	Ұйқың тәтті, Ұйқың қатты, Қозым, құлыным. (Жұмабаев, 1995, 92)	Kuzum, kulunum! Senin uykun tatlı; senin uykun derin. (Тамер, 1993: 231)	Сақтау (Preservation)	Форенизация
Kulun *Alty aylık olana kadar at yavrusuna verilen ad(алты айлық болғанша жылқы малының төліне берілетін ат).. (Тамер, 1993: 227)				

Кестеден тағы да түрік тілінде ұлттық нақыштағы қаратпа сөздердің өз реңін толықтай дерлік сақталғанын байқалады. Өкінішке орай «Бесік жырының» орыс тіліндегі аудармасы табылмады. Сол себепті орыс тіліндегі мәдени болмысты

сақтай отырып жасалған аударма мен ағылшын тіліне бейімделіп жасалған аударманы ұсынамыз. Себебі ағылшын тілінде балаларына қатысты төрт-түлік мал төлдерінің атауымен айтылатын қаратпа сөздер жоқ әрі қолданылмайды:

5-кесте

	Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы (авторлармен жасалған)	Ағылшын тіліндегі аудармасы (авторлармен жасалған)
1.	Күнім, айым, Еркетайым, Бөлейін енді. (Жұмабаев, 1995, 92)	Солнышко мое и луна, Запеленаю, уложу, Баловень мой, я тебя!	My sun and the moon, Sleep my naughty, I love you!
2.	Жұмсақ бесік, Жылы төсек, Жата ғой, қозым. (Жұмабаев, 1995, 92)	Мякая колыбель, Теплая постель, Засыпай, мой козлик.	Soft cradle, Warm bed, Go to sleep, my sweetly baby.
3.	Қуанып, қалқам, Ерке марқам, Қысып сүйермін. (Жұмабаев, 1995, 92)	Радуюсь, дорогой, Любимый ягненок мой, Поцелую тебя прижав.	My dear, My beloved little one, I'll kiss you by pressing me.
4.	Ұйқың тәтті, Ұйқың қатты, Қозым, құлыным. (Жұмабаев, 1995, 92)	Сон твой сладок, Сон твой крепок, Ягненок мой, жеребенок!	Your dream is sweet Your sleep is strong My little starlet!

Демек, ағылшын тіліндегі аудармада балаға қатысты еркелетіп айтылатын, ағылшын халқы мәдениетіне тән қаратпа сөздер қолданылды: *my naughty* – менің еркем, *my sweetly baby* – менің сүйкімді балам, *my beloved little one* – менің сүйікті кішкентайым, *my little starlet* – менің

кішкентай жұлдызішам. Толық жергіліктендіру (localization) арқылы бүтіндей доместикациялау принципіне сүйендік. «Ата, бата» өлеңінде де орыс тіліндегі аудармасында ұлттық нақышты сақтау мүмкіндігі болса, ағылшын тіліндегі аудармасында толық бейімдеу сипаты:

6-кесте

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма (авторлардан)	Ағылшын тіліндегі аудармасы (авторлардан)
Мектептен (қайтты) Марияш, Әліппесі қолында. Шақырады оны атасы: «Кел, құлыным, кел мұнда». Марияш: «Ата, ата!» – дегенде, Атасы: «Құлыным ата дейді ғой!» Марияш: «Бата, бата!» – дегенде, Атасы: «Құлыным бата дейді ғой!» Бата десең, қарт атаң Айналсын сендей ботасын! Оқы, құлыным, әлім бол, Атаң берді батасын!». (Жұмабаев, 1995, 212)	Возвращается со школы Марияш, В руках ее букварь. Зовёт дедушка ее: «Иди, жеребенок мой, иди сюда». Марияш: «Деда, деда!», Дедушка: «Мой жеребенок говорит Деда!» Марияш: «Ата ¹ , бата, бата ² !» Деда отзывается любя, Пожелания если просишь у меня! То пусть тогда твой старый Дед, Восхищается тобой, верблюженек мой! Учись, жеребенок мой, ученым будь, Пусть благословение мое освещает твой путь!.	Mariyash returned from school, Holding a primer in her hands. Grandfather calls her: «Come, my dear, come here.» Mariyash: «Grandfather, grandfather!» Grandfather: «My sweet says Grandfather!» Mariyash asks for blessings Grandfather speaks lovingly Blessings if you ask me! Then let your old Grandfather, Admires you, you are my dear Learn, my dear, be a scientist, May my blessing!
¹ Ата – русская дедушка; ² Бата – ценное духовное пожелание (словесное благословение).		

Бұл өлең жолдарында да төл атауларымен берілген қаратпа сөздер көбінесе ағылшын тіліндегі тілдік нормаға сай *my dear* – *қарағым және my sweet* – *тәттім менің* қаратпа сөздеріне алмастырылды. Орыс тілінде *бата* реалий сөзі мәтіннен тыс ескертпе беру арқылы сақтап қалынса, ағылшын тілінде поэтикалық ырғақ пен пішінді сақтап қалу үшін *blessings* – *пожелания* – *тілек айту* сөзімен алмасытырылды.

Қорытынды

Жоғарыдағы талдаудан аудармада ең аз өзгеріске ұшырап, екі тілдің де тілдік бейнесінде ортақ, ұқсас сипаттар бар деп тұйыстас түрік тілін атауға болады. Бірақ онда да

аудармашы мәтіннен тыс ескертпе көмегіне жүгініп, Түркиядағы түрік халқының құлыным, ботам, марқам деген қаратпа сөздерді негізінде қолданылмайтынын айтады. Сол себепті қозым мен марқам қаратпа сөздерін жалпылап қозым деп аударады. Құлынға қатысты ескертпе келтіреді. Орыс тіліндегі аудармасында аудармашы көбінесе доместикация принципін сүйеніп, түсіріп тастау амалын ұстанады. Ал, ағылшын тілінің тілдік бейнесінде балаға қатысты төл атауларына қатысты қаратпа сөздердің мүлдем қолданылмайтынын, қолданған жағдайда құлаққа әбден ерсі, жайсыз естілетінін (әсіресе поэтикалық аудармада) ескере отырып, толық доместикация принципін жүгіндік.

Әдебиеттер

- Тамер Ф. Мағсан Сумабайұлы'nın şiirleri (Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері. Латын әріптері мен Түркия түрікшесіне аударылған). – Анкара, 1993. – 338 б.
- Davies Eirlys E. A Goblin or a Dirty Nose? The treatment of culture-specific references in translations of Harry Potter book // The Translator. – 2003. – N 9 (1). – P. 65-100. <https://doi.org/10.1080/13556509.2003.10799146>
- Venuti Lawrence. The translator's invisibility: A history of translation. – London: Routledge, 1995.
- Brasienė Brigita. Literary Translation of Culture-Specific Items in Lithuanian Translation of Orwell's Down and Out in Paris and London // MA Thesis. Vytautas Magnus University, 2013. – Web. 20. – July 2014.
- <http://vddb.laba.lt/fedora/get/LT-eLABa-0001:E.02~2013~D_20130605_13160147559/DS.005.1.01.ETD>.
- Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1995. – 448 б.
- Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.
- Кодар А. Мағжан Жұмабаев. Голос Востока. – Алматы, 2006. – 84 с.

References

- Brasienė Brigita. (2013). Literary Translation of Culture-Specific Items in Lithuanian Translation of Orwell's Down and Out in Paris and London. MA Thesis. Vytautas Magnus University, 2013. Web. 20. July 2014.
<http://vddb.laba.lt/fedora/get/LT-eLABa-0001:E.02~2013~D_20130605_13160147559/DS.005.1.01.ETD>.
- Davies Eirlys E.. A Goblin or a Dirty Nose? The treatment of culture-specific references in translations of Harry Potter book. The Translator, 2003, 9 (1), 65-100. <https://doi.org/10.1080/13556509.2003.10799146>
- Kazakhstan: Ulttiq ensiqlopediyası. [Kazakhstan: National encyclopedia]. (1998). Ed. Nysanbayev. Almaty: Kazakh ensiqlopediyası. (In Kazakh)
- Kodar A. (2006). Magzhan Jumabayev. Golos Vostoka. [Maghjan Jumabayev. Voice of the East]. Almaty, 84 p. (In Russian)
- Tamir F. (1993). Mağcan Cumabayulı'nın şiirleri. Türkiye Türkçesine aktaran. [Poems of M. Zhumabayev. Translation into Turkish]. Ankara, 338 p. (in Turkish)
- Venuti, Lawrence. (1995). The translator's invisibility: A history of translation. London: Routledge.
- Zhumabayev M. (1995). Shygarmalary. [Collected works] Almaty: Zhazushi, 448p. (In Kazakh)

С.Б. Келдыбекова*  , Ш.А. Шортанбаев 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

*e-mail: k.sandugash98@gmail.com,

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕ ЖАНРЫНДАҒЫ ДРАМАТИЗМ МӘСЕЛЕСІ

Мақалада қазіргі қазақ әңгіме жанрындағы драматизм мәселелері қарастырылған. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасына үлес қосып жүрген қазақ жазушыларының шығармалары негізге алынып, ондағы драматизмнің эстетикалық мәні мен көркемдік қызметі талданған. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ жазушыларының, атап айтқанда Тынымбай Нұрмағамбетов, Қуандық Түменбай, Роза Мұқанова, Асқар Алтай, Думан Рамазан, Айгүл Жұбаныш, Ержан Тоқтардың әңгімелеріндегі драматизм мәселелеріне көркемдік талдау жасалып қарастырылған. Аталған жазушылар әңгімелерінде қоғам бейнесі, кейіпкерлер жан дүниесі, түрлі қайшылықтар айқын көрініс тапқан. Қазақ жазушылары әдеби шығармаларда трагедияны жиі қолданады. Оны коллизия мен конфликт арқылы көрсетеді. Мақала авторлары жазушы көзқарастарын ашудағы драматизмнің орны ерекше екендігін көрсетеді. Драматизм арқылы бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелер мен адами құндылықтардың жоғалуын, тағы да басқа проблемаларды айқындауға болатынын тұжырымдайды. Көркем әңгімелердегі драматизм табиғатын ашуда тартыс, трагедия, жатсыну, ішкі монолог, психологизм сынды мәселелердің өзіндік орны сараланады. Қоғам бейнесін, кейіпкерлер жан дүниесін, түрлі қайшылықтар әлемін бейнелеудегі драматизмнің орны ерекше екендігін тиянақты тұжырымдайды. Сондай-ақ, әңгімелердегі тартыс табиғатын талдау арқылы оның идеясын айқындап, драматизм көріністерін жазушы көзқарасымен байланыстыра қарастырады.

Түйін сөздер: драматизм, автор, сана қақтығысы, қасірет, психологизм, бүгінгі қоғам бейнесі.

S.B. Keldybekova*, Sh.A. Shortanbaev

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

*e-mail: k.sandugash98@gmail.com,

The problems of dramatism in the genre of modern kazakh short stories

This article discusses the dramatic aspects of the modern Kazakh story genre. Based on the works of Kazakh writers who contributed to Kazakh prose during the years of independence, the aesthetic meaning and artistic activity of drama was analyzed. The authors of this article considered and analysed the objectives of the drama in the stories of kazakh writers of independence Tynymbay Nurmagambetov, Kuandyk Tumenbai, Roza Mukanova, Askar Altai, Duman Ramazan, Aigul Zhubanysh, Yerzhan Toktar. The stories of the writers vividly represent the image of society, the inner world of the characters and various contradictions. Kazakh writers often use tragedy in their works. It is expressed in conflict and clash. The authors of the article highlight the essential role of drama in revealing the attitudes of the writer. It's concluded that through drama one can emphasize the current problems of society, the loss of human values and many other problems. In revealing the nature of drama in narrative narratives, the role of issues such as struggle, tragedy, alienation, internal monologue, and psychologism is differentiated. Dramatism clearly plays a special role in the image of society, the nature of the soul, the world of various contradictions. In addition, analyzing the nature of the struggle in the narrative, he reveals his idea and connects dramatic scenes with the views of the writer.

Key words: drama, author, conflict of consciousness, poverty, psychology, image of modern society.

С.Б. Келдыбекова*, Ш.А.Шортанбаев

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

*e-mail: k.sandugash98@gmail.com,

Проблемы драматизма в жанре современного казахского рассказа

В данной статье рассматриваются драматические аспекты современного казахского жанра рассказ. На основе произведений казахских писателей, которые внесли свой вклад в казахскую прозу в годы независимости, был проанализирован эстетический смысл и художественная

деятельность драматизма. Рассмотрены работы и сделан художественный анализ задач драматизма в рассказах таких казахских писателей независимости, как Тынымбай Нурмагамбетов, Куандык Туменбай, Роза Муканова, Аскар Алтай, Думан Рамазан, Айгуль Жубаныш и Ержан Токтар. В рассказах писателей ярко представлены образ общества, внутренний мир героев и разные противоречия. Казахские писатели часто используют трагедию в своих произведениях. Ее выражают через конфликт и коллизию. Авторы статьи указывают на особую роль драматизма в раскрытии взглядов писателя. Сделан вывод о том, что через драматизм можно прояснить нынешние актуальные проблемы общества, потерю человеческих ценностей и многие другие проблемы. В раскрытии характера драмы в нарративных повествованиях роль таких вопросов, как борьба, трагедия, отчуждение, внутренний монолог и психологизм, дифференцируется. Драматизм явно играет особую роль в образе общества, характере души, мире различных противоречий. Кроме того, анализируя природу борьбы в повествовании, он выявляет свою идею и связывает драматические сцены с взглядами писателя.

Ключевые слова: драма, автор, конфликт сознания, нищета, психология, образ современного общества.

Кіріспе

Қоғамдағы белең алып жатқан түрлі жағдайларды, мәселелерді, қым-қуат оқиғаларды ой елегінен өткізіп, оқырманға көркем туынды ретінде ұсыну қаламгерлердің басты мақсаты болып саналады. Ал шығармалардағы кейіпкерлер арасындағы тартыс, автор мен кейіпкер арасындағы байланыс, оқырман мен кейіпкер арасындағы қайшылықтар драматизмнің айқын көрінісі болып табылады. «Драматизм негізінен ойлардың қақтығысы», – деп түсіндіріледі (Төлеева, 2010: 302). Бірақ драматизмге байланысты әлі де болса нақты, оның табиғатын дәл ашатын анықтама табу қиын.

Әдебиеттегі қай жанрды алып қарасақ та драматизм мәселесін анық аңғаруға болады. Соның ішінде қазақ әңгіме жанрындағы шығармаларда астары тереңде жатқан түрлі оқиғалар желісіне көз жүгірте отырып, өткен ғасыр кезеңі мен қазіргі қоғам бейнесін аша білген аға буын жазушылары мен бүгінгі күннің жаңалығына жаны құмар жас талантты жазушылардың әңгімелеріндегі драматизм мен оның мәселелеріне зер салмау мүмкін емес.

Аталмыш мәселе адамзат өмірінің қайғы-қасіретін, тауқыметін, жалғыздық пен жатсынуын, айналып келгенде, адам баласының қым-қуат өмірін, қайшылыққа толы ғұмырын бейнелейтіні анық. Осыларды негізге ала отырып, XX ғасырдағы проза жанрындағы шығармаларға талдау әдебиет зерттеушісі Т. Есембековтың «Функции драматизма в художественном тексте» атты еңбегінде кеңінен қарастырылған.

Драматизм мәселелері мен оның қызметіне байланысты қазақ әдебиетінде алғаш М. Әуезовтің, М. Базарбаевтың еңбектерінде көрініс алды. Сондай-ақ Р. Нұрғали де бұл мәселеден

шет қалған жоқ. Драматизмнің драматургиядағы көрінісіне жете тоқталды.

Алуа Темірболаттың «Прозадағы драматизм. М.О. Әуезовтің 1920-1930 жылдардағы әңгімелерінің негізінде» атты мақаласында драматизм қызметін М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Көксерек» әңгімелері арқылы ашып көрсете келіп, «драматизм дәуірдің эстетикалық идеяларын, жазушының көзқарасын көрсетеді», – дейді (Темирболат, 2006: 243). Осы берілген жолға мән берсек, А. Темірболаттың драматизмнің мағынасын аша алғандығын көреміз. Бірақ ғылыми айналымда бұл терминнің әлі де болса өзінің толық мәнін аша алмай тұрғандығына көз жеткіземіз.

Талдау

Драматизм – сана қақтығысы. Көркем туындыларда кейіпкер дүниесіндегі түйіні шешілмей тұрған қайшылықтарды, қиындықтарды құсалық пен уайым, қайғыға шыдай алмай тағдыр соқпағына налып, азып-тозып, күйіктеніп, опық жеген тағдырлар суреттеледі. Тіршілік бар жерде тартыстың болмауы мүмкін емес. Өнер де өмірден алынады емес пе?! Өнер арқылы ащы бір өмір шындығы көрінісі таппай ма? Драматизм жалпы эстетикалық санат ретінде әдеби шығармашылықтың барлық аспектілерінде, яғни көркем материалды драматизациялаудың барлық түрлері: сюжет, қақтығыс, әрекет, сипат, диалог, монолог және авторлық ұстаным арқылы беріледі. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі драматизм көрінісі мен оның қызметтеріне көңіл аударып, басты мәселелерді жан-жақты таразылаудың жөні бөлек. Осы тұрғыда тәуелсіздік тұсынан бері қалам тербеп жүрген қазақ жазушыларының, соның ішінде

Д. Рамазанның, Т. Нұрмағамбетов, Қ. Түменбай, Р. Мұқанова, А. Алтай, А. Жұбаныш, Е. Тоқтардың әңгімелеріндегі драматизм мәселелерін талдап, қарастырамыз.

Мәселен, Думан Рамазанның «Келін», «Аза», «Жылап аққан тамшылар», «Жантәсілім» атты әңгімелері әрбір отбасының шыншыл оқиғасын, қайғысын, қателігін, қасіретін көркем жеткізетін туындылар.

«Аза» әңгімесінде жас отбасы Ержан мен Жәмиләнің аза тұтқан күні суреттелінеді. Ызғырық суық. Жалдамалы пәтер. Жылымайтын бір бөлме. Қыстың қатқыл суығы кейіпкерлердің суық мінезін, қатігездігін еске салғандай. Кішкентай сәбиінің өкпесіне суық тиіп, аурухананың есігін тоздырғанымен, дұрыс ем жүргізілмей, амалдың жоқтығынан жылымайтын бір бөлмелі пәтерге қайта оралды. Өзі де, сәбиі де мына өмірдің қиыншылығына төтеп бере алмай, ақыры ол ананың ыстық құшағында өмір мен өліммен арпалысып, әлі құрып, бұл өмірмен қоштасты. Осы тұста сәбидің еміне ақша таба алмаған жас ата-ана кінәлі ме, әлде ақ халатты абзал жандылардың өз ісіне деген салғырттығы ма немесе осындай жағдайды бойына сіңіріп алған қоғам кінәлі ме деген сұрақтарға әрбір оқырман өзі жауап іздейді. Біздің мақсатымыз, әңгімеде драматизмнің көрінісін автордың қалай бере білгендігіне тоқталу. Бұл шығармада тартыс ананың ішкі зары арқылы берілген. Ата-ана үшін қызығын көріп, бал татқан тілін естіп, тәйтәй басқан қадамын көріп үлгермеуі тым ауыр. «Тұмай жатып сөнгенің-ай, шырағым! Қара жердің қойнына қалай қиям...», – деген жолдар қайғыдан қан жұтқан ананың зары еді (Рамазан, 2011: 271). Осы тұста автор уілдеп тұрған ызғырық арқылы әке мен ананы жұбатқандай, табиғат күшімен көңіл айтты.

Ал «Тақсірет» атты әңгімесі айрандай ұйып отырған отбасындағы отағасының атом жарылысынан соң ластанған көлге түсуінен денесінде пайда болған жараның түгел бойын жайлауының әсерінен қасірет тартуы жайында. Отағасы Нұрбек жанына батқан аурумен күрессе, әйелі Гүлжан қу тұрмыс-тіршілікпен арпалысуда. «Еркексіз әйелдің күні қараң» деген бекер айтылмаса керек. Асыраушысы болып отырған жалғыз сиырына жем-шөп түсіре алмай отырған Гүлжанның ендігі үміті совхоз бастығы болатын. « – Көмектесе алмаймыз. Биыл жауын жаумай, құрғақшылық болғанын өзің білесің...», – деп бетін қайтарған бастық Гүлжанның бар үмітін сөндірген еді (Рамазан, 2011: 259). Нұрбек сол бір адам қолынан жасалған зұлым атомның за-

лалын көрмегенде, дәрменсіз күйге бұл отбасы түспес еді. Бұл қасірет тек олардың ғана басынан өткен жоқ, сонымен қатар осы ауыл тұрғындарының жағдайына да залалын тигізді. Бұрын-соңды естіп, көріп, білмеген түрлі аурулар белең алды. Соның бірі көрші Қаншайым апаның немересінің танауының таңдайынан шығып жарымжан болып тууы. «Сұм тағдыр адамзатты аямайды» деп айтып жатады. Бірақ «сұм тағдыр» атандырған, болдырған адам баласы емес пе? Өзін-өзі жаныштап, өзіне-өзі қасірет арттырған да сол. Осы оқиғада қаламгер үлкен бір қоғамдағы проблеманы кейіпкерлердің іс-әрекеті, ішкі ойы мен басынан өткерген тақсіреті арқылы беріп отыр.

Осындай ауқымды мәселелерді астарлап оқырман қауымға ұсыну – жазушылардың басты ұстанымы. Шағармада жазушы бейнелейтін құбылыстар мен оқиғалар, сондай-ақ кейіпкерлер іс-әрекеті автор ұстанымының басты шарты болып саналады. Оның көрінісі тікелей және жанама көрсетілуі мүмкін. Бұл әңгімесінде автор оны кейіпкерлер сөзімен, іс-қимылымен жамана беріп отыр. Оған дәлел Нұрбек пен оның жары Гүлжан образы. Сонда Д. Рамазан кейіпкерлері арқылы сан мыңдаған бейнелерді жасырын жүктеп отыр. Кейіпкер тағдырын осындай мәселелермен беру, жанама көрсету драматизм көрінісі болып табылады.

Тынымбай Нұрмағанбетов – қазақ прозасында ойып алар орны бар жазушы. Шығармаларының бір бөлігі кеңес тұсындағы ауыл бейнесін, тыныс-тіршілігін арқау етсе, біразы жаңа кезең, яғни тәуелсіздік тұсынан бері қарай жарыққа шыққан тың туындылар. Тың, жаңашыл бағытта жарық көрген шығармалары қазіргі қоғамды дәл суреттеп, келеңсіз жағдайларды түспалдап, оқырмандарға ұсынған. Қазіргі таңдағы ең өзекті болып саналатын ұлт басындағы мәселелерді айқын көрсете алған. «Ауғандық құстар», «Ұлттың дерті», «Күнді жек көру», «Анасын сағынған бала» атты әңгімелері соның дәлелі.

Арыстан, Жолбарыс, Қасқырбай сынды кейіпкерлері бар «Ауғандық құстар» әңгімесі нағыз тартысқа құралған. Сондай-ақ бұл туынды оқырман мен кейіпкер арасындағы тартысқа да жол береді. Әңгіме сюжеті бүгінгі күннің айнасы. Адам мен адам арасындағы асыл қасиет болып саналатын құндылықтардан айырыла бастауы. Ал енді шығарма желісіне келер болсақ, кейіпкерлер басынан өткерген оқиғалар күлкілі, бірақ олар үшін қасірет, оқиғадан шет тұлға, яғни оқырман үшін қалыпты жағдайға айна-

лып бара жатқан проблема. Бірінің шешесінің тайып жығылып, қаза табуы, кейінгісінің кенже қызының шетелден арнайы тапсырыспен алдырған көйлегінің саңғырықпен былғануы, тағы біреуінің бетіне бір шыбын қондырмай өсірген ерке ұлының бетінің осылып қалуы және ашу-ызаны ары қарай өршіткен жағдайдың бір евро қағаз ақшаның жоғалуы. Бұған не себеп? Кім кінәлі? – деген көкейдегі сұрақтардың жауабы – «Ауғандық құстар». Иә, иә... «Ауғандық құстар». Жиырма жылдан бері көрші тұрып, араласпаған Арыстан, Жолбарыс, Қасқырбайлар кенеттен бір-бірімен жақын араласып кетуінің себепкері, кәдімгі ауғандық құстардың әсері. Әңгімедегі кейіпкерлердің құстармен күресі тек образды түрде. Басты мәселе адамдардың ішкі әлемдерінің қараланып, ниеттерінің бұзылғандығы, көкіректі кернеген менмендіктің аспандап бара жатқандығы, яғни адами қасиеттерден айырыла бастағанымыздың бейнесін беру. Қос аяқты, саналы адамзаттың құс атаулымен күресі – ұлттың басына түскен бір қасіреттің бейнесі екені хақ.

«Ұлттың дерті» шығармасы да қоғамдағы ахуалды суреттейді. Бірін-бірі шын құлай сүйген екі жас та емес, елім, жерім деп өзін құрбан еткен батыр емес, қоғамның қатал заңына мойынұсына алмай мерт болған адам да емес, бұл әңгімедегі басты трагедия елдің құлдырауы, қоғамның, адамзаттың, ұлттың ұсақталу жайы. Керімқұл Алтайұлы, Марлен Керімқұлұлы және Айдар Марленұлы атты кейіпкерлер образы арқылы автор ұлттық трагедияны олардың берер ойы мен түйер түйіні жоқ мылжың сөздері арқылы көрсетеді. Адамзат бойына сеңіп, бойлап бара жатқан, асылы, пайдасынан зияны көп мәнсіз бос сөз, талас, ізеттілік сөзінің мәнін жоғалтуы мен тәрбиеден ажырауымыздың сауықпас дертке шалдыққанын бейнелейді. Әңгімедегі бұл жайттар тартысты одан әрі үдетеді. Бұл мәселе ұлттың құлдырауының басты шарты екендігін, оның алдын алмаса тұтас бір халықтың түбіне жететіндігінен хабар береді. Кейіпкерлер арасындағы диалог олардың бар болмысын ашумен қатар, автор көзқарасының драматизм арқылы айқындалатынын байқатады. Оның бәрі жанама кейіпкерлер сөзі мен іс-әрекеті арқылы екі тарапқа көпір болып тұр.

Т. Нұрмағамбетовтың тағы бір тың туындысы «Анасын сағынған бала» атты әңгімесіндегі оқиға Сержан атты кішкентай бала мен Алматыдан ауылына үш-төрт жылда бір келетін Есмағамбет атты кейіпкер айналасында сөз етіледі. «– Кімнің баласысың?», – деген Есмағам-

беттің сұрағына «– Күміскүлдің» дейді бала. Әкесінің емес анасының атын айтуы қоғамдағы өзгерістің белең алғаны. Күміскүл күйеуінен ажырап кетуі, күнкөріс қамы үшін бауыр еті баласын әке-шешесіне тастап, өзі қалада, базарда жұмыс жасауы кішкентай баланың әке мейірімін көрмей, анасына деген сағынышпен ғана күн кешуіне әкеліп соғады. Баланың әрбір қимылы мен әңгімесінен оның бойындағы трагедиялық ахуалды танытып отырады, оған қоса баланың іс-әрекеттері арқылы жетімдік көріп өскен барша ауыл баласының бейнесін де береді. Сержанның анасына деген ыстық сағынышын «Мама» деген әнді жиі орындауы арқылы куә боламыз.

Драматизмнің басты көріністері адамның жан дүниесі, сезімі, ішкі толғанысы арқылы беріледі. Әңгімедегі психологиялық драматизм Сержанның анаға деген сағынышымен ашылады.

Қазіргі қазақ әңгімелерінде көтеріліп жүрген басты мәселелердің бірі – еркіндік. Еркіндіктің бейнеленуі дүниені романтикалық тұрғыдан қабылдаумен тығыз байланысты. Себебі романтизмнің идеялық-эстетикалық концепциясында бостандық, еркіндік ұғымдары маңызды орын алады. Қай кезеңдегі, қай халықтың романтизмі болмасын, оны жарыққа шығарған – бостандық, тәуелсіздік идеялары. Қазақ әдебиетіндегі бұл әдеби бағыттың қоғамдық қозғаушы күші де осы идея болды. Өмір сүріп отырған қоғамның тарихи-әлеуметтік жағдайына байланысты бір романтиктер жеке бастың еркіндігіне назар аударса, бір тобы ұлт бостандығына көп көңіл бөледі (Смағұлова, 2006: 20).

Асқар Алтайдың мифке құрылған «Кентавр» әңгімесіндегі Басарыс атты кейіпкердің бейнесі тотемдік белгісі бар образ. Автордың көптеген әңгімелерінен қоғамдағы қилы тартыс, қақтығыс, зауал, жатсыну сияқты тереңге бойлаған драматизм мәселелерінің сарынын көреміз. «Кентавр» әңгімесіндегі құлын-сәби әкесі Аққазы мен анасы Моншақтың маңдайына біткен жұбанышы еді. Автор осы кейіпкерді жаңа бейнеде жаңғырту арқылы, әлі күнге дейін зала-лын тигізіп жүрген астары тереңде жатқан үлкен мәселені ашып отыр. Қоғам мен бейкүнә адамбасты жылқы сәбидің бір-бірін жатсынуы, ерекше жаратылған сәбидің бейнесін қабылдай алмауы суреттелінеді. Қазіргі таңда бұл құбылыстан басқа экологиялық апатқа байланысты қаншама жан түршіктірер оқиғалардың бары мәлім.

Аңыздар мен мифтерді көркем әдебиетте әдеби тәсіл ретінде қолдану шығарманың көркемдік-эстетикалық әсерін байыта отырып,

шығармада суреттелген өмір шындығын бейнелеуге, өмірдің шынайы беттерін тануға септігін тигізеді. Олардан адамның рухани ізденісін байқауымызға болады. Бүгінде қазақ прозасындағы аңыз, миф, хикаяттардың кейіпкер бейнесін сомдаудағы көркемдік қызметі жаңаша сипат алуда (Халикова, 2006: 21).

Қуандық Түменбайдың «Періште» атты әңгімесі Асқар Алтайдың осы әңгімесімен сарындас. Сонымен қатар Думан Рамазанның «Тақсіреті» мен Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» атты әңгімелерінде әрбір отбасының басына түскен хал-ахуалы суреттеліп, соңы қайғыға ұласқанын аңғарамыз. Басты арқау болған жағдай экологиялық апат. Қазіргі таңда бұл үйреншікті жағдай болып кеткені мәлім. Түрлі мутациялық жағдайда дүниеге келетін сәби тағдырлары көңілге кірбің түсіреді. Бұл дегеніміз қоғамдық проблема, ұлттың проблемасы. Улы қазынаның кислотасы жерге сіңіп, күнделікті тұтынып жүрген ауыз суға зиянын тигізіп, қара халықты қан-қақсатпай қоймады. Соның залалы сиям егіздерінің, үш аяқты балалардың ерекше болып дүниеге келуіне әсер етті. Әрине, бұның бәрі – уран деген удьң кесірі. Халықтың басынан өткен түрлі жайттың куәгері бола тұра, ауыл тұрғындарының зарына ауылнайдың құлақ аспауы, оның тағдырына ауыр жаза болып жазылды.

Әкім Бекшораның екі қыздан соң шекесі торсықтай ұл күтеді. Жары Қайырнисаның ай-күні жеткен соң, оны перзентханаға апарып тастайды да, жақсы хабарды үйінде есту үшін кері үйіне қайтады. Түн ұзағынан күткен қоңырауы келмегеннен соң Бекшора таң ата перзентханаға жол тартады. Аурухана есігінен кіре сала ақ халатты дәрігер қарсы алып, әйелі мен баласы жатқан палатаға әкеледі. Өзі зарыға күткен бала жатыр, кейпі – екі аяқты, арлан басты. Соңғы кездері түрлі жайттарды көріп, естіп жүргеніндей емес, түк басқан дене. Арлан басты кішкентай сәбидің біреудің емес, өзінікі болып шыққандығы, оның ішкі әлеміндегі күрестің өршуіне әкеліп соқты. Бұл жағдайға мойын ұсынбай, өзінің қара басын ойлап, оны жатсынуы, қоғамнан мүлде шектеуі – адамшылықтан айырылғандығының белгісі.

Адам баласынан ерекше болғандығы үшін бейкүнә сәбидің жантәсілім етуі әділетсіз. Адам баласының қолынан жасалған бұл зардаптың, түбінде өздеріне кері әсер етуі, жазықсыз жанның жазалануы «қасірет» болмай немене?!

Қазақ жазушылары әдеби шығармаларда трагедияны жиі қолданады. Оны коллизия мен конфликт арқылы көрсетеді. Кейіпкер өз

бейнесін немесе қоғамның бейнесін ашу үшін қиындықтармен күреседі. Кейіпкерлер тағдыры қайғы мен қасіретке, өлімге, жанның екіге жарылуына, қоршаған орта мен өз-өзімен күресі конфликт арқылы көрінеді. Қазақ әдебиетінде кейіпкердің трагедиясы жиі жалғыздыққа әкеліп соғады. Кейіпкерлер басына түскен қыншылықтарды жалғыздықта кешеді.

Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» атты әңгімедегі ащы шындық Ләйлә-қыздың бейнесі арқылы ашылады. «Терең сайға бет алған Ләйлә-қыз бұл сәтте беймезгіл рух тұрмақ, адамзат қасиетінің өзіне де сенуден қалған. Тек қана осындай меңіреу түнді, сол түнмен айналасып, толыңсып тұратын қияқтай әдемі Айды сырлас еткен. Көкірегін кеулеген мұң арызын осы арада, терең сайда сыбырлайтын», – деп басталатын жолдардан-ақ Ләйлә қыздың мұңына үңіле бастаймыз (Мұқанова, 2014: 119). Адаммен емес, Аймен сырлас болуы, терең сайдан жұбаныш іздеуі жайдан-жай емес еді. Семей полигоны қаншама адамдарға қасірет алып келді. Солардың бірі – Ләйлә-қыз. Бейнесі мәңгілік бала күйінде қалып, арбаға таңылып, екі қолының тым үлкейіп өсуі осы зұлмат күш полигонның әсері еді. «О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз боламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы. Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам емес адам пейілін тәубаға түсіретін мүгедекпін», – деген қыз мұңының тереңде жатқанын көреміз (Мұқанова, 2014: 119). Жанына жұбаныш болар жан жоқ. Жалғыз тәтесінің түрі анау. Жанына жалау болудың орнына жанына жара салуда. «– Сөзді қара! «Адам емеспін бе», – дейді. Адам сикы жоқ кейпіңе неге қарамайсың, а?», – деген Қатира тәтесінің сөздері жанын қызыл қан-жоса еткен еді (Мұқанова, 2014: 121). Жанын түсінер, қайғысына ортақтасар, жанын жегідей жейтін жарасына ем болар ешкір болмағанын жарық Аймен тілдеспеуге басқа шара бар ма?! Екі үлкен қолын аспанға қарай жайып, Айдан медеу іздегеннен басқа амал бар ма?! Жас қыздың құсалықтан қан жұтып, бұл өмірден безбеске басқа амалы қалды ма?! «Жан тапсырған төсектегі қыз суретін ұзақ аймалаған Ай биіктеп, жылжып кетті. Мәңгілік қоштасып кетті» (Мұқанова, 2014: 126). Үрімдей жас қызбен осылайша қимай қоштасқан тек жарық Ай ғана болатын. Ләйләнің осылай көз жұмуына атом емес, адам баласының мейірімсіздігі мен іс-әрекеті еді.

Аталмыш әңгімелердегі басты арқау болған

жағдай – экологиялық апат қасіреті. Бірақ авторлар бұл жағдайды өзінше беруге тырысқан. Тақсірет, азап, күрес, тартыс суреттелген бұл әңгімелерде кейіпкерлер монологтарында көп ешкімге айтыла бермейтін астарлы драматизм жатыр. «Кентавр» әңгімесінде сәби құлын қатал қос аяқтылардың өктемдігінен қаза табады. Ал «Періште» әңгімесі – кішкентай шаранасынан айырылған ана образының зары. «Тақсіретте» болса, Гүлжанның жан қиналысы, тұрмыс-тіршілігі үшін шыр етіп жүрген ана-әйел жағдайы. «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі Ләйлә қыздың жан азабы, қоғамдағы оған деген әділетсіздіктің көрінісі. Аталмыш әңгімелер трагедияға құралған. Кейіпкерлер қазасымен қоғамдағы түбі тереңге бойлаған жайттарды көрсетеді.

Жазушы Роза Мұқанова адам баласының уайымын, қайғыдан жұтқан құсалығын, жіберілген қателіктің орны толмасын біліп, күйіктеніп, тағдырдан ұсынған сыйынан опық жеген кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы өмірдің ащы бір беттерін көркем сөзбен бере білген. Автор әңгімелері ішкі ойын, ішкі сезім күйін, өзара тартыс, қайшылықтарды аша білген. «Жан азабы», «Мәңгілік бала бейне», «Жарық дүние», «Аида», «Тұтқын», «Құбыжық» әңгімелерінің мазмұндық мәні терең, жан күйін адам тағдыры мен тауқыметіне бойлайтын шығармалар.

«Дерт меңдеген жүдеу кейпі әдемі қалыпқа түсіп, маңдайы жіпсіп, терлеп тұр екен.

– Тәте, жазылып қалдым-ау деймін», – деген сөзден «Жан азабы» әңгімесіндегі Дариға атты кейіпкердің дертке шалдыққандығынан бастау алады (Мұқанова, 2014: 14). Жазылмас асқазан ісік ауруына шалдыққан Дариғаның өмір үшін күреске түскендігі беріледі. Кішкентай құлыншақтары мен сүйікті жары Айдын, жанына медеу болып жүрген Баян апасының сүйіспеншілігі Дариғаның өмір үшін күрес алаңына түсуіне зор ықпалын тигізді. Оның өмір сүруге деген құштарлығы өмірінің соңғы минуттарына дейін жалғасты. «Әйтеуір жазылсам екен» деген ойлар Дариғаның тілегі еді. Бірақ тағдыр айтқанға көне ме?! Дәрігерлерден үмітті болған ол, өзінің түбі бір жазылатынына сенгендей де болды, бірақ өмір сүруге деген сенімі үмітке, үміті оның жәй ғана арман болып қалды.

Драматизмнің көрінісі диалог арқылы да ашылатындығын білеміз. Дәл осы тәсіл «Жан азабы» әңгімесіндегі кейіпкерлер арасындағы диалогтарда көрініс табады. Дариғаның, оның қолдаушы жары, сондайақ тәтесі Баянның және дәрігердің сөздері оған дәлел. Соңғы демі

қалғанын сезсе де, үмітін үзбеген Дариғаның Айдын мен Баян апасының сөздерін сырттай естіп, көңілі құлазыды. Айдындың «– Бір екі жәшік конфет алып қою керек», Баян апасының «– Дүкеннен көбірек тоқаш әкеліп қойыңдар» деген сөздері оның жанына қатты батты. Бұл сөздер оған өлімді шақырып тұрғандай сезілгенді. Соңғы демі бітерін күту, өлім туралы ойлар Дариғаны одан әрі қысқа өмірін қысқартқандай еді.

Белгілі жазушы Дидахмет Әшімханұлының «Зауал» атты әңгімесінде аңшы жігіт Кемелдің Ақсуда өткізген бірнеше күндік оқиғасы баяндалады. Оның орманда қиын бір сәттерді басынан кешкендігін көреміз.

Шығарма өн бойынан Кемелдің сыртқы күйзелісімен қоса, ішкі күйзелісін де байқаймыз. Ормандағы бірнеше күндік күйбең тіршіліктен шаршаған ол, енді Кәрім даусын да еститін жағдайға жетті. Кәрімнің қайта-қайта көз алдына елестеуі және «– Жалғанда жолың болмас!», – деген қарғыс сөзінің құлағында жаңғыруы, өзінің қатігездігінен, жауыздығынан тауып отыр. Былтырғы болған оқиға Кәріммен оның арасын суытқанды. «– Аға, мені де ала кетші», деп қоярда қоймаған соң ілестіріп алған еді. Соңы міне, ат құйрығын кесісумен аяқталды. Көктем шыға сала суырларды аулау аңшы үшін таптырмас кез. Ізіне қарап, суыр інін қаздырған Кемел Кәрімнің өзіне қарсы шығатынын білмегенді. Жерден шиқ еткен ащы дауыстар шықты. Кәрім шошып кетті. Оларды қанша аяп, Кемелге жалынғанмен жандарын сақтап қала алмап еді. Кішкентай жаратылыстың дәрменсіздігін пайдаланғандығынан адам баласының қолынан аяусыз бес суыр ажал құшты.

Қазіргі Кемелдің басынан өтіп жатқан қиындығы өзінің қолымен табиғатқа жасаған зұлымдығының зауалы секілді. Сондайақ тойымсыздығы. Ендігі мақсаты оның арқарды қолға түсіру еді. Бірақ адам баласы әлсізге әлділігімен күшті болып көрінеді емес пе?! Ал шын мәнінде алапат күш жоқ. Кемел үшін арқарды атып салу, артынан қуып, қамшылау оның еркінен тыс болды. Арқар жеткізбеді. Керішінше өз зұлымдығын өз алдына әкелді. Бұл табиғат пен адам арысындағы тартыс. Адамның өз жаны үшін, әрбір қыбырлаған жануардың өз тіршілігі үшін күрескені, қорғанғаны заңды құбылыс.

Тәуелсіздік кезең әдебиетінен бастап қалам тербеп жүрген А. Алтайдың «Түсік» (2001) әңгімесі мен қазіргі жас толқын А. Жұбаныштың «Қара сөмке» және Е. Әбікенұлының «Қасірет»

атты әңгімелері сарындас. Жарық дүние есігін әлі ашып үлгермеген шарананы тағдырынан айыру қазіргі кездегі белең алып бара жатқан құбылыстардың бірі болып саналады. Ата-ананың қателігі үшін жазықсыз шарананың түсік болуы жайын арқау еткен шығармалардың бірі – А. Алтайдың «Түсік» әңгімесі.

«Түлен тұртті пендені...

Түсінде түсік көрді. Түсік – түсік емес, түсікке айналған мұның өзі. Бармақтай ғана жан иесі екен. Ештемемен ісі жоқ. Жөнімен жүзіп жүр, – деп басталатын бұл әңгімедегі бас кейіпкер Биболдың түсі мен өңі араласқан өмір шындығымен күреске түседі (Алтай, 2013: 188).

Бибол ақша буына масайған, Санабике атты әйелінің банкир ағаларының арқасында тоқшылықта сайран құрып жүрген біреуге ер, ал біреуге ез адам. «Ез» атануының себебі неде? Әйелі бола тұра, басқаға көз салып, өтірігіне сендірдіп, «бүлінгеннің» бойына бала біттіріп, өз ісін мойнымен көтермеуі оның «ез» екенін танытады. Әйелі мен жас қыз Балкенже екеуінің бойына біткен түсікті болары болып, бояуы сінген соң қабылдамау мүмкін емес еді. Өзінің қателіктерінен өзі қашқысы келіп, қонақ үйден пана тапқан оны түсінде «түсік» мазалайды. Жай түсік емес, тажал түсік. Жалғыз емес, қос түсік бір-бірінің алқымынан алуда. Бұлар Биболдың шын өмірдегі қателігінің көлеңкесі.

Барлық болған жайттардан соң оның түсінде орын алған оқиғаны сараптауы, мынадай: «екі түсік те екі жатырда жатуы керек еді... қай құрсақта жүр екен: Санабике... Балкенже... құрсағы. Тәңірім-ау, қай қасиетті... жо-жоқ, қасиетсіз құрсаққа тап келді?!» (Алтай, 2013: 195). Саналы, текті ұрпақтың болуы, түбінде бір тектілік ізінің болуы шарт. Қазақ тектілікке қатты мән берген халық. Тектілік әке жолындағы іспенен бағаланған. Құрсақтың қасиетсізі, қасиеттісі болмайды. Қасиетсіз мұның өзі.

Биболдың ішкі ойларының осылайша күреске айналуы, түсік пен тажал түсік арқылы көрініс табуы ой өзегінде жатқандығы. Сонда кейіпкер басындағы түрлі жағдайлардың суреттелінуі, яғни сана қақтығысында болып жатқан күрмеуі шиеленіскен жағдайлар драматизм табиғатын ашуда үлкен рөл атқарады.

«Ұйқы элемент композицияның маңызды компоненттеріне жатады, бейнеленген оқиғаларды түсініктеме және бағалау тәсілдерінің бірі болып табылады. Ұйқы жиі кейіпкердің психологиялық сипаттамасы ретінде орын алады» (Вершинина, 2005: 220). А.Алтай кейіпкердің психологиясын ашуда түс көру компонентін

қолдану арқылы ұтқырлық танытқан. Биболдың үрейі, қорқынышы, шырғалаңға түскен бейнесі, өкініші сынды күйімен оның бар болмысын ашып беруге тырысқан.

Ер адамның құны түсіп, бар ауыртпалық нәзік жандыларға түсуі жайынан хабар беретін туындылардың бірі – Айгүл Жұбаныштың «Қара сөмке» атты әңгімесі. Айтып өткендей ер азаматтың өз ісін мойнымен көтермеуі, тас бауыр ананың өз баласынан бас тартуы суреттелінетін бұл әңгімедегі көтеріліп отырған мәселе бүгінгі заманның одан әрі қатігезденіп бара жатқандығын көрсетеді.

Қазіргі кезде некесіз сәбилердің дүниеге келу саны көбейіп кетті. Сондай олқылықтан құтылу үшін, түсік жасату ең оңай шешім ретінде санада қабылданып, белең алуда. Сәбидің бәрі бақытты болуы үшін жаралған. Бірақ, «Қара сөмке» әңгімесінде керісінше оның бақытынан айырған жас қыздың өмірі айтылады.

Өмірге құштар сәбидің жан айқайын әкесі мен анасы естімеді. Естігісі де келмеді. Сонда адами құндылық қайда қалды? Кішкентай шарананың жарық дүниені көруге қақысы жоқ па? Адамның өмірін адам қия салуы оңай ма? Бұл сұрақтардың жауабы табылмас. Осы бір көріністің тағы бір куәсі Е. Әбікенұлының «Қасірет» атты әңгімесі.

Жан күнелту үшін Алматы базарларының бірінде манти сатып жүрген Гүлім дейтін әйелдің образы суреттелінген. Әңгіме барысында ері Нұрланның құны төмендеп, әйелі Гүлімнің ер азаматтың орнын басып, бір отбасының асыраушысы болып күн кешіп жүргендігін көреміз. Оның қиналысы мен азабына куә боламыз.

Тұрмыстағы жоқшылық, жұмыссыздық пендені қамықтырып, шаршатып жіберетіні рас. Кешке алдынан шығатын екі кішкентай қыздарына әрең нан тауып жүрген Гүлімнің ішкі күйзелісі тереңге бойлаған еді. Бауыр еті баласынан бас тарту оған қиынға соқты. Аурухана есігін аттаған соң оның ішкі ойының күресі де, дәрігер әйелмен күресі де ұзаққа созылмады. Күйеуі дегеніне жетті, дәрігер көкейін тескен ақшасына жетті, ал Гүлімге болса мынау қиналыс өзін істікке шаншып, отқа қақтап-қақтап алғаннан да ауыр болды.

Үш жазушы үш әңгіме арқылы адам баласының жауапсыздығын, қатыгездігін тағдыры бөлек отбасылардың түрлі қым-қуат қайшылықтарға толы өмірі арқылы көрсете білді.

Айгүл Жұбаныштың «Қуыршақ» әңгімесі трагедиялы. «Айым үшінші қабаттан секіріп, өз-өзіне қол жұмсамақшы болыпты», – деген суыт

хабарды естіп, дереу пәтеріне келдім (Жұбаныш, 2014: 15). Әңгіме бірінші жақта баяндалады. Жетім қыздың қайғысы, қасіреті, өмір мен өлім атты тажалмен күресі бірінші жақта баяндаушы Айымның құрбысының монологімен беріледі. Кішкентайынан анасынан айырылып, өгей шешенің тепкісінде өскен, нағашы жеңгесінен көрген азапты күндері қыздың болашағына кері әсерін тигізбей қоймады. Жеңіл жүрістің жолына түсіп, жеңіл ақша буына булыққан Айымның бұл әрекетінің соңы трагедиямен аяқталатынын өзі, жанындағы жандар да білмесе керек.

Өмірдің жанына салған жарасының дауасы қуыршағы болатын. Тірі жанның мейіріміне бөлене алмаған Айымның осы бір жансыз заттан медеу іздегені, қоғамнан алшақтап, жатсынуға әкеліп соқты. Жатсынаудың соңы жалғыздыққа әкеліп соғатынын ол білмесе керек. Өмірдің ол үшін мәні қалмағанын сезген қыз өз өмірімен өзі қоштасты.

А. Жұбаныш Айымның ауыр жағдаймен ауруханаға барғанын жаңбыр стихиясы арқылы, паралелизммен ашуы шығарманың өне бойын жақсы ұштастырған. «Тынысым тарылып, далаға шықтым. Айымның ендігі тағдыры не болмақ? Далада жаңбыр сіркірей бастады. Аспан да Айымның жағдайына алаңдап жас төккен сияқты көрінді маған», – деген жолдардан жас қыздың тағдырының ауыр халде екендігіне көз жеткізіп, өзі де оның мұңына маңдас бола түсесің (Жұбаныш, 2014: 17).

«Досымның денесін мәйітханадан алып шыққанда, жаңбыр жауды. Аспан да Айымды қимай тұр-ау шамасы» (Жұбаныш, 2014: 26).

Қуыршақты апаларымыз ұнатпайтын және оны шайтан дейтін, әңгімеде қуыршақ тек иллюзия ретінде көрсетіліп тұр, осы кішкентай атрибут арқылы А. Жұбаныш Айымның жалғыздығы мен жетімдігін, оның қайғысын тереңінен ашуға тырысқан.

Ал Ержан Токтардың әңгімелері ауыл мен қала тіршілігіндегі қым-қиғаш тіршілік пен адамдар арасындағы қарым-қатынасын шыннайы суреттейді. Ұлттық намыс, салт-дәстүр, ұрпақ жалғастығын туындыларына арқау ете білген. Шығармаларында қым-қиғаш тіршілік барысындағы жайттардың орын алуынан трагедиялық драматизм көрініс табады. Оның «Қасірет басқан қараша үй», «Жалынды азап» әңгімелерінде адамның басына түскен қасіретті қыс мезгілінің ызғырық суығымен берген.

Тегінде қандай бір туынды болмасын онда табиғат суретін (пейзаж) беру ең басты міндет те, мақсат та емес. Ол көбіне кейіпкердің көңіл-

күйін білдіру үшін немесе оқиғаны қоюлатып, композиция мен сюжетті дамытуға дәнекер қосалқы міндет атқарады (Пиралиева, 1994: 54).

Пайғамбар жастан асқан, жетпістің желкесіне мінген нар тұлғалы қарттың қасіреті Е. Токтардың «Қасірет басқан қараша үй» әңгімесінде баяндалады. Ауыл шетіндегі орналасқан шағын екі бөлмені мекен еткен қарияның кемпірінен айырылып, жалғыз ұлынан күдер үзген-ді. Тек көз қуанышы немересі ғана оның жанына жұбаныш еді. Күнделікті күйбең тіршілікті кешіп жүрген ол бүгін түнде соңғы рет түс көреді. Көрген қорқынышы өңіне айналғандай, түсінде алауыртқан дауыл жанына медеу болып жүрген кішкентай немересінен айырса, мына шын өмірде туған баласы әкесінің қарттығы мен жалғыздығына қарамастан оны тастап, өз туғанын мына аядай үйден алып кетеді. Жалғыздық адам баласына жазылған – ауыр жаза. Баласының бұл ісіне шыдай алмаған қарт, ашық қалған есіктен кірген қар ұшқынынан, тәңірге жалбарынған күйі о дүниелік болды.

Автор қыс мезгілін осы бір қатігездіктің көрінісін беру үшін алған. Үскірік қашара үйдің отын сөндірген жоқ. Жат бауыр атанған адамзат өз отын өзі өшірді.

«Жалынды азап» атты әңгімесі қос күнәсіз періштенің ыстық жалынды тілсіз жауға оранғаны жайында. Бұл әңгіме қасіретке толы. Кейіпкерлердің жан азабы мен қиналысы суреттелінген туынды. Осы тұста автордың боранды қолдануы олардың қайғысын одан әрі үдете түскен.

Дауыл. Жай дауыл емес сұрапыл. Оның гуілі бір жамандықты шақырғандай немесе бір жамандықтың боларын болжағандай. Қойды жайылымға апаратын уақыт. Отағасы бұл дауылға қарамастан қойды алдына сап айдап кеткен. Ал әйелі болса, отағасы келгенше шәй қайнатып қоймақшы болып еді, судың жоғын көріп, ұйықтап жатқан қос қызын сыртынан бекітіп, бұлақтан су әкелуге кеткен-ді. Ал тәтті ұйқысынан тұра сала анасының жоқтығына шыр етіп жылаған кішкентай сіңілісін үлкені қанша жұбатса да көндіре алмады. Ызғырық үйдің ішін суытып жіберген. Үйдің ішін жылытпақ болып, пешті тұтатпақшы еді, тұтанар емес. Сонда ойлағаны қуыста тұрған жағармайды кішкене тамызып, пешті жағу. Түтінге көзі ашыған қыздың жағармайдың жатысын құйып жібергенін байқамаған еді. Сіріңкені тұтатқан кезде, пеш лап етіп жанды да, қып-қызыл өрт жайлады. Қос кішкентай қыз бір-бірін қорғаштап, шырылдағанмен, үйдің ішін жалынды азап өртке орап алды да қос періштені жалмап кетті. Ақыл

есінен айырылып, жынданған ана, қайғыдан қан жұтқан қойшы әке дәрменсіз күйде қалды. Көңіл айтып, жұбататын ешкім болмады. Тек сары ит ұзақ ұлыды. Бұған кінәлі дауыл гуілі болып қалды.

Қорытынды

Тартыс, трагедия, жатсыну, ішкі монолог, психологизм көркем шығармадағы драматизм функциясын ашуда өзіндік орны бар тәсілдер. Қоғам бейнесі, кейіпкерлер жан дүнесі, сондай-

ақ қым қуат қайшылықтар аталған жазушылар әңгімелерінде айқын көріністері арқылы жазушы көзқарасын ашудағы драматизмнің орны ерекше екендігін көрсетеді. Шығармашылық адам мен шығармашылық шеберліктің не екенін түсінуде әдеби шығармалардың мазмұны мен құрылымына тереңірек енуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелер мен адами құндылықтардың жоғалуын, тағы да басқа проблемаларды айқындай түседі. Оқырман мен автор арасындағы байланысты күшейтеді.

Әдебиеттер

- Төлеева Н.Ө. Драматизм және оның көркемдік-эстетикалық мәні мен қызметі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, – 2010. – №3 (127). – Б. 302–306.
- Темирболат А. Драматизм прозы М.О. Аuezova 1920-1930-х годов // М.О. Аuezovтың көркемдік дүниетанымдық ізденістері (1920-30 жылдар). – Алматы, 2006. – 304 с.
- Рамазан Д. Жылап аққан тамшылар: Әңгімелер. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. – Б. 259–271.
- Смағұлова Н.Қ. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты. Филология ғылымдарының канд. афтореф. – Астана, 2006. – 24 б.
- Халикова Н.С. Қазақ прозасындағы кейіпкер даралығы және көркемдік шешім (1960-80 жылдар прозасы): филол. ғыл. канд. автореф. – Астана, 2007. – 24 б.
- Мұқанова Р. Шығармалары. Әңгімелер, драмалар, сұхбаттар. – Алматы: Арда+7, 2014. – Б. 14–126.
- Алтай А. Киллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Арда+7, 2013 – Б. 188–195.
- Вершинина Н.Л., Волкова Е.В., Илюшин А.А. Введение в литературоведение: Учебник – Москва: Издательство Оникс, 2005. – 220 с.
- Жұбаныш А. Жаңбыр жауса екен... Әңгімелер, пьесалар. – Алматы, Хантаңірі, 2014. – Б. 15–26.
- Пірәлиева Г. Ішкі монолог. – Алматы: Ер-Дәулет – Қазақстан, 1994. – 54 б.

References

- Altay A. (2013). Killer sauyskan. Povester men angimeler. Almaty: Arda+7, 188–195 p. (in Kazakh)
- Halikova N. (2007). Kazakh prozasyndagy keipker daralygy zhane korkemdik sheshimi (1960-80 jyldar prozasy) [Personality and artistic decision of the hero in Kazakh prose]: Filologiya gylymdarynyn kand.aftoref. Astana, 24 p. (in Kazakh)
- Mukanova R. (2014). Shygarmalary. Angimeler, dramalar, suhbattar. Almaty: Arda+7, 14–126 p. (in Kazakh)
- Piraliyeva G. (1994). Ishki monolog [Internal monologue]. Almaty: Er–Daulet–Kazakhstan, 54 p. (in Kazakh)
- Ramazan D. (2011). Jylap akkan tamshylar: Angimeler. Almaty: KAZakparat, 259–271 p. (in Kazakh)
- Smagulova N. (2006). Kazirgi Kazakh angimelerindegi tartys tabigaty. [Struggle in modern Kazakh short stories]. Filologiya gylymdarynyn kand.aftoref. Astana, 24 p. (in Kazakh)
- Temirbolat A. (2006). Dramatism prozy M.O. Auezova 1920–1930–h godov. M.O. Auezovtyn korkemdik dunietanyndyk izdenisteri (1920–30 zhyldar). Almaty, 304 p.(in Russian)
- Toleeva N. (2010). Dramatism zhane onyn korkemdik–estetykalyk mani men kyzmety. KazNU habarshysy. Filologiya seri-yasy, No 3 (127), 302–306 p. (in Kazakh)
- Vershina N., Volkova E., Ilyushin A. (2005). Vvedenie v literaturovedenie: Uchebnic [Introduction to Literature]. M.: Oniks, 220 p. (in Russian)
- Zhubanysh A. (2014). Zhanbyr zhausa eken... Angimeler, piesalar. Almaty: Hantaniri, 15–26 p. (in Kazakh)

2-бөлім
ТІЛ БІЛІМІ

Section 2
LINGUISTICS

Раздел 2
ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Р.Ф. Набиев

Казанский юридический институт Министерства внутренних дел
Российской Федерации, Россия, г. Казань,
*e-mail: nabiev_bulg@mail.ru

О СЛЕДАХ ТЮРКСКИХ ИСТОЧНИКОВ И ПРОТОГРАФОВ В СОСТАВЕ РУССКИХ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ

В предлагаемой вниманию читателей статье автор поднимает тему восточных протографов, которые в свое время явились источниками для древнерусских исторических произведений. Эти произведения содержат определённое количество отсылок и прямых цитат из «восточных» историй. Некоторая часть из этих протографов и источников может быть отнесена к тюркским. Проблема былого тюркского доминирования и влияния на народы Восточной Европы традиционно обходится многими российскими историками. Ряд летописных терминов алтайского происхождения порой трактуются как «тайнопись», «ошибка» или «европейское заимствование». Между тем правильное прочтение отдельных терминов или целых фраз способно существенно скорректировать и даже изменить смысл произведения. На примере ограниченного количества средневековых произведений в данной статье автор приводит примеры применения тюркских языков для более точного восприятия первичного значения древнего произведения. Уже первые легендарные сведения о начальном этапе древнерусской государственности могут получить иную трактовку или направленность при учёте тюркского влияния на формирование восточноевропейской культур. Так, имя Олег вполне могло быть частью титула, как это часто бывает в мировой истории, а династия русских князей в соответствии со сведениями некоторых летописей включала (аварского) кагана. Легенды русского народа сохранили память о своих героях: болгарском хане Аспарухе, «родителе» Руса, Сухмане, Богатыре Булате, Кудеяре и др. Наибольший след оставила культура Государства Джучидов («Золотая Орда»). Так, ордынский источник выявляется при анализе эпизода о начале «Великой замятни», уточняются обороты «Слова о полку Игоревом», меняется направленность «Сказания о Мамаевом побоище», иной смысл получает «Повесть о разорении Москвы Тохтамышем-царем». Несмотря на то, что в статье приведены не все известные случаи применения тюркизмов, автор приходит к закономерному выводу о системном и долговременном контакте древнерусских авторов с тюркской культурой и необходимости изучения основ тюркского языка историками-медиевистами.

Таким образом, новое знание представлено в статье не только в раскрытии подлинного значения того или иного эпизода, но и в признании тюркского влияния на русскую письменную культуру, как долговременного процесса.

Ключевые слова: грамота, летописи, дефтеры, тюркизмы, палеография, ярлык, каган, Олег, улуг, Аспарух, текстология, мотив, образ, протограф.

R.F. Nabiev

Kazan Law Institute of the Ministry of Internal Affairs
of the Russian Federation, Russia, Kazan,
e-mail: nabiev_bulg@mail.ru

On the traces of the turkic sources and protographs in russian medieval works

In the present article the author raises the topic of Eastern protographs, which at one time were sources for ancient Russian historical works. These works contain a certain number of references and direct quotations from "Eastern" stories. Some of these protographs and sources can be referred to Turkic. The problem of the former Turkic domination and influence on the peoples of Eastern Europe is traditionally avoided by many domestic historians. A number of chronicle terms of Altai origin are sometimes interpreted as "cryptography", "error" or "European borrowing". Meanwhile, the correct reading of individual terms or entire phrases can significantly correct and even change the meaning of the work. On the example of a limited number of medieval works in this article, the author gives examples of the use of Turkic languages for a more accurate perception of the primary meaning of the ancient work. Already

the first legendary information about the initial stage of the old Russian statehood can get a different interpretation or direction when taking into account the Turkic influence on the formation of Eastern European cultures. So the name Oleg could well be part of the title, as is often the case in world history, and the dynasty of Russian princes in accordance with the information of some Chronicles, included (Avar) Kagan. Legends of the Russian people has preserved the memory of the heroes: Bulgarian Khan Asparuh (father of Rus), knight Bulat, Sukhmani, Cudeare etc. The greatest influence was made by the culture of the State of the Juchids ("Golden Horde"). Thus, the Horde source is revealed in the analysis of the episode of the about the beginning of the "Great Troubles", the turnovers "the Words about Igor's regiment" are specified, the orientation of "the Legend about Mamayev's slaughter" changes, another meaning gets "the Story about the ruin of Moscow by Tokhtamysh-Tsar". In spite of the fact that not all known cases of application of Turkism are given in the article, the author comes to a natural conclusion about the great scientific importance of this direction in textual and source studies and the need to study the basics of the Turkic language by Historians-Medievalists.

Thus, the new knowledge is presented in the article not only in revealing the true meaning of an episode, but also in recognizing the Turkic influence on Russian written culture as a long-term process.

Key words: Diploma, Chronicles, defteri, Turkism, paleography, label, Kagan, Oleg, Ulug, Asparuh, textology, motif, image, protograph.

Р.Ф. Набиев

Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі
Қазан заң институты, Ресей, Қазан қ.,
e-mail: nabiev_bulg@mail.ru

Орыс орта ғасыр шығармаларындағы түркілік дереккөздер мен протографтардың іздері

Мақалада ежелгі орыс тарихи шығармаларындағы дереккөз болған шығыс протографтары сөз болады. Аталған шығармаларда «шығыстық» тарихтан тікелей дәйектемелер беріледі. Протографтар мен дереккөздердің біршамасы түркілерге қатысы болуы мүмкін. Шығыс Еуропа халықтарына деген бұрынғы түркілік басымдық мәселелерін көпшілік ресейлік тарихшылар айналып өтеді. Бірқатар жылнамалар терминдері алтайлық «құпия жазба», «қателік», «еуропалық кірмелер» деп берілді. Сонымен қатар жеке терминдер мен бүтін фразаларды дұрыс оқу шығарманың мәнін біршама немесе түбегейлі өзгертіп жіберетіндей ықпалы бар екендігін айтқымыз келеді. Бұл мақалада аз ғана орта ғасырлық шығармалар негізінде ежелгі шығарманың бастапқы мәнін дәл түсіну үшін түркі тілдерін қолдану керектігін айтады. Шығыс еуропалық мәдениеттің қалыптасуына түркілердің ықпалы ескерілген жағдайда ежелгі орыс мемлекеттігінің сол бастапқы атақты деректері басқаша өң алатындығы сөзсіз. Олег есімі шеннің бір бөлігі болуы да мүмкін, себебі дүниежүзілік тарихта мұндай жайттар көп орын алған. Ал орыс династиясы кейбір жылнамалар деректеріне қарағанда қаған (аварлық) деп келтірілген. Орыс аңыздарында өз батырларының аты қалдырылып отырған: бұлғұр ханы Аспарух, Рұса, Сұхман, Болат Бахадүр, Құдияр т.б. Ең мол із қалдырған Жошы Мемлекеті (Алтын Орда). Осылай ордалық дереккөздерде «Великая замять» эпизоды басқаша талданады, «Слова о полку Игореведегі» оралымдар басқаша нақтыланады, «Сказания о Мамаевом побоищенің» бағыты өзгереді, «Повесть о разорении Москвы Тохтамышем-царем» шығармасы басқа мазмұнды иеленеді.

Мақалада тюркизмдердің барлық қолдану деректері келтірілмегенімен, автор ежелгі орыс жылнама жазушыларының көп уақыт бойы жүйелі түрде түркі мәдениетімен етене жақын болғандығын айтады. Сонымен қатар, тарихшыларға түркі тілдерінің негізін оқу керек деген пікір білдіреді.

Мақалада эпизодтардың түпкі мағынасы ғана ашылып қоймай, сонымен бірге орыс жазба мәдениетіне түркілердің ықпал еткендігін айғақтау да көзделген.

Түйін сөздер: мадақтама, жылнама, дефтери, тюркизм, палеография, жарлық, қаған, ұлық, Аспарух, мәтінтану, сарын, образ, протограф.

Введение

Исходным положением для постановки вопроса о тюркских протографах русских средневековых источниках могут служить сведения о наличии таковых в списках, датируемых XVII в. Там же в описи указывалось, что в ящике № 148

«...дефтери старые от Батые и многих царей», с примечанием: «...а переводу им нет, никто перевести не умеет»¹. В московских источни-

¹ Акты исторические, собранные и изданные археографической комиссией. – СПб.: Тип. Экспедиции заготовления гос. бумаг, 1841. – Т.1. – С. 345.

ках указывались даже маньчжуроязычные книги «*тунгусских калмыков*». Отсылки к «*дефтерем*» старым и ярлыкам встречаются в грамотах русских князей². В составе русских сводов сохранились и целые произведения «Закон судный людем» (болг.), «Временник болгарских князей» (гуннский?), содержащие значительное количество алтайских слов, выражений и понятий. В тексте летописей также встречаются ссылки на ханские ярлыки и даже цитаты из них³.

Русский народ сохранил целый ряд тюркских легенд и преданий, например, «Емшан-трава», легенды о Сухмане, Кудеяре, богатыре Булате, Укроме табуншике, Еруслане Лазоревиче, Салтан, Садко (Садык), Ратмир, Рогдай, Али богатырь и др. Еще больше восточных мотивов в составе «классических» русских сказок, баек (баит), легенд. Так, например, прообразы конька-горбунка, 33 богатырей и др. легко обнаруживаются в бурят-монгольском эпосе «Гэсэр». Широко цитируемая былина «об Авдотье рязаночке» на самом деле повествует о разорении Казани, а сюжетная линия этого произведения с древнейших пор обращалась в среднеазиатском регионе⁴.

Эксперимент

Представляется, что наибольшее влияние на великорусскую письменную культуру тюркский мир оказал в XIV веке, когда Подмоскovie получило значительное количество тюркских топонимов и Великий князь московский с гордостью носил тюркское прозвище Калита⁵.

Учитывая эти сведения, читателю будет много легче воспринимать саму постановку вопроса о тюркоязычных источниках и протографах русских средневековых произведений. Следы некоторых из них были сгруппированы нами в данной статье.

Одной из ключевых проблем российской истории и археографии, влияющей на качество всех исторических знаний о раннем этапе Рос-

сийского государства, является сугубо национальная трактовка восточноевропейской истории. Налицо явное нежелание показать роль и значение предшествующих империй. Причём начальные этапы её обслуживаются сказаниями, которые возводятся до устойчивости религиозных догм.

Такой подход выглядит естественно для небольших моноэтнических стран, но не может удовлетворять потребностям огромной многонациональной империи. К тому же такая позиция весьма уязвима при непредвзятом анализе и сопоставлении с источниками иных стран и культур.

В источниках, избирательно рассматриваются преимущественно та информация, которая может быть приобщена к «русскости» в ее современном понимании, несмотря на то, что давно известно, о неславянском происхождении ранних русов.

Одним из следствий этого стала трактовка ряда летописных терминов, принадлежащих языкам коренных народов Российской Федерации, как «тайнопись», «ошибка» или «европейское заимствование».

В российской истории древние русы традиционно противопоставляются «кочевникам», хотя ранние сведения о описывали конную элиту русов, а тюрки входили в состав элиты «Киевской Руси» (*торки, каракалтаки, берендеи, ковуи* и др.). Интересны, например, эпизоды, где их правители направляют действия русских князей в военном походе. Такие отношения трудно характеризовать, как отношения правящей Руси с наемниками тюрками.

Историками часто скрывается неславянская культура древней Руси и черты её преемственности по отношению к предшествующим евразийским империям. К тому же народ *рус/рос* упоминался на юге нашей страны за сотни лет до сомнительной даты «призвания варягов» и условного времени образования «Киевской Руси»⁶.

Осознание вышеуказанных положений способно открыть исследователю целый ряд перспектив в исследовании исторических источников и недостатки в их составлении, изучении и опубликовании.

В данной статье автор обращает внимание на некоторые сведения древнерусских источников, которые с большой степенью вероятности могли быть заимствованы из более древних тюркских исторических произведений.

² См. наприм.: Грамота князя Ярослава Ярославовича рижанам о свободном пути... № 30. с отсылкой к ярлыку М-Т. Грамоты Великого Новгорода и Пскова / под ред. С.Н. Валка. — М.: Л., 1949. — С. 57.

³ Например, в Львовской летописи. Впервые сам термин ярлык фиксируется в летописи под 1307 г.

⁴ В Средней Азии сюжет даже был привязан к конкретной личности Дахаки (Джувеини А-М. Чингисхан. — М.: Магистр-прес, 2004. — С. 155, 592).

⁵ Мы настаиваем на тюркском переводе, а не на монгольском, т.к. в это время даже высшая элита Империи Джучидов перешла на тюркский язык.

⁶ Это понятие отсутствует в исторических источниках.

Типично тюркские термины в русских источниках целенаправленно выявляли ученые еще императорской российской науки. Например, П.М. Мелиоранский, И.И. Срезневский, В.И. Даль и др. Текстологи (А.А. Шахматов и др.) еще в XIX веке выявили, что в основе «Повести временных лет»⁷ лежит более древнее произведение, которое они назвали «Начальной летописью», но не решились выявить неславянский язык протографа. Кажется, никто до нас не ставил вопрос о тюркских протографах и источниках древнерусских исторических произведений. Между тем эти произведения (в т.ч. и летописи) содержат определенное количество информации, которая может происходить из тюркских исторических произведений.

Так в ряде летописей («История руссов» Г. Кониного, «Никаноровская» и др. летописи) основателем династии киевских князей указан «каган», «каган-сыроядец» и т.п.⁸ Более того, в «Никаноровской летописи» указываются имена древнейших правителей алтайского типа, которые на наш, взгляд могут быть сопоставлены с некоторыми именами из «Временника болгарских князей (ханов)»⁹.

Вопреки новгородской легенде о Рюрике память русского народа сохранила сведения об алтайских началах династии киевских князей, отмечая в числе основателей династии *Аспаруха*¹⁰. Причем, в «Повести о богатыре-Булате» Аспарух получает от Чернобога (*Карачун?*) законы и толкует их своему «сыну» – Русу. Примерно в такой форме, в виде соотношения имен личных в древних родословных легендах описывается соотношение родства народов.

При описании хазар, в летописях впервые отмечаются государственные даннические отношения и впервые в русской летописной истории упоминается древний титул *князь*, который встречается в тюркских легендах и преданиях в виде имени. Здесь же приводится мотив двустороннего меча, неоднократно встречающийся ранее в восточных легендах.

⁷ На самом деле «Повесть временных дел» (См.: Татищев В.Н. История Российская с самых древнейших времен... М.: АСТ, 2003. Т. 1. С. 78).

⁸ Никаноровская летопись. ПСС. Т.27. С.138. Особо значимо в сопоставлении с граффито с указанием кагана в киевской Софии («помози Господи кагану нашему») И «Словом о законе и благодати».

⁹ Ср. напр. Авелгасан и Авитохол. Тихомиров М.Н. Именник болгарских князей // Вестник древней истории. 1946. № 3. С. 81-90.

¹⁰ Левшин В.А. Повесть о богатыре Булате // Русские сказки. СПб., 1780. Ч.9. С. 23 -37.

Сопоставление источников разных стран со сведениями русских летописей, освещающих деяния «князя Олега», позволяет прийти к выводу о том, что «начальный летописец» выводил начало русской династии к аварскому «*кагану-сыроядцу*», а первой надежно определённой датой ранней русской истории следует считать год штурма Константинополя аваро-булгаро-славянским войском в 626 году¹¹. Признание этого факта, в свою очередь, позволяет узнать в княжеском «имени» *Олег* алтайский термин *олуг/улуг* – «старший, главный», а также по-новому пересмотреть целый ряд устоявшихся взглядов на историю нашего Отечества¹².

Отметим важный аспект: имя рязанского великого князя XIV века не могло быть языческим. Таким образом, *олуг кон'яз* – «великий князь», понятие, соответствующее титулу *олуг бек*, который также стал именем, но в тюркском мире (*Улугбек*). Тюркская этимология сочетания *кон яз*, по всей видимости, породила русские литературные обороты «солнце ясное, «красно солнышко», а диалектная форма *конаж/конаже/княже* переводилась как *кон яшь* – «солнце молодое». Это в полной мере соответствует повествованию «Слова о полку Игоревым», на что обратил внимание еще в 70-х гг. XX века О. Сулейменов.

С «князем Олегом» связывается первая фраза, которая в протографе могла быть тюркской, и не может быть славянской. Так, согласно ПВЛ, Олег, захватив Киев в 882 г. провозгласил: «... *да будет Киев матерью городов русских*»¹³. В славянских языках и Киев, и город мужского рода, в связи с чем подобная конструкция фразы представляется нам невозможной. При этом подобная фраза неоднократно встречается в восточных историях и не противоречит нормам алтайских языков. В своё время О. Творогов (опираясь на фантазии отдельных исследователей XIX в.) доказывал нам возможность славянской фразы, исходя из греческого «*метрополис*». Однако трудно представить себе ситуацию, когда «варяг», прибыв в ирано-тюркский регион т.н. «Салтово-маяцкой» археологической культуры, призывает горожан к сотрудничеству на греческом языке.

¹¹ Набиев Р.Ф. Князь Олег // *Bulgar Times* (Венгрия). 2015. № 3/4. С.14-16.

¹² Возможно, этого кагана звали Баян. В этом случае сходятся образы «вещего Баяна» из «Слова» и «вещего Олега».

¹³ Повесть временных лет. Ч. I. / пер. Д. С. Лихачева. URL: <http://www.hrono.info/dokum/1000dok/povest1.php> (дата обращения: 23.03.2009).

Результаты и обсуждение

В свете настоящей темы важным представляется вывод: составители ПВЛ, по всей видимости, изначально опирались на более древние хроники, неадекватная трактовка которых может объясняться языком первоисточника, который отличался от славянского.

В русских летописях сохранился ряд терминов этого (этих) древних языков. Некоторые столличные учёные способны учитывать татарский вклад в формирование лексикона летописей¹⁴. Но чувашский уровень уже не учитывается, не говоря о финно-угорских и дальневосточных языках. А они есть. Например, из древнерусских источников известны такие термины, как *амбал*, *жупан*, *гован*, *цьяшос*, *угауби*, *ямен*, *туг* и др. Обычно их читают как имена или называют «тайнописью».

В наше время маститые учёные по-прежнему осознанно трактуют хорошо читаемое болгарское имя князя на печати (*Озонтаг*), как *Изяслав*, а монеты с именем *Дамир* – как *Владимир*... Для знакомства с подобными коллизиями нет необходимости перебирать книги В.Л. Янина или монетные прорисовки О. Пастернака¹⁵. Они повторяются и в наши дни¹⁶.

Наличие или отсутствие тюркизмов может стать и косвенным критерием аутентичности источника. Например, среди историков-романтиков большую популярность имеет т.н. «Влесова книга». Ее молодость очевидна: в ней нет «нерусских» слов языка древней Руси, чего не могло быть, учитывая господство алтайских народов в течение многих столетий ещё до монгол. Кроме того, исследователи не учитывают ещё одного важного обстоятельства: книги, действительно могли храниться в виде пластин или дощечек. До наших дней эта традиция продолжается, например, на Тибете. Но хранятся не читаемые тексты, а клише. Именно такими штампами-клише были дубовые, железные и золотые «доски» с законами, отмечаемые в произведениях древности, таковыми были «железные доски» римских царей, 12 таблиц римского права и доски Афин, эту функцию выполняли каменные стелы Вавилона и древних тюрков.

Знание тюркских языков и культуры помогает и при развенчании новых фальшивок. Так, несколько лет назад широкую огласку в СМИ получили изыскания священников, обнаруживших на штукатурке своей церкви в Переславле-Залесском «древние» граффити с именами первых известных героев Москвы, казнивших Андрея Боголюбского – *Амбал*, *Кучка* и др.¹⁷

Мы не разделяем альтернативного прочтения В. Чудинова, но его критические замечания по анализу текста учёными РАН заслуживают внимания. Свой вклад в развенчание очередного подлога мы видим в доведении следующей информации: татарский термин *амбал*, проникший в маргинальные диалекты русского языка относительно недавно (с речью бурлаков и крючников) не является именем, а происходит от маньчжурского *амбань* – ‘начальник, предводитель’ (т.м. *амба* – ‘большой’).

Целый ряд искажений и ошибок выявлен нами при исследовании проблемы т.н. «Куликовской битвы». Мы предложили свою реконструкцию основных положений произведения *рез’анца* Софония Алтыкулаевича с опорой на тюркизмы предполагаемого протографа текста «Сказания...»¹⁸.

Но для нас более важными являются следы использования летописцами тюркских письменных источников. Их немного, и по отдельности они малоказательны, но в совокупности они убедительно иллюстрируют длительную тенденцию.

Общую тенденцию обозначили ещё дореволюционные историки, занимавшиеся историей «Золотой Орды». Ими был подмечен высокий уровень надёжности сведений русских летописей об обстановке «в Орде» («высокая информативность»), и хорошее знание тюркских языков «летописцем»¹⁹. Анализ текстов летописей позволяет предполагать, что одним из источников, описывающих завоевание монголами Восточной

¹⁴ Иногда встречаются рабочие пометки на полях списков летописи кириллицей на татарском.

¹⁵ Пастернак О. Пояснения тризуба, герба Великого Київського князя Володимира Святого/ вступ. Слово Б.З. Якимовича. – К.: Веселка, 1991. – 47 с.

¹⁶ Молчанов А.А. Знаки Рюриковичей // Вестник истории, литературы и искусства. – М.: Собрание; Наука, 2010. – Т.7. – С.616.

¹⁷ Российские археологи обнаружили список убийц князя Андрея Боголюбского. 29 декабря 2015 года. URL: <http://rosnauka.ru/news/1261> (дата обращения: 12.04.2019).

¹⁸ Набиев Р.Ф. Объединение Золотой Орды Тохтамышханом и проблема «Куликовской битвы» / под ред. А.Г. Мухаматиева. – Казань: Иман, 2010. – С. 409-414.

¹⁹ На самом деле вся цепочка тюркских заимствований демонстрирует постоянно ухудшающееся знание восточных языков редакторами, вносившими поправки. В силу чего слова и фразы превращались в имена «посол Карач», неологизмы (кремль, таганка) и похожие термины европейских языков. Дошло до того, что на полях поздних списков фиксировался совершенно убогий уровень изучения татарского: «бер, ике, еч...».

Европы, была история, подобная «Чингиз-намэ». Описание некоторых эпизодов завоевания Восточной Европы проявляет определённое сходство. Так, например, примечательна информация, описывающая период «великой замятни» в ханской Орде. Летописец явно использует переводной текст информатора, находившегося в Орде, отмечая, что Мамай увёл Орду и цариц на другой берег «за Волгу на горную страну. Очевидно, что автор эпизода первоисточника описывал эти события, находясь на левобережье Волги.

То же самое наблюдается и в некоторых других эпизодах. Принципиально важна для российской истории Повесть «О пленении и прихождении Тохтамыша царя и о московском взятии», которая впоследствии стала называться «о нашествии...»²⁰. Вторичное название является свидетельством полной дезориентации редактора в обстановке того времени. О каком «нашествии» может идти речь при описании прибытия «царя» – верховного правителя огромной империи? Современные интерпретаторы пытаются выдать бунтовавших москвичей за народное восстание против ордынской власти, возглавляемое князем. Но Великий князь бежал из Москвы, причём в Кострому – на восток, сторону хана. «Софийская» летопись «оправдывает» бегство Великого князя Московского Дмитрия: «не хотя стати противу самого царя»²¹. Бежал и митрополит, и его семья, а инсургенты кидали на них со стен камни, пытаясь препятствовать их исходу. Автор повести отнюдь не симпатизировал восставшим, называя их «мятежницы недобрши человеци, люди крамольницы»²². Историк Москвы Иван Забелин невольно отметил, что «клирик митрополита возлагает всю вину на возмущившийся народ».

Это обстоятельство чрезвычайно важно и, учитывая архаичные тюркизмы повести («силик/селик град», адам, тюфак, порок, карач) свидетельствует о том, что сторона, обозначаемая в повести «они» – не татары, а восставшие москвичи. Поэтому и пороки и тюфяки били «на них» не по войскам Тохтамыш-хана, а по горожанам, преступно выступившим против своего правите-

ля. Отметим, что пороки – это тараны, которые никак не могли применяться оборонявшимися.

Весьма примечательно в этом отношении свидетельство Якова Рейтенфельса, использовавшего целый комплекс источников и исторических работ. Немецкий автор прямо указывал на Дмитрия: «...Москва была отнята у него на глазах ... татарским ханом, Тохтамышем»²³. Таким образом, скорее всего, москвичей уговаривал сдаться не Дмитрий Нижегородский, а сам Дмитрий Донской. И только ему могли поверить горожане, открыв ворота. Это обстоятельство важно в рамках нашей темы тем, что автор произведения (будь он церковный или княжеский, или ханский) был на стороне официальной власти и поэтому знание татарского для него было обязательным.

Не следует забывать и о том, что после проведения расследования Москву разрешено было восстановить, Великого князя Дмитрия Ивановича и его сына поощрить. Чего, конечно не было бы в случае непослушания. Таким образом, мы вновь видим принципиальную коррекцию первоначального смысла произведения, в результате которой оно приобрело противоположную направленность. Но именно в случае такого толкования источника остаточная татарская терминология приобретает логическое объяснение.

О возможности использовании московскими клириками тюркских источников может служить и эпизод божественного спасения Москвы от разгрома войсками Тимура Самаркандского. И самаркандский и русский источники объясняют уход войск Тимура приснившимся сном, в котором высшие силы не рекомендовали ему уничтожать это небольшое лесное княжество. Источник этого мотива должен был находиться в ставке Аксак-Тимура.

Заключение

К сожалению, формат журнальной статьи не позволяет изложить весь накопившийся материал, но вышеизложенные факты позволяют констатировать факт наличия в древнерусских исторических произведениях значительного количества ориентализмов, следов тюркских источников и даже протографов. Они представляют

²⁰ Новгородская летопись по списку П.П. Дубровского / подг. текста О.Л. Новиковой. М.: ЯСК. 2004. ПСРЛ. Т.43. С.138; Вологодско-пермская летопись. Т.26. С. 146; Летописный свод 1497 г. ПСРЛ. Т.28. С.85; Никаноровская летопись. Т.27. С.77-78.

²¹ Софийская первая летопись старшего извода. М.: Языки русской культуры, 2000. ПСРЛ. Т. 6. Вып.1. С. 473.

²² Новгородская и псковская летописи. СПб.: Тип. Э. Праца, 1848. ПСРЛ. Т. 4. с. 85-86.

²³ Рейтенфельс Я. Сказания Светлейшему герцогу Тосканскому Козьме Третьему о Московии / пер. А.И. Станкевича. С. 274. URL: <http://www.vostlit.info/Texts/rus9/Reutenfels/text12.phtml?id=1180> (дата обращения: 12.04.2019).

собой заметное явление в составе фактологической базы и стиля древнерусских произведений и потому требуют специального изучения.

Одним из закономерно проистекающих выводов из представленного выше материала явля-

ется необходимость (для историков, изучающих ранние этапы развития русской государственности, а также археографов) изучать языки коренных народов Российской Федерации и в первую очередь - тюркские.

Литература

- Акты исторические, собранные и изданные археографической комиссией. СПб.: Тип. Экспедиции заготовления гос. бумаг, 1841. – Т.1. – 612 с.
- Грамоты Великого Новгорода и Пскова / под ред. С. Н. Валка. – М.; Л., 1949. – 407 с.
- Джувейни А.-М. Чингисхан: история завоевателя мира/ пер. Казвини, Дж. Бойла, Е. Харитоновой. – М.: Магистр-прес, 2004. – 689 с.
- Духовные и договорные грамоты великих и удельных князей XIV-XVI вв. / подг. Л. В. Черепнина; ред. С. В. Бахрушина. – М., Л.: АН СССР, 1950. – 585 с.
- Левшин В.А. Повесть о богатыре Булате // Русские сказки. – СПб.: Тип. Н. Новикова, 1780. – Ч. 9. – 331 с.
- Летописный сборник, именуемый Патриаршею или Никоновскою летописью. – М.: АН СССР, 1965. – ПСРЛ. – Т.10. – 244 с.
- Молчанов А. А. Знаки Рюриковичей // Вестник истории, литературы и искусства. – М.: Собрание; Наука, 2010. – Т.7. – С.612- 624.
- Набиев Р.Ф. Князь Олег // *Bulgar Times* (Венгрия). – 2015. – № 3/4. – С. 14-16.
- Набиев Р.Ф. Объединение Золотой Орды Тохтамыш-ханом и проблема «Куликовской битвы» / под ред. А.Г.Мухаматова. – Казань: Иман, 2010. – 492 с.
- Никаноровская летопись. Сокращенные летописные своды конца XV в. – ПСРЛ. – Т.27. – М., Л., 1962. – 418 с.
- Новгородская и псковская летописи. – СПб.: Тип. Э. Праца, 1848. – ПСРЛ. – Т. 4. – 363 с.
и на интернет-форумах. Использование окказионализмов в русском языке обретает все большую популярность, окказиональное словотворчество становится одной из специфических черт, характеризующих современный русский язык.

Литература

Шаталова Ю. Н. Словообразовательная игра в современном рекламном тексте: семантико-деривационный и функциональный аспекты // Современный дискурс-анализ. 2018. – №3 (20).

Синепупова О. С., Короткова Г. В. Особенности словотворчества в современной публицистике // Вестник МичГАУ. 2012. – №1, (2).

Гарифуллин Р. Р. Иллюзионизм личности как новая философско-психологическая концепция. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://psy.wikireading.ru/29535>, свободный – (2019.9.4)

Лыков А. Г. Современная русская лексикология (русское окказиональное слово). – М., 1976.

Бабенко Н. Г. Окказиональное в художественном тексте. Структурно-семантический анализ: Учеб. пособие. – Калининград, 1997.

Земская Е. А. Современный русский язык. Словообразование: Учеб. пособие. – М.: Флинта: Наука, 2011.

Лопатин В. В. Рождение слова (неологизмы и окказиональные образования). – М., 1973.

References

Babenko N. G. (1997). Okkazional'noye v khudozhestvennom tekste. Strukturno-semanticheskiy analiz. [Occasional in a literary text. Structural and semantic analysis.] (In Russian)

Lopatin V. V. (1973). Rozhdeniye slova (neologizmy i okkazional'nyye obrazovaniya). [Birth of a word (neologisms and occasional formations)]. (In Russian)

Lykov A. G. (1976). Sovremennaya russkaya leksikologiya (russkoye okkazional'noye slovo) [Modern Russian lexicology (Russian occasional word)]. M., (In Russian)

Garifullin R. R. (Internet-resource) Illyuzionizm lichnosti kak novaya filosofsko-psikhologicheskaya kontseptsiya. [Illusionism of personality as a new philosophical and psychological concept.]. (In Russian)

Shatalova Y. N. (2018). Slovoobrazovatel'naya igra v sovremennom reklamnom tekste: semantiko-derivatsionnyy i funktsional'nyy aspekty. [Word-building game in a modern advertising text: semantic-derivational and functional aspects.] (In Russian)

Sinepupova O. S., Korotkova G. V. (2012). Osobennosti slovotvorchestva v sovremennoy publitsistike. [Features of word-making in modern journalism.] M., (In Russian)

Zemskaya Y. A. (2011). Sovremennyy russkiy yazyk. Slovoobrazovaniye: ucheb. posobiye [Modern Russian language. Word formation: study guide.] (In Russian)

С.А. Жиренов*  , З.Б. Кульманова 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

*e-mail: saken82@mail.ru

АДАМЗАТ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «ТІЛДІК САНА» МЕН «ДІНИ САНАНЫҢ» РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Мақалада адамзат дүниетанымындағы тілдік сана мен діни сананың ерекшелігі мен олардың бірлестігі қарастырылады. Тіл – әлеуметтік мәнділікке ие ұлттық көрсеткіш болса, дін – адамның рухани жан азығы, мәдениет пен өркениеттің бастауы. Тіл адам санасындағы біртұтас бейнені модельдеуші құрал болса, дін сол сананы қалыптастыратын жоғарғы ұғым. Тіл де, дін де адамзат тарихында қажеттіліктен туған қоғамдық құбылыстар. Адамзат дүниетанымының даму көрсеткішіне тілдік сана мен діни сананың өзіндік ықпалы зор. Діннің таралуы діннің қасиетті тілінің таралуымен қатар, дін мәдениеті, діни идеясы, бір тұтас әлемге діни көзқарасты, діни біртұтас сананы да таратады. Қоғамдағы діни сананың орнын ескере отырып, халық аузындағы күнделікті тілдік бірліктерді талдау арқылы ұлттық құндылықтар мен ұлттық дүниетанымды анықтауға болады.

Діни сананың түп төркінінде адамзаттың тылсым күшке деген сенімі жатыр. Сенімнің негізінде қалыптасатын дүниетаным – тілдік бірліктер арқылы көрініс табады. Адамзат баласы дүниетанымының бастауында діни сенім (діни сана) тұрады. Адамзат дүниетанымындағы тілдік санаға діни сананың немесе діни санаға тілдік сананың өзара тең дәрежедегі ықпалдастығы, адамның тұлғалық қасиетін, қала берді этностың ұлттық болмысын қалыптастырады. Дін мен тілдің үйлесімі этностың ұлттық менталитетін, өмірлік дүниетанымын, дүниелік ұстанымын, құндылықтар өлшемін көрсетеді.

Түйін сөздер: тілдік сана, діни сана, тілдік бірлік, ғаламның бейнесі, ұлттық құндылық, қоғамдық орта, дүниетаным, адамзат т.б.

S.A. Zhirenov*, Z.B. Kulmanova

Kazakh national pedagogical university named after Abay, Kazakhstan, Almaty,

*e-mail: saken82@mail.ru

Representation of “language consciousness” and “religion consciousness” in the worldview of humanity

The article discusses the features of linguistic and religious consciousness and their unity in the worldview of mankind. Religion as a special form of worldview and worldview is one of the integral components of culture. Religion forms a special way of perception, the moral consciousness of a people, their spiritual national view of the surrounding reality, which add up to a kind of religious picture of the world. Religious and linguistic consciousness is a form of social consciousness, which is characterized by dynamism and evolves during the development of man and society. Any answer to the question about the structure and nature of the world is based on a person's experience, facts that he fixes both by sensory organs and devices, their amplifiers, and on the correlation of these facts with a cognitive (thought) model or theory.

Faith is a very important concept in human life. It applies to a wider context than the religious domain alone. This concept touches on the extremely deep foundations of human life, the meanings that form it. Recognizing the existing role of religious consciousness in the life of mankind, as well as analyzing religious words, one can determine the national values and consciousness of the people. The basis of religious consciousness is a person's belief in the supernatural, which serves as a criterion that reveals the essence of language and religion.

Key words: linguistic consciousness, religious consciousness, worldview, national values, social environment, worldview, humanity, etc.

С.А. Жиренов*, З.Б. Кульманова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,

*e-mail: saken82@mail.ru

Репрезентация «языкового сознания» и «религиозного сознания» в мировоззрении человечества

В статье рассматриваются особенности языкового и религиозного сознания и их единство в мировоззрении человечества. Религия как особая форма мировоззрения и мировосприятия является одной из неотъемлемых составляющих культуры. Религия формирует особенный образ восприятия, нравственное сознание того или иного народа, его духовный национальный взгляд на окружающую действительность, которые складываются в своеобразную религиозную картину мира. Религиозное и языковое сознание представляют собой форму общественного сознания, которое характеризуется динамичностью и эволюционирует в ходе развития человека и общества. Любой ответ на вопрос о строении и природе мира основан на опыте человека, фактах, которые он фиксирует как органами чувств, так и приборами, их усилителями, и на соотношении этих фактов с когнитивной (мыслительной) моделью или теорией.

Вера – это очень важное в жизни человека понятие. Оно применяется к более широкому контексту, чем только религиозная область. Это понятие затрагивает чрезвычайно глубокие основания человеческой жизни, смыслов, ее образующих. Признавая существующую роль религиозного сознания в жизни человечества, а также анализируя религиозные слова, можно определить национальные ценности и религиозное сознание народа. В основе религиозного сознания лежит вера человека в сверхъестественное, служащая критерием, выявляющим сущность языка и религии.

Ключевые слова: языковое сознание, религиозное сознание, картина мира, национальные ценности, социальная среда, мировоззрение, человечество и т. д.

Кіріспе

Адам – жердегі жалғыз ақыл иесі. Адамның адамдық болмысына қатысты философия ғылымында көптеген көзқарастар қалыптасқан. Кеңестік материалистік кезеңде «адамды адам еткен – еңбек» – деген (К.Маркс) тұжырым біршама уақыт үстемдік құрып келгендігі мәлім. Уақыт өте адам болмысына, оның дүниетанымына, ойлау жүйесі мен саналы әрекетіне қатысты жаңашыл ғылыми көзқарастар орнықты. Ал осылардың барлығы адамның әуелгі саналы әрекетімен, тілдік құзыреттілігін айналып өткен емес. Адамзат дүниетанымы, ең әуелі, саналы әрекетпен – ойлаумен тікелей байланысты. Ойлау алғашқы адамның пайда болуы, тілдің шығуымен қалыптасқан. Тілдік қарым-қатынастың пайда болуы қоғамдық сананың қалыптасуымен бірге жүреді. Бір кездердегі ғылыми концепцияда «адамды адам еткен – еңбек» деп келсек, ал бұл күндері «адамды адам еткен – тіл» екендігі басымдыққа ие болуда. Тілдің шығуы сананың пайда болуымен сабақтасады. Адам ойлау қабілеті арқылы қоршаған ортаны танып білсе, тіл арқылы ойды белгілі бір бейнеге, модельге түсіріп, жарыққа шығарады. Олай болса, тіл – ойлаудың құралы, ал сана – ойдың мекені. Сана – психология, философия, логика, когнитология, лингвистика салаларының қарастыратын категорияларының бірі. Әр ғылым саласы сана-

ны өзіне тән ерекшелігі тарапынан қарастыруда. Адам сезінген ішкі болмыс күйі таным, қиял, ой, түйсік, жады, ес, тілдік ұғымдары сананың күрделі табиғи құбылыс екенін аңғартады. Осыған байланысты ұлттық сана, эстетикалық сана, қоғамдық сана, саяси сана, философиялық сана, діни сана, мәдени сана, мифтік сана, тілдік сана т.б. түрлерге бөлінеді.

Әлемдік тіл білімінде сананы тілдік тұрғыдан зерттеу ісі XX ғасырда лингвистиканың қарқынды дамуына алып келді. «Тілдік сана» мәселесі тіл білімінің жас саласы психолінгвистика үшін әлемді бейнелейтін және адамдардың айналадағы ақиқат жайлы ұғым-түсінігін анықтайтын өзекті тақырыпқа айналды. Тіл мен сана, сана мен ой, сана мен сөйлесім мәселелерін А.А.Потебня, Л.В.Щерба, Э.Сепир, А.А. Леонтьев, Е.Ф.Тарасов, Н.В.Уфимцева және басқа да ғалымдардың зерттеулерінде түрлі ғылыми тұрғыда қарастырылып келді. Алайда «тілдік сана» теориясының әлі қалыптаспағаны адам санасының күрделі нысан (құбылыс) екендігін көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде қазіргі ғылыми прогресте адам санасындағы әлемнің бейнесін тілдік тұрғыда қарастыру өзекті мәселелердің қатарына жатады.

Тіл мен сана бірлесе өмір сүреді, бір-бірін толықтырады, сананың болмысы да, ақиқаты да – тіл болып табылады. Тіл – сананың көрінісі ғана емес, сондай-ақ сананың қалыптасуы мен

дамуының негізгі көрсеткіші. Оларды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тілдік сананың көрінісі – сөйлеу әрекеті. Осыған байланысты Ш.Бекмағамбетов: «он сегіз мың ғаламның ішінде осынау ерекше бақыт – ойлай білу бақыты адамзат ұрпағына ғана берілген. Яки жаратылыс Иесі адамзатына тек ерекше тіршілік сыйлап қана қойған жоқ, дүниенің шар тарабына шарқ ұрған ұшқыр ой-қиял мен ең ғажайып қасиет – сөйлей білу қабілетін де сый етті. Міне, бірімен-бірі жалғасып-ұштасып жатқан осынау үштік құдірет – өзге жаратылыстан ерекше адами тіршілік, аспан-жерде шарқ ұрған ұшқыр ой-қиял, дүниенің небір жұмбағын жалғыз ғана дыбыстың қауызына сыйғызған құдіретті Тіл-құрал – адами заттың жаратылыс тарту еткен үш бақыты осылар» деген пікірінен тілдік сананың үш тұғырлы «Тіл–Ой–Сөйлесім» аралығындағы сананың жоғарғы сатысы екенін және оның әуелден Жаратқан Иенің адамзатқа берген қасиетті екенін аңғартады (Bekmagambetov, 1999: 9). Адам баласы адам болып жаратылған уақыттан бері санасы даму динамикасын үдетпесе, бәсеңдеткен емес. Оған дәлел ретінде адамзат баласын қоршаған орта аспан, жер, күн, ай әлемін, өзінің болмысын, оңы мен солын, ғаламның сырын тану тіршілік қажеттілігі үшін талпынысы бүгінгі адам баласын сана биігіне, ноосфера қоғамына жетелеуде. Ал «*ноосфера* (гр. νόος – сана және σφαῖρα – орта, шар) немесе *антропосфера* (грек. anthropos – адам, sphaera – қабық) дегеніміз –биосфераның жаңа жағдайға көшкен деңгейі; адамның саналы түрде жүргізген іс-әрекеттерінен туындайтын жер сферасындағы барлық өзгерістер мен олардың дамуын анықтайтын басты фактор; ғаламдағы адамзаттың мекендейтін аясы» деген сипатта түсіндіріледі (<https://kk.wikipedia.org/>).

Тіл мен сананың философиялық, логикалық, психологиялық аспектілерінен бөлек, әуелгі этнологиялық, мифологиялық, теологиялық аспектілері де бар. Халықтық әфсаналардың бірінде, ежелгі жаратылыста бүкіл тіршілік, барша табиғат бейнебір жұмбақ тілде тілдесіпті. Бүкіл дүние бір тілде ұғынысып, адамзат ұрпағы айнала табиғатпен, құспен, сумен, желмен, тіпті Жаратқан Тәңірмен де ортақ бір тілмен тілдескен деседі. Тіршілікке тән ортақ тілдік сана діни санамен бірге біртұтас әлемнің бүтін бейнесін құрапты. Бұл діндегі түсінік, алайда тіл білімін зерттеуші ғалымдар бұл әпсананы құптайда бермейді, жоққа да шығармайды. Дегенмен осыған негіз болған алуан түрлі теори-

ялар да лингвистика ілімінде қалыптасқаны мәлім. Осының бәрі адам санасының жоқтан бар болмағанын, әу баста адамзат ұрпағының саналы жаратылыс иесі екенін жан-жақты дәлелдеуде.

Эксперимент

Тіл – қоғамдық құбылыс болғандықтан, қоғамға қызмет етеді. Тілдің қоғамға қызметінің ар жағында оның адамға қызметінің жатқандығы белгілі. Қоғамда болатын үздіксіз тарихи оқиғалар тілдің, сананың жаңаруы, ойдың жаңғыруына алып келеді. Кез келген адам қоғамдағы құбылыстарға, дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен мәдениетке тәуелді болады. Кәсіби, ғылыми, философиялық, психологиялық, т.б. жоғары санадан бөлек күнделікті тіршілікте адам баласында қарапайым сана, қоғамдық сана, әлеуметтік сана, діни сана, ұлттық сана, елдік сана, мемлекеттік сана, саяси сана, т.б. сана түрлері болады, осының бәрі тіл арқылы көрініс тауып, халық ахуалының (халықтық сананың) қандай деңгейде екендігінен хабар береді.

Дін – адамзат қоғамының рухани жан әлемінің темірқазығы. Адам баласы өмірдің қиын жағдайында қоршаған дүние туралы білімінің шектеулі болуы, тіпті оған қол жете бермейтіндей жағдай орын алған кезде дін – халыққа дүние жөнінде, онда үстемдік ететін күштер мен заңдылықтар жайында біртұтас білімдер жүйесін ұсынады. Тарихтан белгілі әлемге кеңінен тараған Христиан, Будда, Ислам діндерінің құнды көзқарастары мен қасиетті ережелеріне халық тұрмысы бейімделіп, діни ритуалдар қоғамның қалыпты өмір сүру салт-дәстүріне айналды. Толықтай бір ұлт бір дінге сенген кезде, халықтың ұлттық құндылығы пен тұрмыс-тіршілігі сол діннің төңірегінде қалыптасады. Тіпті діннің өзі ұлттық деңгейге көтеріледі. Діннің таралуы діннің қасиетті тілінің таралуымен қатар, дін мәдениеті, діни идеясы, бір тұтас әлемге діни көзқарасты, діни біртұтас сананы да таратады. Оған мысал, ортағасырдағы еуропалық қоғамда христиан дінінің, ал азиядағы түркі халықтарында ислам дінінің шарықтауы екі менталитеттің, екі сананың ара жігінің алшақтығын көрсетеді. Еуропада христиан дінінің шарықтауы астананың Римнен Византия қаласына көшірілуінен бастау алады. Империяның Шығыс Еуропа және Батыс Еуропа деп бөлінуінен кейін христиандық діни сананың қақ жарылуы, яғни «Үштік» (құдай-әке, құдай-бала, қасиетті Рух) ұғымының

талқыға түсуі нәтижесінде өзіндік екі ірі христиандық мәдениеттің туындауына әкелді. Сол кезде еуропаның шығысы гүлденіп, батысы тоқырауға ұшырады. Жеңілсе де варварлар тарапынан тартысқа түскен батыста сол кезден бастап салынған шіркеулік мектептер, храмдық көркем суреттер, діни кітаптар, діни сәулет өнері, шіркеулік әуендер және әлемдік діни көркем шығармаларының арқасында қазіргі музыка, білім, өнер, әдебиет, мәдениет саласында батыс «әлемдік классика» деңгейіне көтерілді. Бұл дегеніміз, қоғамдағы діннің рөлі биік, әрі адамзат дүниетанымындағы діни сана үлкен күшке ие екендігін көрсетеді. Дін үнемі эмоция, сенім, құлшылыққа берілуді қажет етеді. Тарихтағы Батыс Еуропаның басынан кешкен тауқыметі мен сол кездегі ұлы діни сана-сезімінің арқасында қазір ірі күшке айналды. Мұсылман мемлекеттерінің де дінге қатысты тарихтан кешкендері мен ғажап шығармалары аз емес. Діндегі ең құдіретті күш – сенім, ұлы істердің бәрі үлкен сенімнен бастау алады. Адам баласы тіршілігінде бір нәрсеге сенбей өмір сүре алмайды, ал діннің мәні сенімде, сана мен діннің тұтастығы да осы жерде көрініс табады.

Жер бетіндегі тіршілік иелері арасынан адам баласы саналы ақыл-ойының нәтижесінде қаншалықты ерекшеленсе, дыбыстық тілдік жүйесі арқылы да соншалық айқұлақтанып айшықталып тұрады. Адам баласы саналы ақыл-ойы арқылы өзін қоршаған ортаны танып, игеру арқылы бүгінгі таңдағы ғылыми-техникалық прогрестің биігіне қол жеткізді. Алайда адам баласы ғылыми-техникалық прогресті игергенге дейінгі аралықта дамудың әралуан сатысынан өткендігі мәлім. Сол даму жолындағы бірден-бір кезең адамзат баласының діни сенімінің орнығу кезеңін айтуға болады. Ал діни сенімнің орнығуы сөз жоқ «діни санамен» тікелей байланысты болмақ. «Діни сананың» көрсеткіші «тілдік сана» арқылы көрініс табады. Мұндағы «діни сана» мен «тілдік сананың» ерекшелігін ұлттық болмыстан көрінеді. Бұл мәселеге қатысты белгілі ғалым Ғарифолла Есім: «Діннің өрбитін, өсетін, өнетін, көркейетін жері – бір ұлттың, бір аймақтың сол жердегі әлеуметтік уақытына байланысты. Сол өмір сүріп жатқан адамдардың тұрмысына сіңісіп кету деген мәселе бар. Дін сондай әлеуметтік уақыт ішінде жүреді. Сондықтан дін деген ұлттан тыс – барлық халықтарға ортақ, сол себепті дінге ұлттық мәселені кірістірмеу керек деген мәселе теріс пікір. Біз қазақтармыз, арғы тегіміз түркі, яғни Исламды қабылдауымыз да

түркілік, қазақтық дүниетанымымызға қатысты болды. Өзімізге тән әдетіміз, ғұрпымыз, салт-санамыз бар, солар исламмен табиғи тұтасып кеткен, енді оларды бір-бірінен аршудың еш қажеті жоқ» (Есім, 2011: 63). Бұл тілдік сана мен діни сананың адамзат дүниетанымында тұтасып, адам баласының «әлемнің тілдік бейнесі» дегенде діни сананың қатар үнемі жаңғырып отыруы заңды екенін нақтылайды.

«Тілдік сана» мен «діни сана» этностың дүниетанымы мен күнделікті тұрмыс-тіршілігімен астасып бірінен-бірі бөліп қарауға келмейтін категориялар деп тануға болады. Қазақ халқының өмір-салты мен қоршаған ортаға қатысы, этностың сана-сезімі мен дүниетанымының жемісі қазақи әдет-ғұрыптық қағида-ережелерінен діни сананың басым болғанын көрсетеді. Профессор Нұргелді Уәли ата-баба жолындағы ұстанған адам мен адам қарам-қатынастарын қақы принциптері негізінде: «көршінің көршіде қақысы бар, қазақтың төреде қақысы бар, қазақтың қазақта қақысы бар, мұсылманның мұсылманда қақысы бар» деп жіктеп беруі осыған мысал болады (Үәли, 2011). Бұның бәрі қазақ мұсылманшылығының көшпелі ортада сан ғасырлық тіршілік қамы, өмір сүру салтына бейімделген ұлттық моделі деп тануға болады. Осыған сәйкес қазақтың тұрмыстық мәдениетіндегі *жер дауы, жесір дауы, құн алу мен құн төлеу, кісі қақысы, мүсәпір қақысы т.б.* даулы мәселелер діни канондармен (Құран Кәрім, Пайғамбарымыздың (с.а.с) шәриғаттары) астасып шешілетін болған. Ал өз кезегіндегі діни канондарға негізделген қоғамдық немесе әлеуметтік мәселелер *«Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жол», Тәуке ханның «жеті жарғысы»* секілді ұлттық кодекстер арқылы этникалық мазмұнға ие болған.

Әдет-ғұрып – халықтың өмір сүру салтына сай негізделген әрекет болса, наным-сенім – халықтың ойлау жүйесін, санасын құрайды. Әрбір істің бастауында *«Бисмилла»* сөзінің айтылуы, тағамды оң қолмен жеуі діни сананың көрінісі болмақ. *Есінеген кезде ауызды жауып есінеу* мәдениеті пайғамбарымыздың хадистерінің бірінде: *«Есінеген кезде аузыңызды қолыңызбен жабыңыз. Себебі, шайтан осы сәтте адамның ішіне кіреді»*, – делінген. Осы сияқты: *қолды жуған соң сілкілемеу, дәретке отырғанда құбыланы бетке алма, күнмен таласып ұйықтама, ақ шашты жулма, қайтыс болған адамның жамандықтарын сөз етпеу, қолды жерге тіреп отырмау, біреу әңгіме айтып*

тұрғанда түшкіру – шындықтың белгісі ретінде қарау, «ескі айға есірке, жаңа айға жарылқа» деп тілеу, сондай-ақ құдыққа түкірме, ант іште, малды теппе, қарқылдап күлме, үйге қарай жүгірме, түнде тырнағыңды алма, есікті керме т.б. тұнып тұрған тыйымдар мен наным-сенімдердің шығу төркіні діннен негіз алып, себептері қасиетті кітаптар мен пайғамбарлардың өмірлерінен беріліп кеткен.

Қазақ халқының дүниетанымындағы тілдік сана мен діни сананың бірлестігін Хакім Абайдың «Қара сөздері» мен ғақлияларынан, Ы.Алтынсариннің «Мұсылмандықтың тұтқасы», Ш.Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарты», Мәшһүр Жүсіп, Ғұмар Қараш секілді көптеген тұлғалардың кейінгі ұрпаққа қалдырған туындылары мен өмір жолдарынан көруге болады. Қазақ руханиятындағы теопозтикалық мазмұндағы шығармалардың өн бойынан «діни сана» мен «тілдік сана» қабысып, үлкен діни философиялық ойға арқау болған.

Нәтиже мен талқы

Қоғамдық өмірдегі қандай да болмасын дін этнос мәдениетіне сіңісті болып кеткені сонша, адамзат дүниетанымындағы әлемдік бейне «тілдік сана» мен «діни сананың» болмысынан ғана толыққанды көрініс табады. Дін мен адам бір-бірінен бөлінбейді, себебі дін адамға адам болу, ұлтқа ұлт болуды және адамзатқа бірлік пен біртұтастықта өмір сүруді үйретеді. Адамзаттың о баста тіршілік етуінен бастап қалыптасқан сана мен тіл тұтастығы, дін мен таным бірлігі әлемнің біртұтас бейнесін айқындайды. Олар бірін-бірі толықтырып, жаңартып, жаңғыртып отырады. Теолингвистика саласында әлі де басы ашылып, қарастырылмаған мәселелер баршылық. Тілдік сана мен діни сананың сабақтастығының астарында бүтін бір ұлттың тұрмыс тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі, ұлттық мәдениетті, ұлттық танымы мен көзқарасының жатқандығын көруге болады.

А.В.Леонтьев санаға «қоғамдық тұрғыдан қалыптасқан тілдік мағына, ұғымдар арқылы санада түсінілетін ақиқаттың көрінісі» деп анықтама беруі сананың қалыптасуының негізгі факторы қоғам және қоршаған орта екенін көрсетеді (Leontev, 1999: 232). Адам санасында ақиқаттың бейнеленуі қоршаған ортаны көру, есту, ойлау арқылы көрініс тапса, сөйлеу (тіл) арқылы «тілдік сана» жүзеге асады. Бұған Ш.Бекмағамбетов: «Көз – дүниеге

ашылған есік, сана есігі, ақыл-ой есігі. Көз арқылы қабылданған бейне кеңістікпен тікелей байланыстағы ұғымдар туғызатыны осыдан. Басқа сезімдік мүшелер арқылы қабылдау зат туралы әуелгі, нақты, тікелей ұғымды емес «жабық» сезім мүшелері – құлақ, мұрын, тері, тіл – арқылы өтіп келген ұғымдарды бейнелейді. Және бұл ұғымдарды нақты заттың емес, жекелеген жанама белгілері – дауысы, иісі, дәмі т.б. туғызады» деуі сананы қалыптастыратын қоғам және қоғамдағы құбылыстардың санада жаңғыруы ең әуелі көз-айна арқылы, сосын қосалқы танымдық әрекеттер (перцептивтік мүшелер) арқылы жүзеге асады деп тұжырым жасайды (Bekmagambetov, 1999: 20).

«Сана – бұл діннің бастапқы негізі. Діни сана – бұл образдардың, ұғымдардың, сезімдер мен көңіл-күйдің жиынтығы. Яғни, осы аталған нәрселердің қасиетті, жоғары және ақиқат болмысқа бағытталуы» (Madaheva, 2016: 62). «Діни сана» мен «тілдік сана» бірлескенде ғана, өзіндік мәнділікке ие болады. Бастапқыда адамзат санасы қарапайым тіршілік деңгейіне байланысты «тілдік санада» дамыса, уақыт өте келе дүниенің мәні мен мағынасы туралы пайымдаулардан кейін «тілдік сана» жоғары эмоция мен қасиетті танымдық «діни санаға» көтерілді. Дамыған діни санада өзіндік қағида, құлшылық ету, қайырымдылық жасау, өмір сүрудің мәніне жауап, ерекше тылсым күш, сенім орын алады. Мұндағы «тілдік сана – жүйелі негізде шешілетін проблема. Ол терең құрылымдардан тұрады, күрделі процестерден құралады. Оның құрылымын анықтау – білім фрагменттерін табу, іріктеу, біріктіру секілді сатылардан өтті. Білім жүйесін құруда біз философиялық рефлексия деген амалға сүйендік. Процесс барысында білім фрагменттері өздігінен килігіп құрылымға енеді, сұрыпталып, трансформацияланып, форма түзеді (құрылымның бөлшегіне айналады). Және білім фрагменттері тегі жағынан әр салаға қатысты, өз ішінде де түрлі сипатта ұйымдастырылған білім негіздері. Тілдік сана монодалардың әрекеттесуінен туатын күрделі болмыс болғандықтан, оның құрылымын түзуге білімнің сыртқы негіздері емес, соған қатысты әр саланың (эмоция, дара тұлға, символ, таным) өз ішінде тосын, күрделі формалардан, терең ішкі процестерден тұратын білім фрагменттері тартылды» (Jamanbaeva, 1998: 105).

Дін – қоғамдық-әлеуметтік құбылыс. Ықылым заманнан адамзаттың рухани қажеттілігіне айналған тіршілік жайындағы ойлар, адамды

толғандыратын сұрақтарға өз тарапынан жауап беруге бейім келетін дін қоғамның ажарамас біртұтас бөлшегіне айналды. Сол себепті, қоғам діни санамен толығып, қоғамның ізгілікке негізделуі арқылы ілгері дамуына ықпал етеді. Алайда «діни сана өзгеріссіз болмайды. Дінге Ғылымның, Өркениеттің және Мәдениеттің әсерлері мол. Діни сана толысып, кемелденіп келеді, ол үрдіс дінге деген көптеген жаңа көзқарастар туғызуда. Дінде де *дәстүрлік* пен *жаңашылдық* бар» (Esim, 2011: 47). Қоғамдық құбылыс ретінде тілдің өзгеріске бейімділігі секілді, діннің де заманауи жаңашылдыққа бейімділік сипаты болады. Осы тұрғыдан, тілдік сана мен діни сананың тұтастығы көрінеді. Дін мен діл өзгерген жерде тілдің де қосарлана өзгеріске түсу ықтималдылығы жоғары болады.

Қорытынды

Адамзат баласының дүние болмысы мен қоршаған орта, табиғат және қоғам туралы ізденісінің дамуы діни сананың эволюциясына, діннің жаңарып, мазмұнының сатылай дамуына алып келді. Оны тарихи мәліметтер бойынша, Адам-Ата мен Хауа-Ана дәуірінен бастап жер бетіне түскен төрт қасиетті кітаптың мазмұнының хронологиялық дамуынан көруге болады. Адамзат дүниетанымындағы тілдік және діни сананың сатылай дамығанын қоғамдық ортаның даму деңгейімен сабақтастырып қарауға болады. Соңғы Құран Кәрімнің адамзатқа ұсынған қасиетті заңдылықтары өркениетті мәдениетке,

салауатты қоғамға алып келсе, б.з.д жазылған Құрандағы адам сенгісіз ғылыми мәліметтерді қазіргі «саналы адамзат ұрпағы» ғылыми ізденістерінде жаңалық ретінде дәлелдеп отыр. Қоғамды қоғам қылып ұстап тұрған «тіл мен дін» бірлестігі адамзат дүниетанымындағы «өркениетті сананы» өмірге әкелді.

Тілде, дінде адамзат тарихында қажеттіліктен туған қоғамдық құбылыстар. Адамзат дүниетанымының даму көрсеткішіне тілдік сана мен діни сананың өзіндік ықпалы бар. Тіл адам санасындағы біртұтас бейнені модельдеуші құрал болса, дін сол сананы қалыптастыратын жоғарғы ұғым. Тіл әлеуметтік мәнділікке ие ұлттық – ұлттық көрсеткіші болса, дін – адамның рухани жан азығы, мәдениет пен өркениеттің бастауы. Адамзат баласы дүниетанымының бастауында діни сенім (діни сана) тұрады. Адам баласының ғибадаттары мен мінәжаттары, жақсы амалдары мен әрекеттері діни канондарға негізделсе, тілдік ортасы ізгілікке құрылады. Демек, адамзат дүниетанымындағы тілдік сана мен діни сананың тұтастығы бүтін бір әлемнің бейнесін түзеді. Адам баласы өзін қоршаған ортаны санасымен сараптап, тіл арқылы әлемнің бейнесін жасайды. Адамзат дүниетанымындағы тілдік санаға діни сананың немесе діни санаға тілдік сананың өзара тең дәрежедегі ықпалдастығы, адамның тұлғалық қасиетін қала берді этностың ұлттық болмысын қалыптастырады. Дін мен тілдің үйлесімі этностың ұлттық менталитетін, өмірлік дүниетанымын, дүниелік ұстанымын, құндылықтар өлшемін көрсетеді.

Әдебиеттер

- Бекмағамбетов Ш. Тілдік таным негіздері және тілдік символдар. – Алматы: Ғылым, 1999. – 215 б.
<https://kk.wikipedia.org/>
 Есім Ғ. Сана болмысы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 388 б.
 Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба) 2011
 Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М., 1999. – 287 б.
 Мадалиева Ж.Қ. Діни сана және оның ерекшеліктері: әлеуметтік-философиялық талдау // Абай атындағы ҚазҰПУ-ның Хабаршысы «Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы». №3 (55). – 2016. – 61-64 бб.
 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. -140 б.
 Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
 Карлинский А.Е. Принципы, методы и приемы лингвистических исследований. – Алматы: КазУМОиМЯ имени Абылай хана, 2003. – 352 с.
 Өлкебаева Д. Сөз мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 214 б.

References

- Alkebaeva D. (2014) Soz madeniety: oku kyraly [Culture of speech]. – Almaty: Kazakh Universiteti, 2014. 214 p. (In Kazakh)
- Bekmagambetov Sh. (1999) Tildik tanym negizderi jáne tildik simvoldar [Basics of linguistic cognition and language symbols]. – Almaty: Ğylym, 1999. 215 p. (in Kazakh)
- Esim G. (2011) Sana bolmysy [The nature of consciousness]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2011. 388 p. (in Kazakh)
- Frazeologiyalyk sozdik (2007) [The Phraseological Dictionary]. – Almaty: Arys, 2007. 800 p. (in Kazakh)
- Jamanbaeva Q. (1998) Til qoldanysynyn kognitivtik negizderi: emosa, simvol, tildik sana [Cognitive foundations of language use: emotion, symbol, language awareness]. – Almaty: Ğylym, 1998. 140 p. (in Kazakh)
- Karlinsky A. (2003) Principy, metody i priemy lingvisticheskikh issledovaniy [The Principles, Methods and Techniques of Linguistic Research]. – Almaty: KazUMOiMYA imeni Abylay khana, 2003. 352 p. (in Russian)
- Leontev A. (1999) Osnovy psiholingvistiki [Fundamentals of Psycholinguistics]. – M., 1999. 287 p. (in Russian)
- Madalheva J. (2016) Dinı sana jáne onyn erekshelikteri: aleymettik-filosofialyq talday [Religious consciousness and its features: socio-philosophical analysis] – Abai atyndaǵy QazUPÝ-nyń Habarshysy: Áleymettaný jáne saıası ǵylymdar serıasy. №3 (55). 2016. 61-64 pp. (in Kazakh)
- Yali N. (2011) Buryńǵydan qalǵan sóz [The old word] – Almaty: (qoljazba) 2011. (in Kazakh)
- <https://kk.wikipedia.org/> (in Kazakh)

Ш. Құрманбайұлы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

*e-mail: sheru_64@mail.ru

**АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
«ҚЫЛ» ЕТІСТІГІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

Қазақтың ұлы ақыны Абай шығармаларында бүгінгі әдеби тілмен салыстырғанда өзгеше қолданыстар едәуір көп кездеседі. Бұл ақынның кейбір өлеңдері мен қара сөздерін қазақтың ескі жазба тілінде (шағатайша) жазуымен байланысты. Ақын тіліндегі ерекшеліктер фонетикалық, морфологиялық және лексикалық өзгешеліктер қырынан зерттеліп жүр. Сондай ерекшеліктердің бірі Абай шығармаларындағы кейбір етістіктер қолданысынан байқалады. Мәселен, ақын тіліндегі бағу, төну, қашыру, сағыну, салу етістіктері бүгінгі тілмен салыстырғанда өзгеше, яғни бастапқы мағыналарында қолданылған. Сонымен қатар, қазіргі қазақ тілінде белсенді жұмсала бермейтін кейбір етістіктер Абай шығармаларында актив қолданылады. Сондай сөздердің бірі – «қыл» етістігі. Бұл мақалада Абай өлеңдері мен қара сөздерінде әлдеқайда жиі кездесетін «қыл» етістігінің қолданыс ерекшелігі талданды. Оны хакім Абайдың қалай әрі қанша рет қолданғаны нақты мысалдармен көрсетілді. Қыл – көмекші етістігімен жасалған туынды формалар, тіркестер, фразеологизмдер бүгінгі әдеби тілдегі нұсқаларымен салыстырылып қарастырылды. Оның қазіргі әдеби тілдегі «ет» және «жаса» деген көмекші етістіктермен салыстырмалы статистикасы берілді. Түрік ескерткіштері мен тілдерінен алынған деректер және ауыз әдебиеті үлгілерімен салыстырмалы талдаулар негізінде «қыл» етістігінің көне дәуірлерден бері қолданылып келе жатқан дәстүр жалғастығының көрінісі екені, Абайдың ұлт тіліндегі сол дәстүрді жалғастырушы тұлға екендігі дәлелденеді.

Түйін сөздер: Абай, Абай шығармалары, етістік, «қыл» көмекші етістігі, салыстырмалы талдау.

Sh. Kurmanbaiuly

Abay Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty,

e-mail: sheru_64@mail.ru

Use of the verb “qyl” in Abay’s works

Compared to modern Kazakh, the language of Abay’s works has quite a few differences. These differences are studied in terms of phonetic, morphological and lexical features. One of these features is observed in the use of certain verbs by Abay. For example, in Abay’s works, the verbs “bagu, tonu, kashyru, sagynu, salu”, etc. were used in their original meanings. The article analyzes the features of the use of the verb “qyl”, used in Abay’s poems and in the edification of “Kara sozder”. In this work, the examples reflect how and how many times Abay used the form “qyl”. Also, words, phrases, phraseological units formed from the verb “kylu” were compared with versions of the modern literary language as “zhasau” and “etu”. Statistics and comparisons of the use of this form with the auxiliary verbs “etu” and “zhasau”, which are actively used in the modern Kazakh language, are given. On the basis of comparative analysis with samples of oral literature, data from Turkic monuments and languages, it was proved that the verb “qyl” is a manifestation of the continuity of traditions used since ancient times.

Key words: Abay, Abay’s works, verb, verb “qyl”, comparative analysis.

Ш. Құрманбайұлы

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,

e-mail: sheru_64@mail.ru

Употребление глагола «қыл» в произведениях Абая

По сравнению с современным казахским языком в произведениях Абая имеется довольно много различий. Данные различия изучаются в статье с точки зрения фонетических, морфологических и лексических особенностей. Одна из таких особенностей наблюдается и в применении Абая некоторых глаголов. Так, например, в произведениях Абая глаголы бағу, төну, қашыру, сағыну, салу, и др. использовались в первоначальных значениях. Кроме того, некоторые

глаголы, которые не активно используются в современном казахском языке, были использованы активно и в произведениях Абая. Одним из таких слов является глагол является «қылу». В данной статье анализируются особенности применения глагола «қылу», употребляемого в стихах Абая и в назиданиях «Қара сөздер». В работе на примерах отражено, как и сколько раз использовал форму «қыл» хаким Абай. Также слова, словосочетания, фразеологизмы, образованные от глагола қылу, были сопоставлены с версиями современного литературного языка как «жасау» и «ету». Приведена статистика и сопоставления употребления данной формы с вспомогательными глаголами «ету» и «жасау», которые активно используются в современном казахском языке. На основе сравнительного анализа с образцами устной литературы, данных тюркских памятников и языков было доказано, что глагол «қыл» является проявлением преемственности традиций и употребляется с древних времен.

Ключевые слова: Абай, произведения Абая, глагол, глагол «қыл», сравнительный анализ.

Кіріспе

Қазақтың қазіргі жазба әдеби тілінің негізін қалауға зор үлес қосқан ұлтымыздың дара тұлғасы, дана ойшыл, ұлы ақыны Абай ойға да, тілге де бай. Оның ой тұңғығына бойлап, тіл байлығы мен сөз қолдану шеберлігінің сырына үңілу – тіл ұстартып, өнер шашуды мақсат еткен ғұламаны тереңірек танудың кілті. Абай сөз құдіретін терең сезініп, тіл құралды асқан шеберлікпен әрі үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ірі ғұлама, нағыз хаким. Ол ғасырлар өтсе де құнын жоймайтын асыл мұрасы өміршен өлеңдерін де, өзінің парасат биігінен қарай отырып пайымдаған философиялық ой-толғамға толы қара сөздерін де осы тілдің қуатын, тілдің мүмкіндігін нұрлы ақыл, жылы жүрекпен сезініп, хакимге тән білімдарлықпен пайдалана отырып жазған. Сондықтан да Абай әлеміне ену, Абайды тану, Абай сырын ұғу, Абай жұмбағын шешу, оның ойлы да сырлы әр сөзінің мән-мағынасын ашып, әр сөзінің төркіні мен тіркесім ерекшелігін, оның қаламынан туындаған жаңа сөздердің жасалу жолын көрсетіп, тәжірибесіне жүгіну, бір сөзбен айтқанда ұлы тілдік тұлғаның тілін жан-жақты, жүйелі зерттеуден басталуға тиіс. Абай ойының інжу-маржаны, Абай поэзиясының көркем кестесі, сыршыл стилінің сыр-сипаты оның тілі арқылы көрініс тапқан.

Абайды тану, шығармаларын басып шығарып оны халыққа таныту, оның ұлы поэзиясының биік белесін зерттеу алаш ардақтылары Ә. Бөкейхан мен А. Байтұрсынұлынан бастау алатыны белгілі. Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы жазған баршаға белгілі «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ... Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен окшау, олар сөзінен үздік, артық» [1, 141-142] – деп жазып, бір ұлыны екіншісі тап басып танып,

оның қазақтың өлең өнеріндегі орнын бірден атап көрсетіп беріп еді. Абай әлі сол биігінде тұр. Ол аласарған жоқ, қайта жылдар жылжып, ғасырлар алмасқан сайын «қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» одан да асқақтап, биіктеп барады.

Абайдың тілі туралы айтқанда 1968 жылы жалпы редакциясын белгілі тілші ғалым, ф.ғ.д. А. Ысқақов басқарған «Абай тілі сөздігі» шыққанын айтуымыз керек. Осы сөздік құрылымы туралы айтылған кіріспе мақалада: «Сөздікті жасау қорытындысы ұлы ақынның 6000-ға жуық жеке-дара сөз қолданғандығын анықтады» [2, 14] – деп жазылады.

Әрине, Абайдан әлдеқайда көп жазған, соңына том-том еңбектер қалдырған, жазба мұрасында қолданған сөздерінің саны одан әлдеқайда мол ақын-жазушылар да бар. Бірақ Абайдың тіл байлығын, ұшан-теңіз білімін басаяғын жинағанда үлкен бір том болатын жаһұт жырлары мен ғақлия сөздерінде қолдаған, хатқа түскен сөздерімен ғана өлшеуге болмайды. Ол әр сөзін таңдап, талғап, мұхит түбінен маржан тергендей сараптап қолданған аса талғампаз әрі ұлт тіліне көп жаңа сөз қосқан жасампаз қаламгер. Шығармашыл тұлғаның қаламынан туындаған дүниелерінің құны мен салмағы, қадір-қасиеті тек онда қолданылған сөз санымен ғана өлшенбейтініне Абай мұрасы айқын дәлел бола алады. Аз сөзге көп мағына сыйғыза білген кемеңгердің әр сөзі мыңға татиды. Таза мінсіз асыл сөзді іздеушілердің, сұрағына жауап алғысы келетіндердің Абайға жүгінетіні содан. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» келістіре білген сөз зергерінің әр өлеңі, әр сөзі асыл. Оның парасатты поэзиясының іші-сыртындағы лағыл мен жаһұтын іздеу жалғаса береді. Сол себепті Абай тілін зерттеп-зерделегенде оның әр сөзіне мән беріп, қиыннан қиысып тұрған әр қолданысының астарына үңіліп, бірнеше қырынан қарай отырып тұжырым жасаған абзал.

Осы тұрғыдан келгенде біз төменде Абай тілінде жиі қолданылған бір ғана «қыл» көмекші етістігінің қолданысы жөнінде ғана сөз етпекпіз. Абай шығармаларының толық жинағы әр жылдары жарық көрді. Біз солардың ішінен редакциясын Н. Сауранбаев (жауапты редактор), М. Әуезов, М. Сильченко, Е. Исмаилов, С. Мұқанов, Ғ. Мұстафин сияқты белгілі ұлт зиялылары қараған Абай Құнанбаев шығармаларының толық жинағын негізге алдық [3, 506]. Сонымен қатар, 1961 жылғы біртөмдік толық жинақ пен 2005 жылғы 2 томдық жинақтарды да салыстыра қарап, қажетіне қарай пайдаландық.

Ақын шығармалары тілінің лексикалық құрамы, грамматикалық құрылысы жақсы зерделенді. Соған қарамастан бұл бағытта әлі де жаңа зерттеулер жүргізіу арқылы ақын өлеңдері мен қара сөздері тілінің ерекшеліктерін әлі де айқындауға, бұған дейінгі зерттеулерді жаңа деректермен, тың тұжырымдармен толықтыруға болады. Бұл орайда Абай шығармаларының тілін арнайы зерттеп, бірнеше монография жариялаған белгілі тілші ғалым, академик Р. Сыздықованың: «Абайдың тілі – кең тақырып. Бұл тақырыпқа бір емес, әлденеше кітап арналуға тиіс» [4, 4] – деп сөз бастауы өте орынды. Мұны мәселенің мән-жайын жақсы білетін ғалымның кең пайымдай отырып айтқан пікірі деуге болады. Абай шығармашылығына терең үңілген әр зерттеуші кемел ой, шұрайлы тіл иесінің құнды мұрасынан әлі де оның өзіне ғана тән авторлық қолданыстар мен тілдік, стильдік ерекшеліктерін айқындай түсеріне күмән келтірмейміз.

Абай шығармаларының тіл мамандары тұрғысынан ғана емес белгілі әдебиетші ғалымдар тарапынан әр кезеңде едәуір жақсы зерттелді. М. Әуезов [5, 320], Қ. Жұмалиев [6, 208], З. Ахметов [7, 272], М. Мырзахметұлы [8, 136] және басқа да кейінгі буын абайтанушы ғалымдардың еңбектерінде ақын шығармашылығы түрлі аспектіде қарастырылды, ондай зерттеулер легі әлі де жалғасып жатыр.

Эксперимент

Ақын шығармаларындағы етістіктер қолданысының да өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер негізінен қазіргі әдеби тілде өте сирек қолданылатын немесе мүлде кездеспейтін жекелеген етістіктерді ақын шығармаларынан табу, қолданылу жиілігін салыстыра көрсету және олардың тіркесуіндегі автордың өзіне ға-

на тән өзгешеліктерді анықтау арқылы айқындалады.

Аталған өлшемшарттар тұрғысынан қарағанда айрықша назар аудартатын, Абай шығармалары тілінің өзіндік ерекшеліктерін сипаттайтын етістіктің бірі – «қыл» көмекші етістігі. Олай болуының бірінші себебі бұл етістік қазіргі әдеби тілде Абай тіліндегіден әлдеқайда сирек қолданылады. Екінші себеп, Абай шығармаларында бүгінгі қолданыста мүлде жоқ немесе өте сирек ұшырасатын осы етістіктің қатысуы арқылы жасалған күрделі, құранды етістіктер, авторлық тіркестер мол. Осы себептер «қыл» көмекші етістігінің қолданысына арнайы назар аударып, ол жөнінде сөз етуге негіз бола алады. Енді осы айтқандарымызды дәлелдеу үшін ең алдымен, «қыл» көмекші етістігінің ақын шығармашылығында жиі қолданылғанын көрсетуімізге тура келеді. Ол үшін алдымен ойшыл қаламгердің соңына қалдырған барлық еңбектеріндегі «қыл» көмекші етістігінің қолданысын мейлінше дәл анықтап алу қажет болады.

1945 жылы ақынның туғанына 100 жыл толуына орай жарық көрген академиялық жинақ пен 1961 жылғы бір томдықта «қыл» көмекші етістігі Абайдың өз өлеңдері мен Пушкин, Лермонтов, Гете, Байрон және Крыловтан аударған мысал өлеңдерінде – 213, «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі», «Вадим» поэмаларында – 55 рет, ал қырық бес қара сөзінде – 228, «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» тарихқа қатысты жазбасында – 9 рет, інісі Халиоллаға жазған хатында – 2 рет, «Қарамола ережесі» атанған Семей қазақтарына арналған заңда – 1 рет (Ереженің кейінгі жылдары БАҚ-тарда жарияланған 73 баптан тұратын толық нұсқасында 22 рет қолданылады. Біз академиялық жинаққа енген нұсқаны есепке алдық.) қолданылады. Сонда өлеңдері мен поэмаларындағы 268-ге қара сөздер мен қазақ тарихы туралы еңбегіндегі 237-ні және хат пен ережедегі 3-ті қоссақ, Абай шығармаларында «қыл» көмекші етістігі барлығы – 508 рет қолданылған болып шығады. Мұны пайызға шаққанда қара сөздеріне – 47 (47,12%)-ы, ал өлеңдеріне (мұның ішіне төл өлеңдері мен аудармалары, поэмалары да кіреді) – 53 (52,88) %-ы тиесілі болады екен.

Анықталған статистикалық деректер «қыл» көмекші етістігінің ақын тіліндегі қолданыс жиілігін нақты сипаттайды. Егер шығармалардағы жалпы сөз саны мәтін ауқымы,

тұрғысынан қарар болсақ, ақынның өлеңдері мен поэмалары қара сөздеріне қарағанда көлемі жағынан едәуір үлкен. Поэзиялық шығармалар мен қара сөздерді жеке бөліп қарап, олардағы «қыл» етістігінің қолданысын өзара салыстырған кезде мәтін көлемінің шағындығына, ондағы тілдік бірліктердің аздығына қарамастан қара сөздерде «қыл» етістігі біршама жиі қолданылғаны белгілі болып отыр.

Бұл етістік тек түбір қалпында ғана емес, есімше, көсемше жұрнақтары мен жіктік жалғауларының үш жағында, етіс, қимыл атау, болымсыз етістік, қалау рай, шартты рай мен шақ жағынан сан құбылып, түрленіп әртүрлі тұлғада жұмсалады. Мысалы, қара сөздерде: *қыл, қылма, қыла, қылайын, қылатын, қылыңдар, қылар, қыларды, қыларлық, қылу, қылуға, қылудан, қылуын, қылуына, қылам, қыламын, қыламыз, қылса, қылмаса, қылсаң, қыласыз, қылсын, қылдық, қылып, қылса, қылсақ, қылған, қылмаған, қылғанын, қылғанда, қылғандығыңды, қылды, қылмады, қылады, қылмай, қылмай-ақ, қылмаймыз, қылмай, қылмайды, қылдырған, қылдыру, қылдырушы, қылатұғын, қылдыратұғын, қылмайтұғыны, қылғаны, қылушыға, қылмақ, қылмағың, қылмақызы, қылмаққа, қыларлық, қылғанды, қылдыңдар, қылмағандығым, қылғандығыңды, қылғандарға* сияқты тұлғаларда кездеседі.

«Қыл» көмекші етістігінің түрлі тұлғаларының қолданылу жиілігі де бірдей емес. Қара сөздерде олардың бірі жиі, ал екіншілері сиректеу жұмсалады. Жоғарыда көрсетілген тұлғалардың ішінде ең жиі қолданылғаны – көсемшенің -п (-ып/-іп) жұрнағы жалғанған «қылып» формасы. Қырық бес қара сөздегі «қыл» көмекші етістігінің барлық 228 қолданысының 63-і осы -ып тұлғалы «қылып» етістігі болуы соның нақты дәлелі. Бұл «қыл» етістігінің қара сөздердегі барлық қолданысының 28 (27, 63%-ы) пайызға жуығы. Кейбір қара сөздерде бұл тұлға тіпті жиі кездеседі. Мәселен, бір ғана отыз сегізінші қара сөзінде автор «қылып» етістігін 20 рет қолданған. Жалпы осы бір ғана «қылып» етістігінің қолданысы да көсемше тұлғаларының ішіндегі әмбебаптығы басым, ең белсенді жұмсалатыны -ып жұрнақты көсемше екенін Абай шығармаларынан алынған статистикалық мәліметтер де растайды.

Көсемше тұлғалы «қылып» етістігінің қатысуымен жасалған күрделі етістіктер де бірқатар. Олар негізінен *жүр, бер, ал* сияқты өнімді тірек сыңар болатын етістіктердің алдында тұрады. Мылалы: *қылып бер, қылып беріп, қылып*

берейін, қылып беріп пе, қылып жүр, қылып жүріп, қылып жүрген, қылып жүрсе, қылып алады. Мұндай көсемшелі еркін тіркестердің бағындырушы екінші сыңары ретінде жоғарыда көрсетілген етістіктер жиі қолданылғанмен, олардан өзге әртүрлі етістіктердің қатысуы арқылы жасалған еркін тіркестер де кездеседі. Олар мына төмендегілер: *қылып жатыр, қылып жаратқан, қылып жаратыпты, қылып ізденер, қылып сөйлесе, қылып едіңдер, не қылып өткіземіз, не қылып тыңдасын, қылып сөйлесе.* Осы тіркестердің екінші сыңарлары: *жатыр, жарату, ізде, өткіз, тыңда, сөйле және е* көмекші етістігі.

Ал «қыл» етістігінің өлеңдер мен поэмаларындағы қолданысына келсек, олардың статистикасы былай болып шықты: *қылып* – 44 + *қып* (ғып – 10) – 25 + *қылғансып* – 1 + *қылмап* (па) – 2 = 72, *қылған* – 36 + *қылмаған* – 3 + *қылғызған* – 1 + *қылғансып* – 1 = 42, *қылса* – 12 + *қылсаң* – 11 + *қылсақ* – 7 + *қылсам* – 1 + *қылсаңдағы* – 1 + *қылдырса* – 1 = 32, *қылды* – 12 + *қылдың* – 6 + *қылдым* – 7 + *қылдық* – 1 = 26, *қылма* – 10 + *қылмай* – 10 + *қылмас* – 4 + *қылмайсың* – 1 + *қылмайды* – 1 + *қылмадың* – 1 = 27, *қылады* – 8 + *қыласың* – 4 + *қыласыз* – 1 + *қыла* (біл, алмас, ма, алмай жүр) – 9 = 21, *қыл* – 16, *қылар* – 9, *қылайын* – 4, *қылуға* – 4, *қылмақ* – 4, *қылсын* (не қылсын) – 4, *қылдыдағы* – 2 *қылмағынны* – 1, *қылалық* – 1, *қылатын* – 1, *қылушы едім* – 1.

Статистикалық деректер көрсетіп отырғанындай, мұнда да көсемшенің -п/-ып жұрнағы жалғанған көмекші етістіктер қолданылу жиілігі (72 рет) жағынан бірінші орында тұр. Барлық өлеңдері мен поэмаларында қолданылған «қыл» етістігінің түрлі формаларының бестен біріне жуығы, яғни, 25 %-ы «қылып» етістігі болуы бұл тұлғаның өте жиі қолданылғанын көрсетеді. Одан кейінгі орындарда «қыл» көмекші етістігінен туындаған -ған формалы дағдылы есімше (42), -са формалы шартты рай (32), -ды жұрнақты жедел өткен шақ (26) болып жалғаса береді.

Абай қара сөздерінде «қыл» көмекші етістігі тіркесімдік қабілеті өте жоғары болуымен ерекшеленеді. Ол зат есім, сын есімдермен, есімдіктермен тіркесіп, көптеген құранды етістіктер туындатады. Нақтырақ айтқанда қара сөздерде зат есім + көмекші етістік үлгісімен жасалған: *еңбек қылып, кәсіп қылып, өнер қылып, күндестік қылып, бина қылып, гиадат қылып, көрік қылып, көрсеқызарлық қылып, талап қылып, фида қылып, ұрыс қылып, тілеу қылып, софылық қылып, шарт қылып, есеп қылып, сипат қылып, сарып қылып, ақыл иесі қылып, ал*

«Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» жазбасында қанағат қылып, құдай қылып деген құранды етістіктер бар.

Ал өлеңдері мен аудармаларында *ас қылып, бітім қылып, дәме қылып, ит қылып, көлеңке қылып, қалжың қылып, қайыршылық қылып, қошемет қылып, не қылып, орын қылып, пидә қылып, сауда қылып, уерд қылып* қолданыстарын ұшыратуға болады. Мұндай құранды етістіктердің бірінші сыңары өзгермелі болатындықтан, үнемі ауысып, жаңарып отырады да, ал екінші сыңары «қыл» етістігі тұрақты болады. Абай өзінің сөз қолданысында құранды етістіктердің ауыспалы сыңары ретінде *еңбек, береке, кәсіп, өнер, күндестік, бина, гибадат, көрік, көрсеқызарлық, құрмет, талап, фидә/пидә, ұрыс, тілеу, софылық, шарт, есеп, сипат, сарып, ақыл иесі, ас, бітім, дәме, ит, көлеңке, қалжың, қайыршылық, қошемет, не, орын, сауда, харекет, уерд* сияқты зат есімдерді пайдаланды. Бұл сөздердің қатысуы арқылы жасалған құранды етістіктердің *талап қыл, харекет қыл, кәсіп қыл* және т.б. бірқатары қазіргі әдеби тілде сиректеу болса да қолданылады. Ал басым көпшілігі өте сирек жұмсалады немесе мүлде қолданылмайды. Мәселен, *бина қылып, уерд қылып, орын қылып, өнер қылып, тілеу қылып, софылық қылып* сияқты бірқатары сол кезеңге немесе автордың өзіне тән қолданыстар.

Зат есім + көмекші етістік үлгісімен жасалған: *береке қыл, гибадат қыл, қызмет қыл, құрмет қыл, талап қыл, харекет қыл, тойыңды қыл, өлшеу қыл* іспетті бірқатар құранды етістіктер негізінен ақынның поэзиялық шығармаларында қолданылатындығымен ерекшеленеді.

Жоғарыдағы статистикалық деректер өлеңдерде де, қара сөздерде де бұл құранды етістіктің *-н/-ып* көсемше формалы түрі жиі қолданылатынын көрсетті. Алайда құранды етістіктерге тек көсемшенің *-п/-ып* жұрнағы ғана жалғанып қоймайды. Олардың қатарында: болымсыз етістік жұрнағы *-ма* қосылған – *қызмет қылма, есеп қылма, қылма наз* және осы формаға көсемшенің *-й* жұрнағы жалғанған *-ма+/-й* тұлғалы: *аял қылмай, қайрат қылмай, қылық қылмай, пайым қылмай, ғарық қылмай пайым қылмай, рақым қылмай, шаруасын қылмай* және оған жіктік жалғауы жалғанған – *рахым қылмай+сың аял қылмай+ды, хисап қылмай+мыз* немесе шартты райдың *-са* жұрнағы жалғанған – *бірлік қылса, махаббат қылса, іс қылса, қылса сұхбат, тамаша қылса, сан қылса, қасд қылса, мекен қылса, ем қылса+ң, ғамал қылса+ңыз* сондай-ақ есімшенің *-ған, -с, -ар*

жұрнақтары жалғанған – *ұстатық қылған, қысым қылған, талас қылған, сөгіс қылған, қарсылық қылған* (қарсылық күнде қылған), *қылық қылғандығыңды, салахият иесі қылғаны, сұлтан қылғандығына, адам қылмас, еңбек қылмас, іс қылмас, керек қылмас ой қылар, кәдік қылар, ұрлық қылар, қатын қылар, қылар сабыр және жедел өткен шақ пен жіктік жалғаулары жалғанған қулық қылдым, өлең қылдым, дұға қылдыңыз, қуат қылдық* сияқты қолданыстар да бар. Сондай-ақ осы қатарға: *мекен қылады, жұбаныш қылады, хасил қылады, бахас қылады, тамаша қылады, наурыздама қыламыз* деп, *құлшылық қылмақ, қастық қылмақ, шұруғ қылмақ, ыза қылмақ, сауда қылмақ, үміт қылмаққа, ижтиһад қылу, мұлахаза қылу, мұхафаза қылу, жәбір қылмасын, ермек қылайын* тіркестері де кіреді.

Қара сөздер мен өлеңдерде «қыл» етістігі мен сын есімдердің тіркесуі арқылы жасалған бірқатар тіркестер қолданылады. Сын есім + көмекші етістік үлгісімен жасалған ондай қолданыстар мыналар: *ауру қылып, сау қылады, есер қылады, қор қылады, құмар қылып, қамқор қылып, әртүрлі қылып, үйір қылып, риза қылмағыңды, кедей қылады, танырлық қылып, ұғарлық қылып, шықпағандық қылып, айтқандай қылып, ләззаттанғандай қылып*.

Келтірілген мысалдардың *қор қылады, сау қылады, үйір қылып, кедей қылады* іспетті бірқатарында сапа сыны негізінен сапалық сын есім арқылы берілсе, *танырлық қылып, ұғарлық қылып, шықпағандық қылып, айтқандай қылып, ләззаттанғандай қылып* деген тіркестерде қатыстық мағына есімше формалы етістіктерге *-лық, (-дық), -дай* қосымшалары жалғануы арқылы берілген.

Ал есімдік + көмекші етістік үлгісімен жасалған тіркестер мыналар: *не қылдым, не қыласың, не қылсын, не қылды, не қылдыңыз, не қылады, не қылып, не қылған, не қылса да, не қыл дер, өз қылып, өзі қылмаған, бәрін қылып, мұны қылып, оны қылып, соны қылып, кім қыларлық, пәлен қылған, түген қылған*.

Бұлар «қыл» көмекші етістігімен сұрау, өздік, жалпылау, сілтеу есімдіктерінің тіркесуі арқылы жасалған. Алғашқы сыңары есімдік болатын мұндай тіркестердің қолданылу жиілігі бірдей емес. Мәселен, «не» сұрау есімдігінің қатысуымен жасалғандары өлеңдерде де, қара сөздерде де жиі қолданылса, «өз» есімдікті тіркес екі рет, ал қалған тіркестер тек бір-ақ реттен кездеседі. «Неғылсын бір қартайған қу сүйекті» деген өлең жолында «не» сұрау есімдігі

мен «қылсын» етістігі бірігіп «неғылсын» түрінде қолданылады. Мұны да сондай бірді-екілі қолданыстар қатарына қосуға болады.

Сондай-ақ, модаль сөздер мен шылаулардың қатысуы арқылы жасалған тіркестер де ұшырасады. Бірақ олар көп емес. Мысалы, модаль сөз + көмекші етістік үлгісімен: *бар қылып, керек қылмас* және септеулік шылау + көмекші етістік үлгісімен: *секілді қылып* немесе көмекші етістік + септеулік шылау үлгісімен жасалған мақсатты келер шақ есімше *қылмақ үшін* сияқты тіркестерді сол қатарға жатқызуға болады. Тек «қыл» етістігімен ғана емес, мақсатты келер шақтың *-мек, -бек, -нақ* формалары арқылы өзге де етістіктермен «үшін» септеулігінің тіркесуі арқылы жасалған мұндай тіркестер Абайда баршылық. Мәселен, қара сөздерінде *құтқармақ үшін, шығармақ үшін, пысықтандырмақ үшін, білмек үшін, жеңбек үшін, таппақ үшін, аталмақ үшін, алдамақ үшін, суытпақ үшін, айтпақ үшін, аздырмақ үшін, кірмек үшін, еліртпек үшін* ал әйгілі «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінде *ермек үшін, термек үшін, бермек үшін* деген тіркестер бір шумақта ұйқас құрап қатарынан қолданылады.

Сонымен қатар, есім сөздер + етістік үлгісінен бөлек, «қыл» етістігінің шартты рай формасындағы модаль сөздердің тіркесуі арқылы жасалған қылса керек, қылса екен және үстеу + етістік үлгісімен жасалған разы қылу сияқты тіркестер де кездеседі.

Тек есім сөздермен ғана емес «қыл» көмекші етістігінің жетекші етістіктермен тіркесуі арқылы жасалған тіркестер де бар. Олардың қатарына жетекші етістік + көмекші етістік үлгісі бойынша жасалған мынадай тіркестер кіреді: *асырайтын қылып, ауырмайтын қылып, сенбейтұғын қылады, ескермей қылса*.

Абай шығармаларында «қыл» етістігінің қатысуымен жасалған күрделі етістіктер де аз емес. Олардың көпшілігі *қылып жүр, қылып жүрсе, қылып жүріп, қылып бер, қылып берейін, қылып беріп, қылып еді, қылып алады, қылып сөйле, қылып үйрет, қылып өткіз, қылып өткіземіз, қылып ізденер, қылып жаратқан, қылып қоймақ, қылып шығарсын, қылып үйренсін, қылып білдіретұғын* секілді күрделі етістіктердің сыңарларын байланыстыруда *-п, -ып* қосымшасы өнімді екендігі байқалады. Сонымен қатар, етістік сыңарлары көсемшенің *-а* жұрнағы арқылы байланысқан он шақты күрделі етістік ұшырасады. Олар: *қыла бер, қыла гөр, қыла біл, қыла білмейді, қыла алмадым, қыла алмас, қыла алмайсың, қыла алмай жүр, қыла*

жатсам сияқты күрделі етістіктер. Көсемше формалы мұндай етістіктер *ал, бер, біл, жүр, көр, жат* сияқты негізгі түбір етістіктердің тірек сыңар болуы арқылы жасалған.

Бұл күрделі етістіктер «Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр, Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек», «Қыла жатам тамаша» деген өлең жолдары мен қара сөздеріндегі мына: «Оны да ермек қыла алмадым», «Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла гөр!» деп тілек тілегенін өзім көрдім», «Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың», «Өз мүлкін өзі не қылса қыла береді», «Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса, ол талабыңды қыла бер...», «Ниет қыла білмейді» сияқты сөйлемдерде қолданылады.

Осы мысалдардағы күрделі етістіктер уақыт пен кеңістікте өтіп жатқан қимыл-қозғалыс пен амал-әрекеттердің өзгермелі, жалғаспалы, ұласпалы өтенәзік сәттерімен қырларын барынша дәл сипаттап тұр. Олар ақын шығармаларындағы бір-бірімен ұласып, ұштасып жатқан күрделі процестерді, тереңнен толғай отырып жасалған қатпарлы ой-тұжырымдарды жеткізеді. Алыстан сермеп, жүректен тербей отырып ой қорытатын ойшыл ақында мұндай күрделі етістіктердің жиі ұшырасуын табиғи нәрсе деп тануға болады. Өйткені, өте нәзік те күрделі ойларды жалаң сөлем, дара етістіктер арқылы жеткізу мүмкін болмас еді. Әсіресе, *сауда қыла алмай жүр, жарлықты қылып жүр екен, тырп етпейтұғын қылып алады* іспетті сыңарлары көсемшенің *-а, -ып* жұрнақтары арқылы байланысқан күрделі етістіктерден соны анық байқауға болады. Бұл күрделі етістіктердің сыңарлары өзара *-а ал, -ып жүр, -ып ал* аналитикалық форманттары арқылы байланысқан.

Қазақ тіл білімінде етістік табиғатын терең зерттеген ғалым Ы.Маманов қазақ тілінде көсемше формаларының көп қолданылатындығын айта келіп, сонымен бірге ол «нәзік ойларды білдіруде өте оралымды» [9, 53] – дейді.

Ғалымның бұл тұжырымының көсемше табиғатын терең тани отырып жасалғаны Абай шығармаларынан да анық байқалады. Ұлы ойшыл, хакім Абай айналасындағы адамдардың құбылмалы мінез-құлықтары мен аумалы-төкпелі заманының кескін-кейпін бейнелеуде қисынын тауып осындай сөз өрнектерін туындатады.

Абай шығармаларында «қыл» етістігінің «қылатұғын» формасы және алдыңғы сыңарымен осы «тұғын» қосымшасы арқылы байланысқан құранды, күрделі етістіктер де бірқатар. Олар:

мырзалық қылатұғын, қашқандай қылатұғын, керек қылмайтұғын (керек қылмайтұғыны болмайды), *алатұғын қылып, бермейтұғын қылып, етпейтұғын қылып* тәрізді етістіктер. Керісінше, Абайда есімшенің *-атын/етін, -йтын/-йтін* формасы өте сирек кездеседі. Қара сөздерде қылатын, азғырылмайтын, ауырмайтын, асырайтын, жарамайтын, қостамайтын сияқты бірнеше сөздердің ғана ұшырасуы соның дәлелі. Біз «тұғын» формасы туралы сөз еткенде оған нақтырақ тоқталамыз.

Құранды етістік құрамындағы «кыл» етістігіне «де» және «е» көмекші етістіктерін қосу арқылы кыл+де және кыл+е үлгісімен жасалған *ғибадат қыл дейді, жәбір қылмасын деп, қарық қыламын деген, не қыл дерімді, қылам дегенін және кедей қылады екен, сау қылады екен, қор қылады екен, есер қылады екен, қылар еді* тәрізді тіркестер он бірінші сөздегі: «Осы бір ұры, бұзақы жоғалса, жұртқа ой да түсер еді, шаруа да қылар еді», Он алтыншы сөздегі: «Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді», Жиырма сегізінші сөздегі: «Жиырма кедей қылады екен. Ешкімге залалсыз бір момынды ауру қылып, қор қылады екен. Қайда бір ұры, залымның денін сау қылады екен. Әке-шешесі бір екі баланың бірін есті, бірін есер қылады екен» деген сөйлемдерде кездеседі.

Абай шығармаларындағы «кыл» көмекші етістігінің түрлі тұлғаларының оның поэзиялық шығармалары мен қара сөздеріндегі қолданысының бірдей еместігін де назардан тыс қалдырмаған жөн. Белгілі бір тұлға қара сөздерде жиі қолданылса, кейбіреулері керісінше, өлеңдерінде жиі ұшырасады. Көшемше формалы «қылып» етістігінің ықшам нұсқасы «қып» («ғып») тек өлеңдерінде ғана 25 рет қолданылады да, ал қырық бес қара сөзде бірде-бір рет кездеспейді. «Қылып» етістігінің ықшамдалған «қып» түрі – 15 рет, ал «ғып» түрінде – 10 рет кездеседі. Мысалы: *жұмыс қып, көзден жас қып, дел-сал қып, қайғы қып, қор қып, қызмет қып, от қып, өлең қып, өлең қыпты, пайда қып, пәтер қып, сырмақ қып, таспадай қып, тәуекел қып* (2 рет) және *алтын ғып, арам ғып, бар ғып, дамыл ғып, жан ғып, қиял ғып, нала ғып, не ғып, тоқтау ғып, ыза ғып* деген тіркестер «Даланы жым-жырт дел-сал қып», «Болмаған соң жұмыс қып мал табарлық», «...өлең қыпты жоқты қармап», «Болыстықтан пайда қып», «Ер Әзім тәуекел қып жаннан күсіп», «Қанжармен таспадай қып тіліп алып» және «Тиіп, шығып, ыза ғып ұстатпаса», «Бірі қойтке таласып, бірі

арам ғып», «Өмір тонын кигізіп, Жоқты бар ғып жүргізер», «Дем ала алмай дамыл ғып», «Алтын ғып, суынған соң қолына алды», «Қиял ғып өмір сүріп, бос жүріппін», сияқты өлең жолдарында қолданылады. «Қылып» етістігінің бір ғана ықшамдалған нұсқасы ақын шығармаларының кей жылғы басылымында «қып» енді бірінде «ғып» түрінде жазылып отырады.

Ақын кей өлеңдерінде «не» сұрау есімдігі мен көсемше формалы «қылып» етістігін біріктіріп «неғылып» түрінде немесе ауызекі тілдегі осы есімдік пен етістіктің екеуі де дыбыстық-құрылымдық тұрғыдан өзгеріп, ықшамдалған «нағып» тұлғасын қолданады. Мысалы: «Неғылып оңайлықпен ырқ берем» деп», «Айтшы аға нағып жеңілдік» деген өлең жолдарында.

Сол секілді «кыл» көмекші етістігі түбір калпында, бұйрық рай формасында отыз жетінші сөзінде «Кісіге біліміне қарай болыстық кыл» деген сөйлемде бір-ақ рет қолданылады. Ал бірінші сөзіндегі «...не қыл дерімді біле алмай отырмын» және қырық төртінші сөздегі: «Оның үшін кітап сөзіменен ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек дейді, онан соң ғибадат қыл дейді» деген күрделі етістік құрамында бірінші және үшінші жақтан баяндалады. Ал өлеңдері мен поэмаларында бұйрық рай формасы әлдеқайда жиі қолданылады. Мысалы: «Мінер атын, киімін ып-ықшам қыл», «Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл», «Сүйінерлік адамды сүй, қызмет қыл», «Ақыл – мизан, өлшеу қыл», «Я байларға қызмет қыл», «Талап қыл артық білуге», «Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды», «Жан аямай кәсіп қыл», «Жауға жабдық» деп жиып пайда қыл тез!», «Қайғымды қыл шағын», «Жалғаны жоқ, бір тәңірім, кеңшілік қыл», «Харекет қыл пайдасы көпке тисін.» деген өлең жолдары сөзіміздің дәлелі бола алады.

Қара сөздерде «кыл» етістігі мен одан туындаған сөздер қатар қолданылатын жағдайлар да ұшырасады. Мысалы, жиырма сегізінші қара сөзінде: «Өз мүлкін өзі не қылса қыла береді», «Әзім әңгімесінде»: «Мастықпен қылса, қылған шығар-ау деп» және жиырма сегізінші сөзде «Бәрін қылушыға қылдырушы өзі екен» деп жазады. Бірінші сөйлемде шартты рай тұлғасындағы «кылса» мен көсемше формалы «қыла» етістігі («қыла береді») тіркесіп тұр. Ал екінші сөйлемде осы етістіктен туындаған есімдер «қылушыға қылдырушы» түрінде тіркесе жұмсалады. Бұл деректер де «кыл» етістігінің қара сөздерде белсенді қолданылғанын, есім сөз тудыруға

да қатыстырылғанын көрсетеді. Соңғылардың қатарына «фида қылушылар», «өнер қылғандар» деген қолданыстарды да қосуға болады.

Қара сөздерде автор «кыл» етістігін бір сөйлемде екі-үш реттен, кейбір сөйлемдерде тіпті, төрт-бес ретке дейін қолданады. Мысалы, «Кім жақсылық, кім жамандық қылсадағы құдайдан келген жарлықты қылып жүр екен дейміз бе?» «Тек жұрт қылғанды біз де қылып, жығылып, тұрып жүрсек болғаны дейді», «Тірлікте өзіңе-өзің қылмаған істі, өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере ала ма?», «Оның үшін ғадаләті адамның көңіліне келеді: мен өз көңілімде халық менімен, сондай-мұндай қылықтарымен мұғамала қылса екен деп ойлап тұрып, өзім сол халықтармен мұғамала қылмағандығым жарамайды ғой деп, сол өзі әділет те және нысап та емес пе?», «Бір құдайдан тілеп, адал еңбек қылып, пайда іздеген кісінің еңбегін жандырмай, қатын-баласын жөндеп асырарлық та қылмай, кедей қылады екен», «Һәм ол разылықтарыңнан басқа осы махшар ішінде, сендердің осы қылғаныңа өзі қылмаса да, іші еріп, ынтық болған достарың табылса, шафағат қылыңдар!» – деп айтар дейді.» деген сөлемдерде «кыл» етістігі екі-үш реттен қолданылады. Ал отыз үшінші және отыз сегізінші қара сөздердегі мына сөйлемдерде: «Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады.»; «Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан махшарда сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың һәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан. Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм ғадаләт һәм махаббат бар» сөз болып отырған «кыл» етістігі 5 реттен қолданылады. Бұл көрсетілген сөйлемдердің әрқайсысында бір ғана етістіктің түрлі формада 2-ден 5 ретке дейін кездесуі, қарасөз авторының оны жиі қолданғанын анық көрсетеді.

Нәтиже мен талқы

Абай өлеңдері мен қара сөздерде қазіргі әдеби тіліміздегі актив «ет» етістігі «кыл» етістігіне қарағанда әлдеқайда аз жұмсалады. «Кыл» етістігінің түрлі формалары Абайда 508, ал «ет» етістігі 92 рет ғана қолданылады. Яғни, «кыл» етістігі «ет» етістігіне қарағанда алты еседен астам артық. Егер мағыналас осы екі етістіктің барлық қолданысын жүз пайыз деп алсақ, онда «кыл» етістігі – 82 % (81,71), ал «ет» етістігі – 18% (18,29) болады.

«Ет» етістігінің қолданысына бірер мысал келтірсек, мәселен, төртінші қара сөзінде: «Екі ортада, бұ дүниенің рахатының кайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, *қор етіп* өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.»; Тоғызыншы сөзде: Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, *үміт етіп* жүріппін.»; Отыз сегізінші қарасөзде: «Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің ғауам былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке ижтиһад ләзім, сіздер әрбір ғамал қылсаңыз ізгілік деп қыласыз, ізгілікке бола қасд етіп, *ниет етесіз*»; Өлеңдерінде: Құржаң-құржаң *етеді*. Жер ұшық, берген кісідей, Тоңқандай ма, *не етеді*.» «Өзіңді сенгіштікпен *әуре етпе*», Қылт *етерде* дапдайын бір жаласы, «Арттағыға бір белгі қойса *нетер*», «Қайғырмай *не етемін*», «Өткір тілді найза *етін*», «Неше түрлі айла *етін*», «Тырп *етпес* менің күшім жауын желге» «Әдет *етер* таласып» және т.б.

Бұлардан өзге де парыз еткен, қызмет еттіріп, шарт еттің, сабыр етіп, қорс етіп, қолбаң етіп, ниет еттіңіз, пәк етемін, исфат етпесе, бұлай етіп, әдет етсе, бүлк етсе, арман етпе, не еткен тантық, ант ететұғын сияқты тіркестер кездеседі.

Өлеңдерде 4-5 рет ғана кездесетін «неткен» кіріккен етістігі негізінен контексте «қандай», «не қылған», «не деген» мағыналарда қолданылады. Мәселен, «Жылмиғаны неткені», «Тоқымдығы бусанбас неткен ерлік», «Замана неткен тар еді», «Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын!» деген өлең жолдарынан соны байқауға болады. Соңғы үш сөйлемде есімше формалы «неткен» етістігі анықтауыш қызметін атқарып тұр.

Осы жерде бір нәрсені айта кеткен жөн. Қазір мектеп оқулықтары мен БАҚ бетерінен, ғаламатордан Абайдың нақыл сөзге айналған «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей.» деген өлең жолдарын өте жиі ұшыратамыз.

Бүгінгі тілде бұл өлең жолдары негізінен жаппай осылай қолданылады деуге болады. Алайда бір қызығы біз ақынның 1909, 1945, 1968, 1977, 2005, 2006 жылдары жарық көрген шығармалар жинағын қарап шыққанымызда, осы басылымдардың бәрінде де әйгілі «Сегіз аяқ» өлеңінің бұл жолдары «Еңбек қылсаң ерінбей, Тояды қарның тіленбей.» деп беріледі. Ендеше, түпнұсқадағы «еңбек қылсаң» тіркесі, қазір өзгертіліп, «еңбек етсең» түрінде қолданылып жүр. Мұны қазіргі тілде «Еңбек ет те, міндет ет», «Еңбек етсең – емерсің» түріндегі «еңбек ету» тіркесінің нормаға айналып, «ет» етістігінің белсенді қолданысқа көшуімен байланысты туындаған бұрмалаушылық деуге негіз бар. Сондай-ақ, бұл жерді бір өлең жолындағы «еңбек – етсең – ерінбей» – ЕЕЕ түріндегі үш дауыстыдан басталған сөздерді тіркестіріп қатар қолдану арқылы дыбыстық үйлесім іздеп, ассонанс туғызу да байқалады. Қалай болғанда да Абайдың өлеңін бұрмалап қолдану, авторды редакциялауға ешкімнің қақы жоқ. Осыны ескерген жөн.

Жалпы Абайда «еңбек ет» тіркесі мүлде жоқ. Мұндай құранды етістік ақын шығармаларында бірде-бір рет кездеспейді. Ал есесіне «еңбек қыл» тіркесі оның өлеңдері мен қара сөздерінде 15 рет ұшырасады. Ақын шығармаларынан алынған бұл нақты деректер оның тек «еңбек қыл» деп қолданғанына дәлел бола алады. Сонымен қатар, бір ғана тіркестің оның шығармаларында 15 рет кездесуі бұл тіркесті ол жиі қолданған деп түйіндеуге де негіз бола алады. Ендеше, оның өзіне тән сөзқолданысын, ақын тілінің ерекшелігін сақтау керек.

Нақты мысалдарға жүгінер болсақ, «еңбек қыл» құранды етістігі «Сегіз аяқтағыдан» өзге «Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек.», «Еңбек қылмас еріншек адам болмас.», «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас.» деген өлең жолдарында да кездеседі.

Ал қара сөздерде бұл тіркесті автор 11 рет қолданған. Оларды түгел берген жөн деп білеміз. Мысалы, екінші сөзде: Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Үшінші сөзде: Сонан соң не момынның баласы бөтен жаққа шығып, еңбек қылып, мал іздемейді, егін, сауданың керегі жоқ болады. Төртінші сөзде: Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды. Алтыншы сөзде: «Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан,

қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Оныншы сөзде: Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? Жиырма бесінші сөзде: Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз қорлығына көнбес едік. Жиырма сегізінші сөзде: Бір құдайдан тілеп, адал еңбек қылып, пайда іздеген кісінің еңбегін жандырмай, қатын-баласын жөндеп асырарлық та қылмай, кедей қылады». Отыз үшінші сөзде: Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп, және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады. Отыз жетінші сөзде: Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың [3, 316-401].

«Қыл» көмеші етістігі «ет», «істе» етістіктерімен мағыналас. Алайда қазіргі тілімізде соңғы екі етістік алдыңғы «қыл» етістігіне қарағанда әлдеқайда жиі жұмсалады. Мұны көмекші етістіктерді арнайы зерттеген ғалымдар атап көрсетіп жүр. Мәселен, «Қазақ грамматикасының» соңғы басылымын дайындаған ғалымдар: «Қазіргі тілімізде ең жиі қолданылатын көмекші етістік – ет. Көне кезеңдерде қыл көмекші етістігінің қызметі белсенді болған» [10, 538] – деп жазады.

«Қыл» етістігінің көне кезеңдерде белсенді болғанын жазба ескерткіштер деректері толық растайды. Оны ескерткіштер мәтініндегі «ет» және «қыл» етістіктерінің қолданысын салыстыру арқылы анық көруге болады. Мысалы, Орхон ескерткіштерінде: «ет» етістігі – 2 рет [11, 140], «ит» – 19 рет [11, 145], ал «қыл» болса – 50 рет [11, 150] қолданылған.

Қарахан дәуірінің жазба мұрасы Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк» атты әйгілі сөздігінде «қыл» етістігі – 47 рет әрі

түрлі формада кездеседі: *мұндақ қыл* «былай жаса», *терк қыл* «тәрк ет», *мени а қылды* «мені таңғалдырды», т.б. [12, 711].

Махмұт Қашқари түрік және түрік тайпаларының «қыл» етістігін жиі қолданып, оғыздар тарапынан оның аз айтылатынын еске салады. «Бұл құбылыс оғыздар «ит» және «ет» етістігін көп қолданып, «қыл» етістігін тек «әйелмен болу» мағынасында жұмсағандығымен байланысты» – дейді. Қашқари «оғыздар ертеректе «қыл» етістігін көп қолданып, кейін әйелдерден ұят болмасын деп, бірте-бірте «қылды» айтпай кеткен» деп ескертеді (DLT 95/88) [12, 88].

«Диуани лұғат-ит-түрк» сөздігінде «ит» етістігі 10 жерде кездеседі және оның оғыздар тарапынан қолданылатыны айтылады. Мысалы: *йүкүч итти* «намаз оқыды» [12, 670]. Ал «ет» етістігі болса, тек «етті» формасында 12 рет қана қолданылған. Оның өзінде таң-тұң *етті*, қаң *етті*, чыныл-чыныл *етті*, тырың *етті* деген сияқты бейнелеуіш сөздермен тіркесіп жұмсалған [12, 648].

Алтынорда, Хорезм дәуірі ескерткіші «Қисса-сул әнбияда» (XIV-XV ғғ.) «қыл» етістігі – 2000 рет [13, 332-345], ал «ет» етістігі бар жоғы 23 рет қана [13, 212] жұмсалған.

Шағатай жазба жәдігері Лұтфи диуанында «қыл» етістігі – 700 рет [14, 513-517], «ейле» – 300 шамасында [14, 430-431], ал «ит» етістігі – 200 рет [14, 493-494] қолданылған.

Анадолы түрік мұрасы (оғыздар) «Деде Қорқут» кітабында, керісінше, «қыл» – 37 рет қана жұмсалған (жоғарыда айтылғандай «қылды оғыздар қолдана бермейді» деген тұжырымға сай) [15, 179], «ейле» етістігі – 108 рет [15, 109], «ит» – 105 рет [15, 156] кездеседі.

Міне, бұл мәліметтер «қыл» етістігінің көне түркі дәуірі мен орта ғасырлардағы қолданысының көрінісі. Одан бергі кезеңдердегі батырлық, ғашықтық жырларда, қисса-дастандарда, XV ғасырдан кейінгі қазақ ақын-жыраулар шығармаларында да бұл етістік кеңінен қолданылған.

Мәселен, «Таһир–Зүһра» қиссасында: «Көңіліне сол себептен тарлық қылды, Һәркашаннан бала үшін зарлық қылды», «Мақұлық не қылады патшаңызға», «Тәбитер не қылады дауасызға» [16, 163-б.], «Көрелік ықыласпен дұға қылса», «Бір пайда дәрігерден көрем де деп, Қисапсыз алтынымды қылдым сарып», «Дәруіш патшаға дұға қылды» [16, 165-б.], Рұм шаһар ұстасы бина қылған, Алтын-күміс тегістеп оған жиған» [16, 173-б.], «–Бір ой қылсам керек-дүр», «Тойын қылсам керек-дүр», «Ойын қылсам керек-

дүр» [16, 183-б.]; Ләйлі–Мәжнүнде: «Шал айтып сұраған соң қылды дайын. – Кім достық қылса, соған қылар қастық, Көп сөйлеп басқа сырын не қылайын» [16, 69-б.], Қалдырып мені жолдан әуре қылмай, «Ләйлі айтты: –Қайғы зағип қылса дағы», Күйінішпен көп хикаят қылған пайда», «Күйінішпен өте зағип қылған тәнін» [16, 131-б.], «Медресе бина қылып, мешіт салған» [16, 161-б.]; «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырында: «Бір тазшаға түгел жұрт қысым қылды, Алып келіп тамам жұрт аяқ ұсынды. Шырыш қылып берейін тамағыңа,». [17, 54-б.], «Баянды сұлу қылса, тәңірім қылған» [17, 120-б.] сияқты «қыл» етістігінің түрлі формалары қолданылған жолдар өте көп ұшырасады.

Абай тілінде оның өзіне дейінгі кезеңдердегі шығыстық дәстүрде жазылған шығармалардағы кейбір қолданыстардың кездесуі ақынның олармен жақсы таныс болуымен қатар, белгілі бір дәрежеде тілдегі сабақтастықты сақтағанынан да хабардар етсе керек. Мәселен, «Ләйлі–Мәжнүн» қиссасында: «Медресе бина қылып, мешіт салған» [16, 161-б.], «Таһир–Зүһра» қиссасында: «Рұм шаһар ұстасы бина қылған, алтын-күміс тегістеп оған жиған» [16, 165-б.] жолдар бар. Осы қиссалардағы «бина қылып» тіркесі Абайда да кездеседі. Араб тілінде «құрылыс жүргізу, ғимарат салу» мағынасын білдіретін «бина» сөзінің қатысуымен жасалған тіркес қиссаларда дәл сол түпнұсқа тілдегі мағынасында жұмсалған. Ал отыз сегізінші қара сөзіндегі «Яғни құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, хикметпенен кәмәлатты бір жолға салып жасады, сіздердің ісіңіз де бір жақсылық бина қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын» деген сөйлемдегі «бина қылып» тіркесі «жақсылық үйін, жақсылық ғимаратын тұрғызу» мағынасында қолданылған. Шығыс әдебиетін көп оқыған, одан нәр алған, халық ауыз әдебиетімен жақсы таныс Абай тілінде мұндай сәйкестіктің болуын кездейсоқтық дей алмасақ керек.

Қазіргі әдеби тіл тұрғысынан қарағанда «қыл» етістігінің қатысуы арқылы жасалған бірқатар тіркестер мүде қолданылмайтын, енді бірқатары өте сирек кездесетін көнерген тіркестер болғанымен олар Абайға дейінгі жырлар мен қисса, дастандарда кеңінен қолданыста болған. Олардың басым көпшілігінің мағыналары бүгінгі оқырманға, тіл тұтынушыларына түсінікті.

Ақын-жыраулар шығармаларында да «қыл» етістігі жиі қолданылады. Мысалы, Ақтамберді жырауда:

Кеуде бір жерді жол қылсам,
Шөлең бір жерді көл қылсам,

Құрап жанды көп жиып,
Өз алдына ел қылсам! [18, 62-б.].

Махамбетте: «Жауым таба қылар деп» [19, 24], Ерлікпенен алданып, Өзіме өзім қас қылдым. Бір қасық ішкен қара су, Жұмасына ас қылдым. [19, 43], «Құдай қылды, амал жоқ» [19, 84], «Қайрат қылар ер біз болсақ» [19, 96], «Бөріккен қойдай қылармын», «Жарлы қойдай қылармын», Орданды талқын қылып шабармын» [19, 97], «Қыларың болса, қылып қал» [19, 98], «Осындай бір қылсам деп едім» [19, 101], «Жақсылар маған қылар сый» [19, 119], Дулат Бабабайұлында: «Елің үшін еңбек қыл» [18, 201], Шөже Қаржаубайұлында: «Ел болысқа айтады екен дәріп қылып, келіп ем қайтарарға деп қарық қылып. Сондағы бар алғаным тоғыз қара, Орнымнан тұрғызбадың арық қылып» [18, 246], «Дулаттың құдай қылған құтпаны едің», «Жарқырап қарағанды жарық қылған», [18, 247]; Шортанбай Қанайұлында: «Ораза, намаз қылғаның» [18, 275], «Арқадан қылдым жайлауды», «Ысырап қылып малды төкпендер» [18, 283], «Шүкір де қылмай қайтейін» [18, 287], немесе «Дұға да қылсын ерлерге, Жасымнан қылдым мастықты, Жаныма қылдым қастықты» [18, 291].

Қорытынды

Сонымен, біз келтірілген мысалдардан «қыл» етістігінің Абайға дейінгі ақын-жыраулар шығармашылығында да белсенді қолданылғанын көре аламыз. Абай да осы сабақтастықты сақтаған.

Хронологиялық тұрғыдан келтірілген жоғарыдағы тілдік деректер «қыл» етістігінің сонау көне, орта ғасырларда ғана емес, одан бергі кезеңдерде де белсенді қолданылғанын растайды. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басына дейін «қыл» етістіктің қолданыс белсендігі төмендемегені байқалады. Оған бұл етістіктің Ыбырай, Абай, Шәкәрім шығармаларындағы қолданысы дәлел бола алды.

Абайдан бұрынғыларда ғана емес, бұл етістік оның замандастарының шығармаларында кеңінен қолданылған. Мәселен, Шәкәрім өлеңдерінен де «қыл» етістігін жиі ұшыратуға болады. Мысалы, ақын өлеңдерінде мынадай жолдар бар: «Матаудан ойды азат қыл», «Ақылға сынат, сабыр қыл», «Оны ойыңмен айуан қыл». Мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіруге болады.

«Кәрілік – шал деген бір, ат қылғандай,
Айнадай ақылыңды тат қылғандай.
Жеңілді ауыр, алысты жақын қылып,

Бір туысқан жақынды жат қылғандай.» деп басталатын мына бір ғана өлеңінде «қылып» көсемше формасы 1 рет, «қылғандай» деген есімше формасы етістік 7 рет қолданған [20, 167-168].

Қазіргі тілімізде «ет» көмекші етістігі күрделі және құранды етістіктер туғызуда өте өнімді әрі «қыл» етістігіне қарағанда әлдеқайда жиі қолданылады. Тілдік деректер XX ғасыр басынан бастап «ет» етістігінің белсенді қолданысқа көше бастағанын аңғартады. Мәселен, алаш кезеңінің ең көрнекті өкілі ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде сөз болып отырған «қыл» етістігіне қарағанда «ет» етістігі едәуір жиі қолданылады. Мысалы, «Қырық мысалдағы» осы екі етістіктің қолданысын салыстырар болсақ, Ахаң әйгілі мысалында «қыл» етістігін – 22 рет, ал «ет» етістігі – 83 рет қолданыпты [1, 21-82].

Сонымен қорыта айтқанда, «қыл» етістігі көне түркі дәуірінен бастап, орта ғасырларда, одан бергі XIX ғасыр аяғына дейінгі кезеңде де тілде белсенді қолданылған. Абай да осы дәстүрді жалғастырып, өз шығармашылығында «қыл» етістігін жиі қолданған. XX ғасырдың басынан бергі кезеңде онымен мағыналас «ет» көмекші етістігінің белсенділігі артып, «қыл» етістігі пассив қолданысқа көше бастаған. Қазіргі әдеби тілде «қыл» етістігінен гөрі «ет», «істе» және «жаса» етістіктері әлдеқайда жиі, белсенді қолданылатын болды. Мұны ұлт тілінің даму барысында болатын табиғи үдерістің нақты бір көрінісі деумен бірге, қазіргі әдеби тілдің өткен кезеңдерінен өзіндік ерекшеліктерін де көрсете алатын тілдік фактілердің қаратына қосуға болады.

Ал хакім Абайға келсек, ол бұл көмекші етістіктің өзіне дейінгі қолданысын сақтап, сабақтастырушы ғана емес. Ол «қыл» етістігін барынша жиі қолданумен бірге оны түрлі тұлғада түрлендіріп жұмсап, тіркесімдік қабілетін арттыру арқылы жаңа тіркестер туғызған, оның жұмсалым мүмкіндігін барынша кеңейткен шығармашыл, жасамапаз қаламгер. Әрине, «қыл» етістігі халық ауыз әдебиетінде, XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі ақын-жыраулар өлең-жырларында да аз ұшыраспайды. Ақын өлеңдері мен қара сөздерінде бұл етістіктің жиі ұшырасуының өзі сол сабақтастықтың, жалғастықтың көрінісі. Алайда соған қарамастан, «қыл» етістігін өз шығармашылығында дәл Абайдай жиі пайдаланған, оны Абайдай қырық құбылтып қолданған жеке қалам иесін табу қиын. Оған жоғарыдағы ақын шығармаларынан

алынған нақты мысалдар мен талданған тілдік деректер дәйекті дәлел бола алады. Ендеше, мұны ақынның сөз қолдану, сөз туғызу, сөз түрлендіру шеберлігі және бүгінгі әдеби тіл

нормалары тұрғысынан қарағандағы өз дәуіріне тән ерекшелігі, сонымен бірге жеке автордың өзіндік стильдік, авторлық сөз саптау өзгешелігі деп тануымызға әбден болады.

Әдебиеттер

- Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. I. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
 Абай тілі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 736 б.
 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет, 1945. – 506 б.
 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: Көптомдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 384 б.
 Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904). Монография. – 6-245 // Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 20. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496-б; Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
 Жұмалиев Х. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қазақ мемлекеттік оқу құралдар, 1948. – 208 б.
 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
 Мырзахметұлы М. Абай лұғаты. – Алматы: «Өнер – 21 ғасыр» қоғамдық қоры, 2014. – 136 б.
 Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы, 1966. – 156 б.
 Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 794 б.
 Tekin T. Orhon Yazıtları. – Ankara: TDK Yayınları, 2010. – 200 s.
 Ercilasun A.; Akkoyunlu Z. Dîvânu Lugâti't-Türk. – Ankara: TDK Yayınları, 2015. – 995 s.
 Ata A. Kısasü'l-Enbiyâ, I-II, – Ankara: TDK Yayınları, 1997. – 820 s.
 Karağaç G. Lutfî Divanı. – Ankara: TDK Yay., 1997. – 732 s.
 Ergin M. Dede Korkut Kitabı, I-II. TDK Yayınları. – Ankara, 2009. – 762 s.
 Бабалар сөзі. 19-том. – Астана: Фолиант, 2005. – 328 б.
 Қозы Көрпеш–Баян Сұлу. – Астана: Фолиант, 2002. – 696 б.
 Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. Құрастыр: М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. 1-том. – 384 б.
 Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 144 б.
 Шаһкәрім. Жол табалық ақылмен. Шығармаларының бір томдық жинағы. – Алматы, 2006. – 736 б.

References

- Abai tili sózdigi. Almaty: Gylym, 1968. 736 b. (in Kazakh)
 Abai (Ibrahim) Qunanbaev. Shygarmalarynyń tolyq jınaǵy. Almaty: Qazaqtyń birikken memleket baspasy, 1945. 506 b. (in Kazakh)
 Ahmetov Z. Abaıdyń aqyndyq álemi. Almaty: Ana til, 1995. 272 b. (in Kazakh)
 Ata A. Kısasü'l-Enbiyâ, I-II, Ankara: TDK Yayınları, 1997.
 Áýezov. M. Abai (Ibrahim) Qunanbaıuly (1845–1904). Monografıa. 6-245. Áýezov. M. Jıyırma tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. Almaty: Jazýshy, 1985. T. 20. 496-b; Abay Qunanbaev. Monografıalyq zertteıler men maqalalar. Almaty: Sanat, 1995. 320 b. (in Kazakh)
 Babalar sózi. 19-tom. Astana: Foliant, 2005. 328 b. (in Kazakh)
 Baitursynuly Ahmet. Alty tomdyq shygarmalar jınagy. Almaty: El-shejire, 2013. T. I. 384 b. (in Kazakh)
 Bes ǵasyr jyrıladı. 2 tomdyq. Qurastyr: M. Maǵaıym, M. Baidildaev. Almaty: Jazýshy, 1989. 1-tom. 384 b. (in Kazakh)
 Ercilasun A.; Akkoyunlu Z. Dîvânu Lugâti't-Türk. Ankara: TDK Yayınları, 2015.
 Ergin M. Dede Korkut Kitabı, I-II. TDK Yayınları, Ankara, 2009.
 Jumaliev H. Abayǵa deiingi qazaq poeziyası jáne Abai poeziyasynyń tili. Almaty: Qazaq memlekettik oqý quraldar baspasy, 1948. 208 b. (in Kazakh)
 Karağaç G. Lutfî Divanı. Ankara: TDK Yay., 1997.
 Mamanov Y. Qazirgi qazaq tili. Etistik. Almaty, 1966. 156 b. (in Kazakh)
 Mahambet. Ereıil atqa er salmai. Óleńder. Almaty: Jazýshy, 1989. 144 b. (in Kazakh)
 Myrzahmetuly M. Abai lúǵaty. Almaty: Óner – 21 ǵasyr qoǵamdyq qory, 2014. 136 b.
 Qazaq grammatikasy. Astana, 2002. 794 b. (in Kazakh)
 Syzdyqova R. Abay shyǵarmalarynyń tili. Leksikasy men grammatikasy: Kóptomdyq shyǵarmalar jınaǵy. 1-tom. Almaty: El-shejire, 2014. 384 b. (in Kazakh)
 Tekin T. Orhon Yazıtları. Ankara: TDK Yayınları, 2010.
 Qozy Kórpesh-Baian Sulý. Astana: Foliant, 2002. 696 b. (in Kazakh)
 Shahkárim. Jol tabalyq aqylmen. Shygarmalarynyń bir tomdyq jınaǵy. Almaty, 2006. 736 b. (in Kazakh)

Ж.К. Ибраева^{1*}, **Г.С. Нәбиева¹**, **У.П. Риверс²**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Тілдер жөніндегі біріккен ұлттық комитет – Тілдер және халықаралық зерттеулер бойынша ұлттық кеңес АҚШ, Вашингтон қ.

*e-mail: zhanar.kulmat@gmail.com

УЗУС ЖӘНЕ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ (қостілділер сөйлеуі мысалында)

Қазақстан қоғамында болып жатқан тілдік үдерістер лингвист, әлеуметтанушы, саясаттанушы, этнолог, педагог және психолог ғалымдардың назарын аудартуда. Бүгінгі таңда қазақ тілінің функционалды мәртебесінің және оған деген қатынастың өзгеруіне зерттеушілер ерекше көңіл бөлуде. Еліміздің мемлекеттік тілі мәртебесіне ие бола отырып, өткен жиырма жылдықта қазақ тілі саясат, іс жүргізу, ғылым және білім сияқты қарым-қатынастың негізгі салаларында маңызды рөл атқара бастады. Оның нәтижесінде, қостілділік жағдайындағы қазақ тілінің орны мен мәртебесі де өзгеріске ұшырады. Берілген мақала орыс-қазақ қостілділігін және оның билингвтердің сөйлеу әдебіне әсерін зерттеуге арналған. Мақалада билингвизм түрлері сипатталып, зерттеудің метатіліне баса назар аударылған. Билингвизм теориясына қатысты лексикографиялық дереккөздерге, отандық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстарына негізделіп келе, екі тілдің қалыптасуына, қолданылуына және билингвтің қалыптасуына жәрдемдесетін және/немесе кедергі келтіретін факторларды талқылай отырып, авторлар «бірінші тіл», «екінші тіл», «отбасылық тіл», «ана тілі» терминдеріне берілген түрлі анықтамаларды келтіреді. Мақалада қазақ тілі Т2 болып табылатын билингв қазақтардың тілі мен сөйлеуін зерттеу үшін жүргізілген арнайы тәжірибенің алдын ала нәтижелері және әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы тіркелген лексикалық, фонетикалық және грамматикалық деңгейдегі ұзуалды құбылыстардың талдауы көрсетілген.

Түйін сөздер: билингвизм, тілдік норма, узус, тілдік жағдаят, ана тілі, бірінші тіл, екінші тіл.

Zh. Ibrayeva^{1*}, G. Nabyeva¹, W.P. Rivers²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²National Committee for Languages – National Council for Language and International Studies, USA, Washington

*e-mail: zhanar.kulmat@gmail.com

The issues of language usage and language interference (on the examples of bilingual's speech)

The language processes taking place in Kazakhstani society continue to attract the attention of linguists, sociologists, political scientists, ethnologists, educators and psychologists. Today, researchers are focused on changing the functional status and value orientations in relation to the Kazakh language. Over the past twenty years, the Kazakh language, having become the state language of the country, began to occupy positions confidently that correspond to this status in regulated areas of communication (politics, paperwork, science, education, etc.). And as a result, a change in the place and role of the Kazakh language in bilingualism. This article is devoted to the study of Russian-Kazakh bilingualism and its influence on the speech behavior of bilinguals. This article presents an overview of the bilingualism classifications, special attention is paid to the metalanguage of the study. Based on a lexicographic sources' review, works of domestic and foreign researchers on bilingualism theory, the authors give an example of various interpretations of the terms "first language", "second language", "family language", "mother tongue (native language)", discussing factors that contribute to and / or impede the formation of two languages, the use of languages and their influence on the formation of bilingual. The article describes the preliminary results of experimental studies of the language and speech of Kazakh bilinguals with the Kazakh language as L2., the analysis of usage phenomena at the lexical, phonetic and grammatical levels, fixed with the help of various research methods and techniques was carried out.

Key words: bilingualism, linguistic norm, language usage, language situation, mother tongue (native language), first language, second language.

Ж.К. Ибраева^{1*}, Г.С. Нәбиева¹, У.П. Риверс²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Объединенный национальный комитет по языкам – Национальный совет по языкам
и международным исследованиям, США, г. Вашингтон

*e-mail: zhanar.kulmat@gmail.com

Вопросы узуса и интерференции (на примере речи билингвов)

Языковые процессы, происходящие в казахстанском обществе, продолжают привлекать внимание лингвистов, социологов, политологов, этнологов, педагогов и психологов. Сегодня в фокусе внимания исследователей – изменение функционального статуса и ценностных ориентаций в отношении казахского языка. За прошедшее двадцатилетие казахский язык, став государственным языком страны, стал уверенно занимать позиции, соответствующие данному статусу в регулируемых сферах общения (политике, делопроизводстве, науке, образовании, и др.). И как следствие – изменение места и роли казахского языка в условиях билингвизма. Настоящая статья посвящена исследованию русско-казахского двуязычия и его влияния на речевое поведение билингвов. Авторами представлен обзор классификаций билингвизма, особое внимание уделено метаязыку исследования. На основании обзора лексикографических источников, работ отечественных и зарубежных исследователей по теории билингвизма авторы приводят в пример различные трактовки терминов «первый язык», «второй язык», «семейный язык», «родной язык», обсуждая факторы, способствующие и/или препятствующие становлению двух языков, употреблению языков, и их влияния на формирование билингва. В статье описаны предварительные результаты экспериментальных исследований языка и речи казахов-билингвов с казахским языком как Я2., проведен анализ узуальных явлений на лексическом, фонетическом и грамматическом уровнях, зафиксированных с помощью различных методов и приемов исследования.

Ключевые слова: билингвизм, языковая норма, узус, языковая ситуация, родной язык, первый язык, второй язык.

Кіріспе

Әлем бойынша жүзеге асып жатқан жаһандану үдерісінің салдарынан жер бетіндегі тілдік қатынастар ерекше қарқынмен даму-да. Бұл өз кезегінде тіл білімінде қостілділік және көптілділік мәселелерінің белсенді түрде зерттелуіне алып келді. Қазақстандық ғалымдар еңбектерінде қостілділік әртүрлі тұрғыдан барынша зерттелген. Б. Хасанұлы қазақ және орыс тілдерінің қолданылу және қызмет ету салаларын зерттеп, мемлекеттік тіл және ұлттық тілдер қызметінің дамуы бойынша ұсыныстар жасады. Қазақ тілділер арасында орыс тілінің қолданылу ерекшеліктері М.М. Копыленко және С.Т. Саина жұмыстарында қарастырылған. Э.Д. Сүлейменова еңбектерінде контрастивті лингвистика тұрғысынан қостілділік мәселесі, қазақ және орыс тілдері дамуының негізгі үрдістері, тұлғаның екінші тілде өмір сүруі мен дамуының когнитивті, креативті және педагогикалық аспектілері, тілдік саясат және тілдік жағдаят мәселелері қарастырылған. М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, М.К. Исаев, М.Т. Тезекбаев, К.М. Байбулсинова сынды отандық ғалымдар интерференция мәселесіне көңіл бөлген. Билингв қазақтар сөйлеуіндегі код ауысты-

ру мәселесі Г.С. Суюнова еңбектерінде, ал қостілділіктің психолінгвистикалық негіздері, тілді таңдау және тілді қалау мәселелері Ж.К. Ибраева еңбектерінде көрініс тапқан. Қостілділік түсінігіне байланысты ғалымдар пікірі әрқилы. Белгілі ғалым Б.Х. Хасанұлы «Қостілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның(социумның) әртүрлі жағдайда екі тілді (әдетте ана тілі мен екінші тілді) алма-кезек немесе қатар қолдануы» деген анықтама бере отырып, «Егер адам, адамдар тобы, қоғам этникалық белгісіне қарай қанша алуан болса да, екі тілде сөйлессе (жазса, оқыса) ғана қостілді (билингв) болып саналады» деген қорытындыға келеді (Б. Хасанұлы, 2006: 86). Арнайы әдебиеттерде берілген анықтамаларға сүйенетін болсақ, қостілділік дегеніміз сөйлеушінің табиғи қарым-қатынас барысында жиі қолданатынын екі тілді меңгеруі болып табылады. Анықтамаларда сөйлеушінің тілдерді меңгеру дәрежесі туралы сөз болмайды: индивид бір тілді екінші тілге қарағанда төмен дәрежеде меңгеруі әбден мүмкін және сол тілді жақсы меңгерген тіліне қарағанда жиі қолдануы ықтимал (Е.Ю. Протасова, Н.М. Родина, 2005: 8).

Бүгінгі еліміздегі тілдік жағдай көптілді және экзоглосты деп қарастырылады. Қазақстан аумағында өмір сүретін барлық этностардың ұлттық тілдері бар екендігі мәлім. Дегенмен, елдегі қарым-қатынастың негізгі құралы ретінде қазақ және орыс тілдері сипатталады. Көстілділік бұл республикадағы ең маңызды тілдік көрсеткіш болып табылады. Қазақстан тілші ғалымдарының аса назар аударатын мәселелерінің бірі қазақ-орыс және орыс-қазақ көстілділіктері. Қазақ-орыс көстілділігін орыстандыру саясатымен байланысты Қазақстан және Ресей қазақтарына тән кең өріс тапқан тілдік құбылыс деп анықтайды. Орыс-қазақ көстілділігі, керісінше, қазақ тілінің жаппай меңгерілуімен байланысты құбылыс.

Тарихи, әлеуметтік және саяси факторларға байланысты қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне 1989 жылғы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінде ғана қол жеткізілді. Бұл мәселе 1995 жылғы Ата Заңда конституциялық шешімін тапты. 1997 жылғы «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңда қазақ және орыс тілдерінің негізгі құқықтық мәртебелері мен қағидалары одан әрі дамытылды. Осы маңызды құжатты жүзеге асыру мақсатында алдағы басым бағыттар мен міндеттер де айқындалды. Аз уақытта қазақ тілі белсенді түрде қоғам өмірінің көптеген салаларына ене бастады. Мұның барлығы қазақ тілінің дамуына игі ықпал жасады (Б. Әбдіжәлелұлы, 2016: <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=40250>). Тәуелсіздік жылдарынан кейін қазақ тілінің мемлекеттік дәрежеде қызмет етуі еліміздегі бұқаралық билингвизмнің таралуына алып келді. Себебі, орыс тілін әкімшілік салада қолдану ақырындап екінші орынға ығыса бастады. Іс қағаздар жүргізу, білім беру және БАҚ саласында қазақ тілі мәртебесі жоғары жылдамдықпен көтеріле бастады.

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебенің берілуі елдегі тілдік жағдаяттың өзгеруіне септігін тигізді – нағыз көстілділіктің орын алуы, әлеуметтік маңызы бар салаларда қазақ тілі мәртебесінің артуы. Зерттеушілер республикадағы тілдік жағдаяттағы оң үрдістердің орын алғанын атап көрсетті: орыс тілділердің мемлекеттік тілді меңгеруінде үлкен серпілістің орын алуы; ресми, іскерлік, тұрмыстық салаларда көстілділіктің жаңа түрі – орыс-қазақ көстілділігінің пайда болуы (З.К. Ахметжанова, 2001: 27).

Көптілділік көбінесе көстілділік түрінде жүзеге асатыны белгілі. Іс жүзінде көптілді мемлекетте функционалдық және демографиялық тұрғыда екі қуатты тілдің үстемдік етуіне

көптеген мысалдар келтіруге болады (Португалия, Бельгия, Испания, Финляндия, ТМД елдері – Белоруссия, Қырғызстан, Ресей және т.б.). Жоғарыда аталған фактілер қазақ және орыс тілдері үстемдікке ие Қазақстандағы тілдік жағдаяттың ерекшелігін анық көрсетеді (де-юре және де-факто).

Егеменді елдің қалыптасу жолындағы орыс-қазақ көстілділігінің пайда болу мәселелерін зерттеу ана тілі немесе бірінші тілі орыс тілі болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеруін жан-жақты, әртүрлі тұрғыдан зерттеумен байланыстырылады. Осы орайда қазақ тілі Т2 болып табылатын көстілді қазақ ұлтының өкілдері сөйлеу ерекшеліктерін әлеуметтік лингвистикалық және психолінгвистикалық тұрғыда зерттеу аса өзекті.

Көстілділік мәселесі туралы сөз қозғалғанда, алдымен, бірінші тіл, екінші тіл және ана тілі терминдеріне анықтама беріп өткен жөн деп санаймыз. Себебі, берілген терминдерді ғалымдар әртүрлі анықтайды. Зерттеу жұмысында бірінші тіл және екінші тіл терминдері жеке индивидтің тілді меңгеру ерекшеліктерін сипаттау үшін жұмсалып отырған ұғымдар. Ана тілі – 1. Ересектердің тіліне еліктей отырып, баланың сәби шақта саналы емес түрде меңгерген тілі; адамның есейген шағында пайдалану дағдылары сақталуы немесе жоғалуы мүмкін. Ана тілі бірінші тіл, екінші тіл, басым тіл бола алады. 2. Кез келген халықтың Тілдік санасында маңызды орын алатын, «өзімдікі» және «бөгде» деген ұғымдарды ажырататын менталды Стереотиптердің іс әрекетіне байланысты, этноспен сәйкестілік тілі. Б.Х. Хасановтың көзқарастары бойынша, ана тілі – этникалық категория: әлемдегі басқа тілдердің қай-қайсынан да өзінің ішкі құрылымы арқылы айрықшаланатын, тарихи тұрғыдан сандық көлеміне қарамастан нақты бір этносқа (тайпаға, ұлысқа, халыққа, ұлтқа) тиесілі, осы этностың этникалық сана-сезімінде бекітілген, этникалық қажеттіліктері толық қанағттандыру үшін өмірдің барлық салаларында (кем дегенде отбасылық, тұрмыстық қарым-қатынастарда) қолданылатын, тұрғылықты мекеніне, жынысына, жас мөлшеріне, діни ұстанымына, наным-сеніміне, кәсібі мен қызмет түріне, әлеуметтік және әл-ауқат жағдайына қарамастан этностың барлық мүшелері үшін ортақ құрал болып табылатын, кез келген табиғи тіл (Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Ж.С. Смағұлова, Д.Х. Ақанова, 2008: 21).

Шетелдік әдебиеттерде ана тілі терминімен бір мәнде «first language», «dominant language», «home language», «native tongue», «mother/father/parent tongue», «arterial language» терминдері қолданылады. Қостілділік жағдайында ана тілі бірінші тіл болуы мүмкін. Жеке тұлғаның ана тілі оның этностық тілімен сәйкес келмейтін жағдайлар да аз емес. Мәселен, этностық қазақтардың арасында ана тілі және бірінші тілі қызметін орыс тілінің атқаруы да жиі кездесетін жайт. Зерттеудің негізгі нысаны билингвтердің бірінші және екінші тілі, олардың бір-біріне әсер етуі болып табылады. Бірінші тіл – 1. Қостілді адамның тілдерді дербес (онтогенетикалық) тұрғыдан меңгерген мерзімі бойынша бірінші тіл. 2. Функционалдық тұрғыдан бастапқы (артықшылық берілетін) үстем тіл. Ал, қостілді адамның адамның бала кезінде, өзбетінше дербес түрде үйренген тілдерінің екіншісі; реті қарай бірінші тілден кейін меңгерілген тіл – екінші тіл. Екінші тіл ана тіліне сәйкес түспеуі де мүмкін. (Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Ж.С. Смағұлова, Д.Х. Ақанова, 2008: 94). Кэмбридж сөздігінде де бірінші тіл терминіне екі түрлі анықтама берілген – тұлғаның мерзімі бойынша алғаш меңгерген тілі және баланың өсу барысында ата-анасынан үйренген тілі. Бірінші тіл (T1) және екінші тіл (T2) арасындағы маңызды айырмашылық тілді меңгерген адамның жас ерекшелігіне байланысты. Мысалы, лингвист Эрик Леннеберг екінші тіл терминін адамның кәмелетке толғаннан кейін саналы түрде меңгерген тілін сипаттау үшін қолданады. Көп жағдайда адамдар екінші тілде ана тіліндегі сияқты жылдам түсініп, сөйлей алу дәрежесіне жете алмайды (Billiet J, Maddens B., Beerten R., 2003: 257)

Тәжірибе

Мемлекеттік тілді жаппай меңгеруге бағытталған тілдік саясат әсер еткен әлеуметтік топтың бірі 40 жастан асқан билингв, яғни қостілді қазақ этносының өкілдері. Билингв деп дербес екі тілді қатар меңгерген тұлғаларды атасақ, біздің жағдайымызда қазақ және орыс тілдерін қатар меңгерген қазақ ұлтының өкілдерін билингв қазақтар деп беріп отырмыз.

Берілген мақалада Алматы қаласы бойынша қазақ тілі T2 болып табылатын педагогикалық салада қызмет ететін қостілді қазақтар арасында жүргізілген бақылау нәтижелері көрсетіледі. Педагогтар халықтың әлеуметтік тұрғыда белсенді тобы болып саналады. Олар мемлекеттік саясат-

ты жүзеге асырудағы негізгі субъектілер. Респондент ретінде ЖОО оқытушыларының таңдалуы білім берудің барлық деңгейлерінде оқытудың қазақ тілінде жүргізілуімен, қазақ тілінің пән ретінде барлық мамандықтарда оқытылуымен және педагог қызметкерлердің қазақ тілін меңгеру дәрежесінің барлық салада қазақ тілінің мәртебесінің артуына, қазақ тілінің өміршеңдігі мен қолданылу аясының кеңеюіне әсер етуімен және педагогтардың мақсатты түрде қазақ тілін үйрене бастауымен байланысты түсіндіріледі.

Респонденттердің жас ерекшеліктеріне байланысты +40 жас деп таңдалуының да себептері бар. Қазақ тілі өзінің мемлекеттік мәртебесіне шамамен өткен ғасырдың соңғы онжылдығында ие бола бастады. Бүгінгі 40 жастан жоғары қазақстандықтар ол кездері 10 жастан асқан азаматтар. 10 жасында кез келген адам қандай да бір тілді меңгеріп, тілдік жүйенің барлық қабаттары қалыптасып үлгереді. Респондент ретінде таңдалып отырған бүгінгі қостілді қазақтар ол кездері орыс тілін ғана меңгерген. Мектепте, ЖОО-да орыс тілінде білім алған. Қазақ тілі T2 болып табылатын қостілді қазақтардың өзі отбасы мүшелерінің қазақ тілін меңгеруіне қарай ажыратылады. Себебі, кейбіреулерінің отбасында байырғы аталары қазақ тілін меңгерген болуы мүмкін. Орыс тілі тек 4 және 5 ұрпақтан бастап қана қолданылған болуы ықтимал. Ал, екінші бір респонденттердің отбасылары әуел бастан тек орыс тілінде сөйлеген. Бұл екеуінің арасында міндетті түрде айырмашылық болады. Өйткені, отбасында қазақ тілін мүлде естімеген тұлға мен фондық түрде болсын қазақша сөйлеуді естіп өткен орыс тілді тұлғаның қазақша сөйлеуі бір-бірінен ерекшеленеді.

Тілді білу – адам бойындағы қабілет. Тілдерді оқып, үйреніп жүрген тұлға көптеген мүмкіндікке ие. Кез келген тілді үстіртін ғана меңгерген адам, экономикалық тілмен айтқанда, ол тілден «пайда көрмейді». Әртүрлі тілде сөйлейтін ата-аналар балаға әркім өз байлығы мен жетістігін сыйға тартады, ол – ана тілі. Егер, ата-аналар осы екі тілдің бала өмірінде толыққанды және тең дәрежеде қолданылуына жәрдем етсе, баласының болашағын қамтамасыз етеді. Ана тілі арқылы баланың тұлға болып қалыптасуының негізі қаланады. Ол үшін оған алғаш күннен бастап нәрестенің жанында болып, оны тәрбиелетін жақын адамдарының рөлі маңызды. Тілдерді қолдамаса, оларды жоғалтып алуға болады: тілдер үнемі қатынаста болып, дамып, жетіліп отыруы тиіс. Тілді қолданудағы үзілістер тілдің «тот басуына» алып келеді. Де-

генмен, адам он жасына дейін қолданған тілді ұзақ жылғы «ұйқыдан» кейін де оятуға болатынын зерттеулер көрсетіп отыр (Е.Ю. Протасова, Н.М. Родина, 2005: 5).

